Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 35 (1194)

06.09.2024

alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

ЖОЛДАУ-2024

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: ЗАҢ МЕН ТӘРТІП, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ, ҚОҒАМДЫҚ ОПТИМИЗМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ Қазақстан халқына ЖОЛДАУЫ

Құрметті депутаттар!

Баршаңызды кезекті сессияның ашылуымен құттықтаймын! Ел игілігі үшін жасап жатқан қызметтеріңізге табыс тілеймін.

Өткен сессияда жемісті жұмыс жүргізілді. Атап айтқанда, Парламенттің екінші сессиясында 102 заң қабылданды. Оның ішінде қоғамдық бақылауға, адам саудасына қарсы күреске қатысты заңдар бар. Сондай-ақ, ғылым және технология саясатын, жылу энергетикасын, басқа да мәселелерді реттейтін заңдар күшіне енді.

Әлеуметтік салаға, әсіресе, балаларды қорғау ісіне айрықша көңіл бөлінді. Ұлттық қордан балалардың есепшотына қаржы аударуға қатысты заң қабылданды. Балаларды құмар ойынға тартқандар әкімшілік заң бойынша жазаға тартылатын болды. Кәмелетке толмаған балаларға зорлық-зомбылық көрсеткені үшін берілетін жаза қатаңдады. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, әйелдер мен балаларға қатысты қылмыстың алдын алуға арналған заң қабылданды.

Қазір көптеген азаматтың мойнында бірнеше несие бар екені жасырын емес. Бұл – өте өзекті мәселе, қоғамдық қатер десек те болады. Сондықтан осы бағытта арнайы заңдар қабылданды.

Халықтың әл-ауқатын жақсартуға септігі тиетін басқа да көптеген шара қолға алынды. Сіздер бұл жұмыспен тікелей айналысып, халықпен әрдайым тығыз байланыста болдыңыздар.

Мұның бәрі «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын орнықтыруға ықпал ететіні сөзсіз.

Табанды еңбектеріңіз үшін баршаңызға ризашылығымды білдіремін. Дегенмен арқаны кеңге салуға болмайды. Әлі де атқаратын шаруа көп.

Қазақстан халқы қазір мүлде жаңа саяси жағдайда өмір сүруде. Соңғы 5 жылда ауқымды реформалар жасалды. Еліміздің саяси жүйесі түбегейлі өзгерді. Жұрттың санасезімінде бетбұрыс болып жатыр. Халықтың құқықтық мәдениеті артып келеді.

Азаматтардың бойында жаңа әдеттер, дағдылар қалыптасып, жаңа құндылықтар орнығуда. Саяси және қоғамдық болмысымыз, менталитетіміз және мәдени кодымыз өзгере бастады.

Бір сөзбен айтсақ, Әділетті Қазақстан құрылып жатыр. Мұның бәрі, ең алдымен, халықтың қалауымен жасалуда. Сондықтан біз алған бетімізден қайтпаймыз, бағытымыздан таймаймыз. Бүгін біз алға қойған жоспарымызды пысықтап, мақсаттарымызды айқындаймыз.

Қазір жер жүзінде геосаяси текетірестер белең алып тұр. Соған қарамастан Қазақстан бейбіт әрі эволюциялық жолмен дамып келе жатыр.

Біз дамудың жаңа бағдарын белгіледік. Экономиканы әртараптандыру ісіне тың серпін бердік. Инфляция баяулады, яғни былтырғы ең жоғарғы деңгейден 2,5 есе төмендеді. Еліміздің халықаралық резерві 100 миллиард доллардан асты. Өңдеу өнеркәсібі тау-кен саласымен салыстырғанда жылдам өсіп жатыр.

Біз осы қарқынды жоғалтпауымыз керек. Бұған дейін жасалған қолайлы жағдайды тиімді пайдаланып, жаңа инвестициялық кезеңді бастауымыз қажет.

Үкімет және әкімдер экономиканың құрылымын өзгертуге баса назар аударуға тиіс.

Еліміздің тұрақты дамуына мүмкіндік беретін жаңа тетіктерді қарастырған жөн. Басты мақсат – азаматтардың табысын арттыру. Жұмысты дұрыс үйлестіре білсек, бұл – қолдан келетін шаруа.

Экономика өскен сайын әлеуметтік теңсіздік азайып, орта тап күшейе түсуі керек. Сонда ғана біз еліміздің әлеуетін күшейте аламыз. Ол үшін кез келген істің басты өлшемі тиімділік болуға тиіс. Яғни әрбір шешім, әрбір жоба ең алдымен елге пайдалы болуы қажет.

Енді алдағы жұмыстың нақты бағыттарына тоқталайын.

БІРІНШІ. Ақша-несие саясаты мен фискалды саясаттың арасындағы үйлесімсіздікті жою қажет.

Қазір нақты секторға несие әлі де ойдағыдай берілмей жатқанын ашық айтуымыз керек. Шағын және орта бизнесті жеткілікті қаржыландыру мәселесі де шешімін тапқан жоқ. Бұл жағдай еліміздегі іскерлік ортаның белсенділігіне, экономиканың тұрақтылығына және дәйекті дамуына кедергі келтіріп отыр. Үкімет пен Ұлттық Банк бірлесіп, осыған қатысты оңтайлы шешімдер ойластыруы керек. Банктердің экономикаға көбірек қаржы құюына жағдай жасау қажет.

Халықаралық сарапшылар қазақ банктерін ресурсқа бай елдер ішіндегі ең көп пайда табатын банктер санатына қосады. Сондықтан осы саладағы салық мөлшері әділ белгіленуге тиіс. Банктердің акционерлері дивидендіне сәйкес салық төлеуі керек. Банктерге мемлекет көрсеткен көмек тұрғысынан қарасақ, бұл – өте орынды ұстаным.

Цифрлық активтердің айналымын қамтамасыз ету және банк саласына инновацияларды қауіпсіздік талабына сәйкес енгізу үшін оны реттейтін тетіктердің тұрақты болуы маңызды.

Бізге Банктер туралы жаңа заң қажет. Бұл құжатта экономикалық белсенділікті қолдау және финтех саласын қарқынды дамыту сияқты өзекті мәселелер шешімін табуы керек. Қазір қолданып жүрген заң шамамен 30 жыл бұрын қабылданған. Ол кезде заман да мүлде басқа болды.

Ашығын айтуымыз керек, бізде республикалық бюджеттің кіріс бөлігі орындалмай жатыр. Бұл – бұрынғы және қазіргі Үкімет жұмысындағы үлкен олқылық. Мұндай жағдай жиі қайталанса, түптеп келгенде, еліміздің даму ын тежейді. Сондықтан оған жол бермеу қажет. Бюджет қаржысын тиімді пайдаланып, оның шығыс бөлігін шектеп, қатаң бақылауда ұстаған жөн. Үкімет Ұлттық Банкпен бірлесіп, осы мәселеге қатысты нақты шаралар қабылдауға тиіс.

Мемлекет қаржысының тұрақтылығын қамтамасыз етудің бірден бір жолы – көрпеге қарай көсілу. Сондықтан бюджет қаражатын стратегиялық маңызы жоқ, аса шұғыл емес шаруаларға оңды-солды шашуды доғару керек.

Бюджетаралық қарым-қатынасты да ретке келтіру қажет. Шағын және орта бизнестен түсетін салықты аймақтардың өзінде қалдыру дұрыс әрі уақтылы қабылданған шешім болды. Бұл қадам кәсіпкерліктің дамуына едәуір серпін берді. Сонымен қатар, әкімдердің дербестігін арттырды. Алайда, кейбір әкімдер қосымша кіріс көзіне ие болған соң оны елге пайдасыз іске шашып, тиімсіз жұмсайтын болды. Аса маңызды емес міндеттер мен жобаларға қаржы бөле бастады.

Үкімет бюджет тапшылығының орнын толтыратын қаржы көзін табу үшін тиімді компенсациялық тәсілдер ойластыруы қажет.

Енді Ұлттық қордың рөліне жеке тоқталайын. Қордың қаражатын, ең алдымен, мемлекет мүддесі үшін, яғни еліміздің стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру үшін пайдалану қажет. Ұлттық қор шетелдік қаржы институттарына қызмет етпеуі керек. Ұлттық қор – ұзақ мерзімге арналған макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ететін аса маңызды құрал. Сондықтан оны тиімді басқару қажет.

Экономиканы қарқынды дамыту үшін тек мемлекет қаржысына сүйену жеткіліксіз екені анық. Жеке инвестициялар тарту арқылы іскерлік белсенділіктің артуына қолайлы жағдай жасаған жөн.

Ол үшін, ең алдымен, салық саясаты тұрақты болуға тиіс. Сонда бизнес те сапалы дамуға ынталы болады және жауапкершілікпен жұмыс істейді.

Жаңа салық кодексі қазіргі жүйені қайта жаңғыртуға арналған. Бұл құжат салықтық әкімшілендіру ісінің салық төлеушілерге деген сенімге негізделген мүлде жаңа жүйесін қалыптастыруға тиіс. Кодекстің ережелерін әркім әрқалай қабылдамауы үшін оны жеңілдетіп, экономикалық тұрғыдан белсенді азаматтың бәріне бірдей түсінікті ету өте маңызды.

Салық режимдерін кәсіпкерлерге жасалған қолайлы жағдайдың нашарлап кетпеуін ескере отырып, оңтайландырған жөн. Бөлшек салықтың енгізілуін мысал ретінде айтуға болады. Осы нормаға сенім артқан кәсіпкерлер қызметін ашық жүргізе бастады, кәсіптерін бөлшектеуді азайтты.

Алайда, бұл режим негізінен халықпен тікелей жұмыс істейтін кәсіпкерлерге қатысты болуға тиіс.

Тұтынушыларға арналған қызметтер мен сауда-саттықтың мүмкіндіктері толық пайдаланылса, экономиканы дамыту, салық түсімдерін арттыру және халықты жұмыспен қамту шаралары тезірек нәтиже береді.

Фискалды реформа табысты болсын десек, салықтық әкімшілендіру ісін жаппай цифрландыру керек. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты сын-қатерлерді барынша азайтып, салық саласындағы үдерістердің ашық болуын қамтамасыз ету үшін оны тезірек электронды форматқа көшірген абзал.

Бүкіл салық саясатын жиі өзгеріп жатқан фискалды ахуалға бейімдеу керек, соның ішінде салық мөлшерлемесін де қайта қараған жөн.

Жеке табыс салығының мөлшерлемесін азаматтардың кірісіне қарай дифференциялау қажеттігі туындап отыр.

Салықтық әкімшілендіру ісінде жазалау тәсілінен де бас тартқан абзал. Мәжбүрлеу шараларын қолданбай-ақ, хабарлама жіберу арқылы өндірілетін салық берешегінің жоғарғы шегін көтеруге болады деп ойлаймын. Ал салық берешегі осы шектен асып кетсе, қарыз сомасы аясында ғана шектеу қойылуға тиіс. Яғни борышкердің банктегі есепшоты толық бұғатталмайды. Берешек сомасы тым көп болған жағдайда кепілге мүлік қоюды талап етпей, қарызды бөліп төлеуге мүмкіндік берген жөн.

Жоспарға сай тексеру тәсілінен біржола бас тартуға тырысу керек. Ол үшін қатерлердің алдын алу жүйесін жетілдіру қажет.

Салық жеңілдіктерінің тиімділігін арттыру өзекті мәселеге айналды. Кәсіпкерлер өздері пайдаланатын салық жеңілдіктері бойынша есеп беруге тиіс. Бизнесті дамытуға нақты септігі тиетін жеңілдіктерді ғана қалдырған абзал. Мысалы, өндірісті өркендетеміз деген инвесторларға артықшылық беруге болады. Яғни құрылыс салуға, активтерді сатып алуға, жаңғыртуға және қайта құруға бір реттік салық жеңілдігін берген жөн. Терең өңделген өнімді экспортқа шығаратын кәсіпкерлерге жеңілдіктер беру маңызды. Олар өзге бизнеске қарағанда көбірек қолдауға ие болуы керек.

Үкімет пен Парламентке жаңа Салық кодексінің жобасына қатысты жан-жақты талқылау жүргізуді тапсырамын.

Қиын болса да, дұрыс шешім қабылдау қажет. Бұл жерде асығыстыққа жол беруге болмайды. Жаңа Салық кодексін сапалы әзірлеу үшін оны қабылдау мерзімін келесі жылға ауыстыруға болады деп санаймын.

Көлеңкелі экономика үлесінің жоғары деңгейде қалуы қаржы саласындағы ахуалды ушықтырып тұр. Оны айтарлықтай төмендету үшін мұқият ойластырылған жан-жақты шаралар қабылдаған жөн. Атап айтқанда, шекарадағы кеден бекеттеріне қатысты бар-лық жұмысты тез арада аяқтау қажет.

Жалғасы 2-бетте

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: ЗАҢ МЕН ТӘРТІП, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ, ҚОҒАМДЫҚ ОПТИМИЗМ

Жалғасы . Басы 1-бетте

Сондай-ақ, сыртқы сауда операцияларынан түсетін кірістің басқа елдерге заңсыз өтіп кетуіне жол бермеу керек.

ЕКІНШІ. Инвестициялық ахуалды және бизнес жүргізуге қажетті жағдайды жақсарту жолында үздіксіз жұмыс істеу маңызды.

Дүниежүзінде инвестицияға талас өршіп тұрған кезде елге қаржы тарту үшін «дәл осы жерде және дәл қазір» қағидасы бойынша шешім қабылдау – ең қажет шара. Сондықтан Үкімет жанындағы Инвестиция штабына ауқымды құзырет берілді. Бұл қадам металды терең өңдеу, мұнай-газ-көмір химиясы, туризм, энергетика және машина жасау сияқты маңызды салалардағы жобаларды жүзеге асыру қарқынын арттыруға жол ашты.

Экономикаға салынған тікелей инвестиция көлемін азайтып алмау үшін осы бағыттағы жұмысты күшейту керек. Кейбір әкімдер мен министрлер инвестор тарту ісіне жөнді атсалыспай отырғанын атап өткім келеді. Үкімет бұл шаруаны ретке келтіруге тиіс.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы іске асырылатын жобаларды сапалы әзірлеу қажет. Әсіресе, халықаралық қаржы институттары қатысатын жобаларға баса назар аудару керек. Үкіметке халықаралық қаржы ұйымдары мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тәсілімен қаржыландырып, толық жүзеге асыратын ауқымды жобалардың тізімін жасауды тапсырамын.

Мен биыл мамыр айында «Экономиканы ырықтандыру шаралары туралы» Жарлыққа қол қойдым. Бұл құжатта көрсетілген талаптар мүлтіксіз орындалуға тиіс.

Мемлекеттің экономикадағы тікелей үлесі әлі де жоғары деңгейде қалып отыр. Мұндай ахуал нарықтағы теңдік шарттарын бұзады, жеке бастамаларға тосқауыл болады.

Елімізде мемлекеттік кәсіпорындарды басқару саясаты әлі де тиімсіз екенін мойындаған жөн. Олардың мақсат-міндетін, қызмет аясын, қаржыландыру тәсілдерін және жұмысының басқа да тұстарын тиісті заңдармен реттеу қажет. Сонымен бірге, холдингтер мен Үкіметтің арасындағы қаржы мәселелеріне қатысты ұстаным тұрақты әрі жүйелі болуға тиіс.

Мен 2022 жылғы Жолдауымда бәрін басынан бастап реттеуді тапсырған едім. Реформаның бірінші кезеңінің өзінде орынсыз әрі қажетсіз 10 мыңнан астам талаптың күші жойылды. Оның бәрі кезінде кәсіпкерлерге кедергі келтірген еді.

Бас прокуратура ірі инвестициялық жо-баларды жүзеге асыруға қолдау көрсете бастады. Инвесторларға «жасыл дәліз» қағидасы бойынша жеңілдіктер берілді. Экономикалық қылмыстардың біразы қылмыс деп танылмайтын болды.

Алайда, кәсіпкерлерден мемлекеттік органдардың шектен тыс қадағалап, бақылайтыны туралы шағымдар әлі де түсіп жатыр. Үкімет Бас прокуратурамен бірлесіп, инвестициялық ахуалға әсерін тигізетін жағымсыз үрдістерді жоюы керек.

Былтыр бизнес өкілдерімен өткен кездесуде бұл мәселе бойынша мен нақты ұстанымды айттым. Біз кәсіп иелерімен өзара келісімге келдік, яғни «капиталды заңдастыру» үшін міндетті түрде Қазақстан экономикасына қаржы салу қажет болады.

Ең бастысы, салынған қаржы ел игілігіне жарауы керек. Бұл талапты нормативтік тұрғыдан бекітіп алу қажет.

Тиісті реестрге енгізілген кәсіпкерлермен келісім жасаған кезде мемлекетке қайтарылатын активтерді «заңсыз» деп танымау туралы норманы бекітуге болады. Бұл – шын мәнінде, ірі кәсіп иелерінің мүддесіне сай келетін маңызды қадам. Бірақ кәсіпкерлер де қаржыны республикалық бюджетке аудару мәселесіне келгенде Үкіметпен және Бас Прокуратурамен тығыз байланыста жұмыс істеуге тиіс. Бұл – әр теңге үшін саудаласпай, қажетті шараның бәрін өз еркімен жасау керек деген сөз. Олар осы елдің азаматы ретінде мектеп, аурухана, стадион, музей және басқа да әлеуметтік-мәдени нысандар салуға қомақты қаржы бөлуге міндетті. Мұндай кәсіпкерлердің есімі жомарт жандардың «алтын тізіміне» жазылады. Ал одан бас тартқан немесе сөзбұйдаға салған кәсіпкерлерге қатысты әңгіме басқаша болады.

2029 жылға қарай орта бизнестің ел экономикасындағы үлесі 15 пайызға жетуі керек. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған маңызды міндет. Қазір бұл көрсеткіш – 7 пайыз шамасында. Жыл басында мен орта бизнесті қолдау үшін нақты шешімдер қабылдау жөнінде тапсырма бердім. Яғни жан-жақты шаралар қолға алынуы керек еді. Алайда, іс жүзінде әлі дайын емес.

Әр кәсіпкер қолдаудың қандай түрі бар екенін және оған қалай қол жеткізе алатынын еш қиындықсыз біліп отыруы қажет. Сонда шағын бизнес орта бизнес санатына өтуге мүдделі болады. Бізде қазір қолдау шараларының 100-ден астам түрі бар. Бұдан білікті маманның өзі шатасуы мүмкін. Сондықтан мемлекеттік қолдау шараларының қаншалықты тиімді екенін мұқият тексеріп шығу керек.

Ұсынылатын жеңілдіктердің бизнес өкілдеріне түсінікті бірыңғай тізімін әзірлеу қажет. Шағын және орта бизнесті дамыту үшін финтех тәсілдерін пайдалануға болады, бұл мәселе бойынша тиісті ұсыныстар бар.

Агроөнеркәсіп кешеніне инвестиция тарту – өте маңызды міндет. Тасқын судан болған қиыншылықтарға қарамастан диқандарымыз егін егу жұмысын дер кезінде аяқтады. Оларға зор ризашылығымды білдіремін.

Биыл егіс науқанына екі есе көп қаражат бөлінді. Алайда, агроөнеркәсіпке бөлінетін бүкіл ақшаның 70 пайызы – мемлекет қаржысы. Бұл салаға коммерциялық банктердің қаражатын да тарту қажет. Диқандарға өсімі аз несие беру үшін мемлекеттік қаржы институттарын субсидиялау шаралары қолға алынды. Банктерге қатысты осындай тәжірибені қолдану керек.

Мұның бәрі шаруаларды айналымға қажетті қаражатпен шұғыл қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлық қатерін азайтуға және несие алуды оңтайландыруға жол ашады.

Агроөнеркәсіп кешенін тікелей субсидиялау тәсілінен арзан несие беру тәсіліне біртіндеп көшу – аса маңызды міндет.

Бөлінген қаражаттың бәрі тиімді жұмсалуға тиіс. Алайда, шындыққа жанаспайтын ақпарат беру, басқаша айтқанда, мәліметтерді бұрмалау ауыл шаруашылығындағы шынайы ахуалды бағалауға кедергі келтіріп отыр.

Арнайы комиссия 2 миллион ірі қара және 3 миллионнан астам уақ мал санда бар, санатта жоқ екенін анықтады. Егін шаруашылығы саласында да осындай жайттар бар екені белгілі болды. Шын мәнінде, мұның бәрі – мемлекеттен субсидия алу үшін жасалған көзбояушылық. Ондай қылмыстық әрекеттерге тосқауыл қою қажет. Ал мұндай іспен айналысқан адамдарды жауапкершілікке тарту керек.

Жер – ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тартудың басты кепілі.

Жер телімдерін қайтару жөніндегі арнайы комиссия әкімдіктердің ауыл шаруашылығы алқаптарын конкурс өткізбей-ақ беру туралы екі мыңнан астам заңсыз шешім қабылдағанын анықтады. Бұл мәселе қатысты екіұшты ұстаным болмауы қажет.

Заңсыз алынып, пайдаланылмай жатқан жер оңтайландырылған рәсім бойынша мемлекетке қайтарылуға тиіс. Ал жерді пайдаланушы оған инвестиция салып, адал еңбек етіп жатса, жұмысқа бөгет жасамау керек. Сондай-ақ, оның ауылды көркейтіп, тұрғындарға тұрақты жұмыс беріп отырғанын да ескерген жөн.

Көптеген меншік иесі өздері пайдасын көріп отырған жерден мыңдаған шақырым алыста тұрады, ондағы ауыл тұрғындарына қамқорлық жасау ойына кіріп те шықпайды. Бізге мұндай жер иелерінің қажеті жоқ. Үкімет пен Бас прокуратура оларға қатысты мәселені мықтап қолға алуға тиіс.

Азаматтар, әсіресе, ауыл тұрғындары заңды түрде табысты жұмыс істеп, болашағының қамын өзі ойлауы керек. Оларды осыған ынталандыру – мемлекеттің басты міндетінің бірі.

Былтыр «Ауыл аманаты» жобасы басталды. Жалпы нәтижесі жаман емес. Енді осы жоба аясында тағы бір жаңа тәсілді, яғни «тауар несиесін» беру мәселесін қарастыру қажет.

Ауыл тұрғындарына өз өнімдерін өңдеуге және сатуға мүмкіндік беретін инфрақұрылым құру өте маңызды.

Әр ауданда азаматтарға түрлі ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруді үйрететін орталық ашу қажет. Осындай жоба «Amanat» партиясының бастамасымен Жамбыл облысы Меркі ауданында жүзеге асырылды. Үкімет пен әкімдер бұл тәжірибені басқа да аймақтарға таратуды ойластыруы керек.

Жалпы, отандық бизнеске және шетел инвесторларына жол ашу – Үкімет пен барлық мемлекеттік органның міндеті. Ал олардың, яғни бизнестің және инвесторлардың заңды қызметіне кедергі жасау аса ауыр құқық бұзушылық деп саналуға тиіс. Демек ондай әрекетке жол бергендер тиісті жазасын алады. Мен бұл туралы үнемі айтып жүрмін.

Ал кәсіпкерлер мен инвесторлар өз жұмысын адал жүргізіп, заңды сақтап, салық төлеуден жалтармауы керек.

ҮШІНШІ. Еліміздің өнеркәсіп әлеуетін толық пайдалану үшін жан-жақты шаралар қабылдау қажет.

Үкімет 17 ірі жобаның тізімін жасады.

Онда терең өңдеу тәсілін меңгеруге басымдық берілген.

Өз шикізатымыз бен құрал-жабдықтарымызды барынша пайдалану, ірі кәсіпорындарға жапсарлас өндірістер ашу маңызды.

Мен жуырда Қарағанды облысында болдым. Сол кезде «Qarmet» металлургия комбинатына бардым. Отандық инвестор келген соң ондағы ахуал едәуір тұрақталды. Кәсіпорын жаңғыртыла бастады. Бұл қадам өндірілетін өнім көлемін айтарлықтай арттыруға тиіс.

Саран қаласының экономикасын әртараптандыру жұмысы жүргізіліп жатыр. Онда автокөлік доңғалағын және тұрмыстық техника шығаратын өндірістер іске қосылды. Соның арқасында бұл елді мекен моноқалалар санатынан шығарылды. Басқа да моноқалаларға дем беру үшін осы тәжірибені қолдану қажет.

Жалпы, аймақтардың өсіп-өркендеуіне жол ашатын жаңа өндіріс орындарын барынша дамыту керек.

Биыл арнайы Жарлықпен Алатау қаласы құрылғанын білесіздер. Бұл қала қарқынды дамитын, инновация кеңінен қолданылатын әрі білікті мамандар жұмыс істейтін орынға айналуы қажет. Үкімет онда жайлы өмір сүріп, табысты еңбек етуге, инвестиция салуға қолайлы жағдай жасауға тиіс.

Автокөлік құрастыру ісінде оң нәтижелер бар. Осы қарқынды сақтап, жергілікті өндіріс көлемін ұдайы арттыру керек. Мемлекеттің автокөлік өнеркәсібіне көрсетіп жатқан жан-жақты қолдауы түптің түбінде толыққанды автокөлік құрастыру кластері ретінде елдің игілігіне айналуы қажет.

Мұнай-газ-химия саласын одан әрі дамыту – маңызды міндет.

Біз полипропилен және полиэтилен шығаратын ірі өндірістік жобаларды жүзеге асыра бастадық. Бутадиен, карбамид, терефтал қышқылын өндіруге арналған басқа да болашағы зор жобалар қолға алынып жатыр.

«Орта Азия – Орталық» магистральді газ құбырының елімізге тиесілі 800 шақырымнан астам бөлігін жаңғырту жұмысы өте қысқа мерзімде аяқталды. Газ тасымалдау бағдарларын әртараптандыру және оның қуатын арттыру қажет. Тұрғындарды және экономиканы газбен қамтамасыз ету – Үкіметтің басты міндетінің бірі. Былтыр бірқатар газ кеніші игеріле бастады. Сондай-ақ, жылына жалпы көлемі бір миллиард текше метр газ өндіретін жаңа кен орындарын игеру жоспарланып отыр. Әзірге бұл жобалар толық іске қосылған жоқ. Сондықтан газды ішкі нарыққа тиімді бөлу қажет. Жылу электр орталықтарын және қарапайым тұтынушыларды көмір орнына газ жағуға көшіру жұмысын байыппен жүзеге асырған жөн.

Үкіметке Жаңаөзендегі, Қашағандағы және Қарашығанақтағы газ өңдеу кәсіпорындарының құрылысын тездетуді тапсырамын. Бұл – басты міндет.

Осы саланы табысты дамыту үшін инвестицияның қайтарымын қамтамасыз ететін пәрменді ынталандыру шараларын қысқа мерзімде қабылдау, соның ішінде ақылға сыйымды тарифтер мен көтерме бағаларды белгілеу керек.

Газ кеніштеріне геологиялық барлау жасау үшін жаңа инвестиция тарту тұрғысынан алғанда бұл шаралар өте маңызды. Әйтпесе, экономиканы қажетті көлемде газбен қамтамасыз ету мүмкін емес.

ТӨРТІНШІ. Инфрақұрылымға қатысты өзекті мәселелерді шешу қажет.

Бұл жұмыс, ең алдымен, энергетика және коммуналдық шаруашылық саласында жүргізілуге тиіс.

Қазір энергия өндіретін жаңа нысандар салу үшін берілетін несие шарттарын қолайлы деп айта алмаймыз. Сондықтан Үкімет қаржы институттары арқылы ұзақ мерзімге арналған қолжетімді несие беру жолдарын ойластыруға тиіс.

Мемлекеттің ұзақ уақытқа арналған нақты тариф саясаты, яғни тиісті жоспары болуы керек. Бұл – осы салаға «ұзақ мерзімге инвестиция тартудың» негізгі шарты. Алайда, тұтынушыларға арналған тарифтің орынсыз өсуіне жол беруге болмайды.

Энергетика және коммуналдық шаруа-шылық саласын жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны жыл соңына дейін бекіту керек. Коммуналдық ресурстарды үнемдеу мәде-ниетін қалыптастыру – өте өзекті мәселе.

Келесі жылдан бастап нақты ережелер енгізілуге тиіс. «Көп тұтынсаң – көп төлейсің» қағидатын басшылыққа алу қажет. Алайда, тұтынушылар жеке монополистердің шыр-мауында жалғыз қалмауға тиіс.

Заңнамаға әлеуметтік маңызы бар қыз-метер деген ұғым енгізілуі керек. Оны мемлекеттік қызмет көрсету үдерісі сияқты реттеген жөн.

Қазір әлемде энергия тапшылығы күшейіп барады. Елімізге сенімді және экологиялық таза қуат көздері аса қажет. Сондықтан біз атом энергетикасын дамытуға баса мән беруіміз керек деп ойлаймын.

Себебі экономикамыз күн өткен сайын мол энергияны қажет етуде. Мұндай сұранысты атом энергетикасы қамтамасыз ете алады. Қазір дамыған және дамушы 30 мемлекетте 200-ге жуық атом электр стансасы жұмыс істеп тұр.

Біз еліміздің өзіне тән ерекшелігін және ұзақ мерзімге арналған ұлттық мүдделерімізді ескере отырып, тек алға қарай жүруіміз қажет. Бір сөзбен айтсақ, болашақты ойлауымыз керек. Сондықтан мен атом электр стансасын салуға қатысты барынша байыпты шешім қабылдау қажеттігін ұдайы айтып келемін.

Стратегиялық жоспарларды қоғамда кеңінен талқылау керек деп санаймын.

Ел өміріндегі әрбір маңызды қадам жұртшылықпен бірлесіп жасалуға тиіс. Атом электр стансасы туралы референдумға қатысты да дәл солай болуы керек. Былтыр мен бұл мәселе бойынша өз пікірімді айттым, яғни, референдум тақырыбының қоғам талқысына түскеніне бір жыл болды. Бұл азаматтарымыздың жан-жақты ойланып, салмақты шешім қабылдауына жеткілікті мерзім деп ойлаймын. Сондықтан мен Үкіметтің ұсынысын қолдаймын.

Атом электр стансасын салу мәселесіне қатысты жалпыұлттық референдум биылғы 6 қазанда өтеді. Бүгін тиісті Жарлыққа қол қоямын.

Алдағы референдум кең ауқымды жалпыұлттық диалогтың тағы бір айқын көрінісі болмақ. Шын мәнінде, бұл – «Халық үніне құлақ асатын мемлекетке» тән сипат. Біз осындай қадамдар арқылы жаңа қоғамдық-саяси мәдениеттің негізін қалаймыз. Маңызды мемлекеттік шешімдер қабылдаудың жаңа үлгісін жасаймыз.

Жалғасы 4-бетте

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РК

ЖИТЬ ПО СРЕДСТВАМ ПРИЗВАЛ ПРЕЗИДЕНТ

На заседании Правительства, посвященном ходу подготовки к предстоящему отопительному сезону, Премьер-Министр Казахстана Олжас Бектенов выразил обеспокоенность медленными темпами ремонтных работ и подготовки энергообъектов в ряде регионов страны, сообщает El.kz.

Глава Правительства отметил, что до начала отопительного сезона остался всего месяц, однако заверения многих руководителей о готовности не убеждают в высокой результативности работ.

В Карагандинской области до сих пор не завершены ремонтные работы на котле № 2 и не начат капитальный ремонт котла № 1 на ТЭЦ-2 АО «Qarmet». Также задерживается ремонт котла № 7, несмотря на обещания местных властей о своевременном вводе объекта. В Мангистауской области не завершён капитальный ремонт турбины № 4 на ТЭЦ-1 МАЭК, а на ТЭЦ-2 до сих пор не определён подрядчик из-за несвоевременной подготовки документации.

«На наших заседаниях и совещаниях не раз обращалось внимание акимов областей на данные узкие места. Однако, по итогам трёх месяцев, те же регионы отстают, и вновь наблюдаются затягивания и переносы ремонтов»,- отметил Олжас Бектенов.

Он подчеркнул, что Министерство энергетики уже начало выдачу паспортов готовности энергопредприятиям, и в тех регионах, где будет отказано в паспорте готовности ТЭЦ, будет рассмотрена персональная ответственность курирующих заместителей акимов.

Кроме того, Премьер-Министр поручил держать на жёстком контроле вопросы по обеспечению станций запасами угля и мазута. Олжас Бектенов указал на проблемы, связанные с поздними конкурсными процедурами, что создаёт риск несвоевременной заготовки топлива. Министерствам промышленности и транспорта было поручено обеспечить надлежащий контроль над исполнением обязательств КТЖ и регионов по поставке угля и мазута.

Особое внимание было уделено вопросу предотвращения продажи социального угля субъектам бизнеса, чтобы этот уголь направлялся исключительно для нужд населения. Также Бектенов отметил, что текущие темпы модернизации тепловых сетей в ряде регионов сохраняют риски для своевременного и качественного начала отопительного сезона.

По итогам заседания Премьер-Министр дал ряд поручений, включая необходимость завершения ремонтных работ на теплоисточниках и теплосетях, обеспечение полной готовности объектов образования до 1 сентября и объектов здравоохранения и жилищно-коммунального хозяйства до 15 октября.

НАЗВАЛ ДАТУ РЕФЕРЕНДУМА ПО ВОПРОСУ СТРОИТЕЛЬСТВА АЭС

Касым-Жомарт Токаев назвал дату референдума по вопросу строительства АЭС

Президент Касым-Жомарт Токаев выступил с Посланием народу Казахстана, где сообщил точную дату проведения референдума по строительству атомной электростанции, передает корреспондент агентства Kazinform.

— С учетом нарастания глобального энергодефицита мы остро нуждаемся в надежных и экологически чистых источниках энергии. Поэтому, на мой взгляд, необходимо обратить самое пристальное внимание на развитие атомной энергетики. Этот вид генерации способен в значительной степени удовлетворить быстро растущие потребности нашей экономики. В настоящее время в 30 развитых и развивающихся государствах действуют около 200 АЭС. Мы должны думать о будущем, учитывая долгосрочные национальные интересы и специфику нашей страны. Поэтому я всегда настаивал на необходимости принятия продуманного решения по вопросу строительства АЭС, широкого обсуждения в обществе планов стратегического характера, - заявил Глава государства.

Каждый важный для жизни страны шаг, как отмечает Президент, необходимо совершать при поддержке народа.

— Так должно быть и с референдумом по АЭС. О его проведении я высказался в прошлом году, то есть данная тема находится в общественной повестке уже год. Считаю, что это достаточный срок для принятия гражданами взвешенного решения. В этой связи поддерживаю предложение Правительства. Общенациональный референдум по вопросу строительства АЭС состоится 6 октября текущего года, сегодня я подпишу соответствующий Указ. Предстоящий референдум станет еще одним проявлением широкого общенационального диалога и ярким примером реализации концепции «слышащего государства». По сути, такими шагами мы формируем новую общественно-политическую культуру, закладываем новые стандарты принятия ключевых государственных решений, — заключил Касым-Жомарт Токаев.

Напомним, Правительство РК утвердило проект постановления о проведении референдума по АЭС. Ранее в Астане завершились публичные обсуждения, закрывающие цикл общественных дискуссий по вопросу строительства атомной электростанции в Казахстане.

Вместе с тем Казахстанским институтом стратегических исследований при Президенте РК был проведен телефонный опрос граждан. В целом, большинство опрошенных (53,1%) поддерживают идею строительства АЭС. В свою очередь, генеральный директор Национального ядерного центра РК ЭрланБатырбеков в интервью аналитическому обозревателю агентства Kazinform сообщил, в чем преимущество атомных электростанций, и как строительство АЭС повлияет на экологию и кадровый потенциал страны.

Кроме того, корреспондент агентства Kazinform посетил Ульбинский металлургический завод в Усть-Каменогорске, который производит топливные таблетки для атомных электростанций, и ознакомился с его работой.

ОБЪЯВИЛ 2025 ГОД – ГОДОМ РАБОЧИХ ПРОФЕССИЙ

Выступая 2 сентября 2024 года с Посланием народу Казахстана, глава государства Касым-Жомарт Токаев высказался о реформе профессионального образования, сообщает Zakon.kz.

По словам президента, реформа профессионального образования становится абсолютно важной с точки зрения обеспечения роста экономики и ее инвестиционной привлекательности.

«Объявляю 2025 год — Годом рабочих профессий. За это время предстоит осуществить реформу системы технического и профессионального образования. Год рабочих профессий будет также содействовать продвижению в нашем обществе идеи трудолюбия и профессионализма», -Касым-Жомарт Токаев.

Он подчеркнул, что «необходимо, чтобы люди, добившиеся успеха честным, усердным трудом, всегда пользовались уважением и почетом».

«Это полностью согласуется с нашим принципом “Ответственный гражданин — Честный труд — Заслуженный успех”. Ценности трудолюбия и профессионализма в нашем обществе должны быть всегда на первом месте. Именно благодаря специалистам своего дела формируется новое качество нашей нации. Поэтому мы продолжим принимать последовательные меры для повышения статуса человека труда», - Касым-Жомарт Токаев.

Как считает глава государства, «не бывает плохой работы, любой труд — в почете».

«Главное, чтобы каждый гражданин выполнял свои обязанности добросовестно, с глубоким чувством ответственности. Только так наша страна достигнет высот на пути прогресса. Не зря в народе говорят, что труд является залогом богатства (“Жұмыстыңкөзінтапқанбайлықтыңөзі нтабады”). В нашем обществе должно сложиться понимание того, что честный и ответственный труд будет непременно оценен по достоинству. Этой цели, в том числе, служит присвоение гражданам почетных званий. Такие награды ранее были введены для учителей, врачей и деятелей культуры. Это очень хорошее начинание, следует шире применять данный подход», -Касым-Жомарт Токаев.

ПОДПИСАЛ УКАЗ О ПРОВЕДЕНИИ РЕФЕРЕНДУМА ПО СТРОИТЕЛЬСТВУ АЭС

Президент Касым-Жомарт Токаев подписал указ о проведении референдума о строительстве АЭС, передает центр деловой информации Kapital.kz со ссылкой на пресс-службу Акорды.

«В соответствии с подпунктом 10) статьи 44 Конституции Республики Казахстан и статьей 18 Конституционного закона Республики Казахстан “О республиканском референдуме” ПОСТАНОВЛЯЮ: 1. Провести 6 октября 2024 года республиканский референдум. 2. Вынести на республиканский референдум следующий вопрос: “Согласны ли Вы со строительством атомной электростанции в Казахстане?” 3. Официально опубликовать настоящий указ в средствах массовой информации 3 сентября 2024 года (..)», — говорится в тексте документа.

Организация и проведение республиканского референдума возложены на Центральную избирательную комиссию Республики Казахстан, выполняющую функции Центральной комиссии референдума, а также на территориальные и участковые избирательные комиссии, выполняющие функции территориальных и участковых комиссий референдума.

Правительству совместно с ЦИК, другими центральными государственными и местными исполнительными органами принять необходимые меры по организации и проведению республиканского референдума.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: ЗАҢ МЕН ТӘРТІП, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ, ҚОҒАМДЫҚ ОПТИМИЗМ

Жалғасы . Басы 1-2-беттерде

Келесі мәселе. Көлік-логистика секторын дамыту – стратегиялық мәні айрықша басымдық.

Еліміз Еуразия құрлығының дәл ортасында орналасқан. Бұл – бізге әлемдік бәсекеде зор мүмкіндік беретін артықшылық. Сондықтан көлік инфрақұрылымына салынып жатқан әрбір инвестиция өзін-өзі ақтайтыны сөзсіз.

Біз кейінгі ұрпаққа жоғары сапалы авто және теміржолдарды қалдыруымыз керек. Сондай-ақ, тиімді жұмыс істейтін әуе хабтарын, теміржол бекеттері мен теңіз порттарын салуымыз қажет. Бұл ретте бірқатар кешенді мәселені шешкен жөн.

Теміржол саласында реформа жасау үшін тариф жүйесі қайта қаралуы керек. Бұл – айдан анық нәрсе. Жаңа тарифтер теміржол желісін қалыпты жағдайда сақтауға және оның тасымал қабілетін арттыруға мүмкіндік береді.

«Қазақстан темір жолы» компаниясы үш ірі инфрақұрылымдық жобаны қолға алды, яғни теміржол салып жатыр. Оның жалпы ұзындығы мың шақырымнан асады. Бұл жобалар бекітілген мерзімде және өте сапалы іске асырылуға тиіс.

Автокөлік жолдарының жай-күйі – өзекті мәселе. Мен бұл туралы осыған дейін де айттым. Биыл елімізде 12 мың шақырымға жуық жол салынып, жөнделіп жатыр. Қазақстанда мұндай ауқымды жұмыс бұрын-соңды болмаған. Астана-Алматы, Ақтөбе-Атырау-Астрахань, Талдықорған-Өскемен бағытындағы күре жолдарды қайта жаңғырту жұмыстары аяқталып қалды. 2,5 мың шақырымға созылатын облысаралық және ауданаралық жолдарды орта деңгейде жөндеуге арналған бағдарламаның мән-маңызы зор. Дәл осы жолдармен жұрт өте жиі жүреді. Сондықтан бағдарламаның ауқымын кеңейтіп, оған кемінде 10 мың шақырым жолды қамтуды тапсырамын.

Әрине, мұнда саннан гөрі сапа маңыздырақ. Сол үшін инновациялық заманауи әдіс-тәсілдерді кеңінен қолданған абзал. Бұл жұмысқа қоғамдық бақылауды күшейту үшін бірыңғай цифрлық платформаны іске қосқан жөн. Онда барлық жолды, соның ішінде, қала аумағындағы жолдарды салуға және жөндеуге қатысты ақпарат болуы керек.

Қазақстан цифрландыру саласында қол жеткізген жетістіктерін еселей түсуге тиіс. «Электронды үкімет» платформасына жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу қажет. Қазақстан жасанды интеллектіні кеңінен қолданатын және цифрлық технологияларды дамытып жатқан елге айналуға тиіс. Бұл – Үкіметтің басты міндетінің бірі. Парламент депутаттарын осы жұмысқа атсалысуға шақырамын.

Келесі жылы Астанада Жасанды интеллект ұлттық орталығын іске қосу керек. Бұл орталық оқушылар, студенттер, ғалымдар және кәсіпкерлер үшін әрдайым ашық болады.

Цифрлық активтер мен майнингті заңмен реттеп, криптобиржаларды одан әрі дамыту ісін жалғастырған жөн. Елімізде экономикаға қажетті электр қуатын өз керегіне шамадан тыс пайдаланатын, сөйте тұра салықты аз төлейтін кәсіпкерлер бар. Міне, осындайларды жөнге салу керек.

2025 жылы Каспий теңізі арқылы талшықты-оптикалық байланыс желісін тарту жобасы аяқталмақ. Еліміз үшін бұл жобаның маңызы зор. Сол арқылы мәліметтердің халықаралық арнасымен және трансшекаралық ағынымен байланысты цифрлық инфрақұрылым құра аламыз.

Жалпы, телекоммуникация желілері мен дата-орталықтарын барынша жетілдіруге, кибер-қауіпсіздіктің әлемдік стандарттарын енгізуге және мамандарымыздың біліктілігін арттыруға қатысты жұмысты жалғастыру керек.

Әуе хабтарын дамыту – өте маңызды міндет.

Қазақстанның әуе кеңістігі арқылы жыл сайын 150 мың тоннаға жуық жүк тасымалданады. Алдағы төрт жылда бұл көрсеткішті екі есе ұлғайтуға болады. Әуежайларымыздың жүк тасымалдау мүмкіндігін арттыру үшін барлық жағдайды жасау керек.

Ішкі әуе бағдарларын дамытуға айрықша назар аударған жөн. Бұл, әсіресе, негізгі туризм нысандарының инфрақұрылымын жақсарту үшін маңызды.

Балқаш және Алакөл демалыс аймақтарындағы ұшу-қону жолақтары толық жаңғыртылды. Қатонқарағай, Зайсан және Кендірлі өңірлерінің де туристік әлеуетін дұрыс пайдалану қажет. Осындай демалыс аймақтарында сапасы жоғары жол инфрақұрылымы бар әуе бекеттері мен әуежайлар салу керек.

Өнеркәсіпті дамыту қорының есебінен кіші авиация ұшақтарын алған жөн.

Туризм жобаларын жүзеге асырғанда табиғатқа зиян келтірмей, экологияны сақтау барынша маңызды екенін ерекше атап өткім келеді.

Келесі. Ирригация жүйелері және жалпы су шаруашылығы мәселесімен мұқият айналысу қажет.

Көктемдегі алапат тасқын бүкіл еліміз үшін үлкен сынақ болды. Сол қиын күндерде біз ынтымағы жарасқан ел екенімізді көрсеттік. Қазақстанның әр аймағынан жиналған еріктілер мен жанашыр азаматтар зардап шеккен жұртқа көмек қолын созды. Менің елдік істен шет қалмау туралы үндеуіме ірі бизнес өкілдері де қолдау білдірді. Мемлекеттің батыл әрекеті мен халықтың өзара тілектес болуының арқасында аса қиын жағдайдан аман-есен өттік. Дегенмен, орталық және жергілікті билік өкілдері осы оқиғадан сабақ алуы керек.

Қазіргі заманда біз кез келген қатерге дайын болуымыз қажет. Сондықтан қарғын суды жинап, диқандардың қажетіне жарату үшін оны дұрыс сақтай білген жөн. Гидрология бекеттерін жөндеп, жаңғырту қажет. Суды барынша үнемдеу жұмысын ұйымдастыру керек. Бұл – ең алдымен, ауыл шаруашылығына қатысты мәселе, яғни су үнемдеу технологиясын, әсіресе, ауыл шаруашылығында кеңінен қолдану қажет.

Су қорын жинап, оны тиімді пайдаланып, ирригация жүйесін дұрыс қолдана алсақ, бұл салаға да инвестиция тартуға болады. Сондықтан тариф саясатын реттеп, инвесторларға тиімді қолдау шараларын ұсыну қажет. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған маңызды міндет. Нақты жұмысқа кірісу керек.

БЕСІНШІ. Еліміздің кадрлық әлеуетін біртіндеп арттыру өте маңызды.

Экономиканы білікті мамандармен қамтамасыз ету – аса өзекті міндет. Ең алдымен, су, энергетика, құрылыс және басқа да салаларда қатты байқалып отырған кадр тапшылығын жою қажет.

Сондай-ақ, болашақта сұранысқа ие болатын кәсіптер үшін білікті мамандар даярлау керек. Бұл бағытта нақты жұмыстар басталды.

Үкімет жоғары білім саласын халықаралық білім беру кеңістігімен ықпалдастырып жатыр. Қазірдің өзінде елімізде шетелдің белгілі 23 жоғары оқу орны жұмыс жүргізе бастады.

Оларға мейлінше қолдау көрсету керек. Атап айтқанда, маман даярлауға берілетін мемлекеттік тапсырысты біртіндеп көбейткен жөн. Бұл тәсілді білім бағдарламасы заман талабына сай келетін өз оқу орындарымызға да қолдануға болады.

Осы ретте грант құны жастарды сапалы оқытуға мүмкіндік беруге тиіс. Мемлекет қаржысын университеттің бәріне шашыратып, оңды-солды тарата беруге болмайды.

Үздік университеттердің нақты сектормен байланысын нығайту керек. Инновациялық саясатты еліміздің ғылыми-технологиялық басымдықтарымен үйлестіру қажет. Мұндай қадам әр саладағы инновацияға серпін береді. Сондай-ақ, жоғары оқу орындарындағы қолданбалы ғылымның әлеуетін арттырады. Сонымен қатар, ғалымдардың шетелдегі тағылымдамасын әншейін синекураға және «академиялық туризмге» айналдырмау керек.

Жоғары оқу орындары ғана емес, техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері де білікті кадрлар даярлауы қажет. Үкімет колледжде жақсы оқыған түлектерді мамандығы бойынша мемлекеттік қызметке алу мүмкіндігін қарастыруға тиіс.

Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе. Бұл – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам.

Мен 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ, біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз.

Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынып отырған «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келеді.

Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануы тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Сондықтан біз еңбек адамының мәртебесін көтеріп жатырмыз. Бұл бағыттағы жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді.

Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек – қадірлі. Ең бастысы, әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруға тиіс. Сонда ғана еліміз дамудың сара жолына түседі.

Халқымызда «Жұмыстың көзін тапқан байлықтың өзін табады» деген сөз бар. Кәсібіне адал әрі жауапкершілікпен қараған адам қашанда лайықты бағасын алады. Бұл түсінікті қоғам санасына сіңіру қажет. Азаматтарға құрметті атақ берудегі түпкі мақсатымыз да – осы. Бұған дейін мұғалімдерге, дәрігерлерге және мәдениет қайраткерлеріне осындай атақтар беріле бастады. Бұл – өте жақсы бастама, оның аясын кеңейту керек.

Біз түрлі саладағы мамандарға, қатардағы жұмысшыларға құрмет көрсетуіміз қажет. Бәсекеге қабілетті экономикасы бар озық ел боламыз десек, ең алдымен, адал еңбекті бағалаған абзал. Сондықтан инженерлерге, геологтарға, кен орнын игеруші мамандарға, ауыл шаруашылығы, көлік және су саласының қызметкерлеріне, ғалымдар мен өнертапқыштарға берілетін құрметті атақтар мемлекеттік марапаттар санатына қосылады.

Еңбегінің мемлекеттік деңгейде бағалануы барша кәсіп иесіне ерекше шабыт береді, еңбек адамның абырой-беделін көтереді.

Еліміздің кадрлық әлеуетін арттыру ісінде орта білім беру жүйесі өте маңызды рөл атқарады.

Менің тапсырмаммен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы жүзеге асырылып жатыр. 2025 жылдың соңына дейін заманауи үлгідегі 217 мектеп пайдалануға беріледі деп жоспарланған. Осы өте маңызды жұмысты «Самұрық-Қазына» қоры қадағалап отыр. Үкімет пен әкімдер бұл шаруаға белсене атсалысуға тиіс. Депутаттар да ортақ істен шет қалмайды деп ойлаймын.

Үкімет жайлы мектептерді арнайы басқару жүйесін енгізуді ойластыруы керек.

Сонымен бірге, еліміздегі 1300 мектепке күрделі жөндеу жүргізу қажет. Үкімет әкімдермен бірге оны қаржыландыру көздерін анықтап, соның ішінде демеушілерден де қаражат тартып, 3 жыл ішінде бұл мектептерді толық жаңартуы керек.

Мемлекет кепілді төлемдер үшін қыруар қаражат бөледі. Оның ішінде жекеменшік мектептерге берілетін қаржы да бар. Мысалы, 250 мыңнан астам бала оқитын жекеменшік мектептерге биылдың өзінде бюджеттен 134 миллиард теңге бөлінді.

Ата-аналар мемлекеттің жеке меншік мектептерге нақты көмек беріп жатқанын білуге тиіс. Осыған орай әр балаға норматив бойынша бөлінген қаражат көрсетіліп тұруы қажет. Сонда азаматтарымыз әлеуметтік бағдарламаларға бөлініп жатқан қаржы туралы шынайы ақпараттан хабардар болады.

Бұдан бөлек, мектептердің жұмысын жақсарту шараларын қолға алған жөн.

Мұғалімдердің біліктілігін арттыруға және әлеуметтік мәртебесін көтеруге көңіл бөлген абзал.

Ұстаздар – ұлттың зияткерлік қуаты. Олар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады. Үздік оқу бағдарламасы, заманауи мектептер, озық басқару жүйесі болса да, ұстаз білікті болмаса, оның бәрі бекер екені анық. Сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындарына талапты, қабілетті жастарды қабылдауға баса мән беру керек. Жалпы, бұл бағыттағы жұмыстың беталысы жақсы, оны жалғастыру қажет.

Баланы мектепке дайындау мәселесіне айрықша назар аударған жөн. Мектепке дейінгі тәрбие беру және оқыту ісіне мемлекетпен қатар ата-аналар да жауапты. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру саласында әр балаға бөлінетін қаражат отбасының нақты табысына байланысты болуы керек. Осылайша біз білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру арқылы шын мәнінде мұқтаж азаматтарға көмек көрсетеміз және мемлекеттік қолдаудың ашық болуын қамтамасыз етеміз. Түптеп келгенде, азаматтарымыздың әлеуетін арттырамыз.

АЛТЫНШЫ. Ұлт саулығын нығайту үшін кешенді шараларды қолға алып, халықты әлеуметтік қолдау жүйесін жаңғырту керек.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің енгізілуі денсаулық сақтау саласына қосымша ресурстар әкеліп, жеке меншік медицинаға зор пайдасын тигізді.

Биыл денсаулық сақтау саласына бюджеттен 3,3 триллион теңге қаржы бөлінді. Бірақ оның нәтижесі әлі көрініп жатқан жоқ.

Медициналық сақтандыру жүйесіне қатысушылар арасында міндеттердің дұрыс бөлінбеуі бұрмаланған ақпараттың көбеюіне әкеп соқтырды. Науқастарға мемлекет кепілдік берген қызметтерді ақылы негізде алуды немесе бірнеше ай бойы кезек күтуді ұсыну жайттары аз емес. Бұған жол беруге болмайды.

Бюджеттің мүмкіндігі мен міндеттемесін ескере отырып, мемлекет кепілдік беретін медициналық көмектің бірыңғай базалық топтамасын жасау қажет. Ал одан асып кеткен шығынның бәрі сақтандыру жүйесі арқылы төленуге тиіс.

Цифрландыру болмаса, мұндай ауқымды өзгерістерді сәтті жүзеге асыру мүмкін емес. Бір-біріне байланысы жоқ ондаған бағдарлама мен ақпараттар базасының орнына бірыңғай мемлекеттік медициналық ақпарат жүйесін жасау керек.

Жаңа жүйе, меншік түріне қарамастан, мемлекеттік тапсырыс алатын медицина мекемелерінің бәріне толық бақылау жасалуын және мәліметтердің шынайы болуын қамтамасыз етуі қажет. Үкімет осы маңызды мәселені шешуге дереу кірісіп, бұл бағыттағы жұмыстың барысы жөнінде маған және депутаттық корпусқа есеп беріп отыруға тиіс.

Еліміздегі денсаулық сақтау саласын дамыту үшін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктері арқылы ресурстарды белсенді тарту қажет. Өкінішке қарай, шетелдердің мемлекеттік-жекеменшік әріптестікке қатысты озық тәжірибелері заңнамамызда толық көрініс тапқан жоқ. Мұның бәрі жобалардың тиімсіз болуына, бюджетке түсетін салмақтың тым артуына әкеп соқтырады. Бұл тәсілдерді қайта қарап, инвестиция тарту үшін ақылға қонымды тарифтер ұсыну қажет. Үкімет денсаулық сақтау және білім беру саласындағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестікке қатысты жаңа нормативтер мен ережелер әзірлеуі керек.

Білікті медицина мамандарының тапшылығы – әлі де өзекті мәселе.

Бұл мәселені шешу үшін, ең алдымен, медицина саласындағы білім сапасын барынша арттырған жөн. Соның ішінде грант құнын білім беру үдерістерінің деңгейіне қарай саралау арқылы белгілеп, тиімді тарату қажет.

Баршаңызға мәлім, мен бұқаралық спортты дамытуға ерекше мән беріп отырмын. Жастарымыз дені сау, мықты азамат болып өсуі керек. Сондықтан ұлт саулығын сақтау үшін бұқаралық спорттың маңызы айрықша. Жақында мен Олимпиадаға қатысушылармен кездестім, спорттағы нақты міндеттер мен басымдықтарға тоқталдым.

Шын мәнінде, бұл саладағы заңнаманы жаңартатын кез келді деп ойлаймын. Заңға енгізілетін өзгертулер бұқаралық спорт пен балалар спортын дамытуға зор серпін береді. Сондай-ақ, болашақ жеңімпаздар шоғырын даярлауға жол ашады. Депутаттар осы маңызды заң жобасына айрықша мән бергені жөн деп санаймын.

Келесі мәселе. Әлеуметтік тұрғыдан осал азаматтарға қолдау көрсету – өте маңызды міндет. Сондықтан мемлекет әлеуметтік шығыстарды біртіндеп ұлғайтып жатыр. Қазір бюджеттің жартысынан көбі әлеуметтік салаға жұмсалады.

Балалы отбасыларды қолдау үшін сәби күтіміне өтемақы төлеу мерзімі бір жылдан бір жарым жылға дейін ұзарды.

Зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін азаматтарға биылдан бастап арнайы төлемдер беріліп жатыр. «Ұлттық қор – балаларға» ауқымды жобасы іске қосылды. 7 миллион баланың есепшотына Ұлттық қордың табысынан жалпы сомасы 300 миллиардтан астам теңге аударылды. Дегенмен, қазір мемлекет тарапынан қолдау көрсетілген кезде азаматтардың нақты табысы ескерілмей жатқанын мойындау қажет. Басқаша айтсақ, әлеуметтік қолдауға мүлде мұқтаж емес ауқатты отбасылар да мемлекеттен көмек алады. Мұндай жайттар аз емес. Осыны ескере отырып, халықты қолдау тәсілдерін жетілдіре түсу қажет. Сондықтан Үкіметке алдағы жылдың басынан бастап «Әлеуметтік әмиян» жобасын жүзеге асыруды тапсырамын.

Мемлекеттік қолдау шын мәнінде мұқтаж адамдарға көрсетілуі қажет. Бір сөзбен, кез келген әлеуметтік көмек әділ, ашық және тиімді болуға тиіс.

ЖЕТІНШІ мәселе. Экологиялық ахуалды жақсарту – алдымызда тұрған негізгі міндеттің бірі. Біз қоғамда қоршаған ортаны қорғаудың мән-маңызын кеңінен дәріптеуіміз керек.

Халықты экологиялық факторлардың жағымсыз әсерінен сақтау қажет. Бизнес өкілдері табиғатты қорғау ісіне зор жауап-кершілікпен қарауы керек. Үкімет пен «Атамекен» палатасы осы бағытта нақты шаралар қабылдауға тиіс. Бұл салаға озық технологияларды кеңінен енгізу жұмысын жалғастыру қажет. Табиғатты ластайтын қалдықтарға мониторинг жасайтын озық жүйе ойдағыдай жұмыс істеуге тиіс.

Қазақстанның бірегей жануарлар және өсімдіктер әлемін сақтау мәселесі әрдайым өзекті болып қала бермек.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: ЗАҢ МЕН ТӘРТІП, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ, ҚОҒАМДЫҚ ОПТИМИЗМ

Мемлекет алдағы уақытта да кең байтақ даламызды және орманымызды өрттен қорғау үшін барлық қажетті шараны қабылдайды.

Қазақстанның табиғаты өте бай және алуан түрлі. Алайда, орман-тоғайлар жеріміздің 5 пайызын ғана алып жатыр. Табиғаттың әр алуандығын сақтау үшін біз орман алқаптарын көбейтуіміз қажет. Бұл міндет еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін де өте маңызды. Мен Президент болып сайланған күннен бастап осы мәселеге ерекше мән беріп келемін.

Елімізді көгалдандыру жұмысының қарқыны жаман емес. Тоқтап қалмай, оны жалғастыру қажет. «Семей орманы» аясында орман тұқым бағы бар. Бұл – Орталық Азиядағы халықаралық озық талаптарға сай көшет өсіретін бірден-бір кешен. Осы жобаны басқа да орманды аймақтарда жүзеге асырған абзал.

Орман-тоғайды көбейту бүкіл елді жұмылдыратын нағыз халықтық идеяға айналуы керек. Сондықтан ел ішінде ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізген жөн.

Баршаңызға мәлім, елімізде көктемнен бері «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы жүріп жатыр. Бұл – тұтас халықты ұйыстырған берекелі бастама.

«Таза Қазақстан» шарасына бірнеше айдың ішінде 3 миллионға жуық азамат атсалысты. Жүздеген мың үйдің ауласы тазартылды, 1 миллион тоннадан астам қоқыс жиналды. Осындай игі шаралардың арқасында қоғамда жаңа мәдениет, жаңа қоғамдық этика орнығып келеді. Мұны туған елге деген сүйіспеншілік, жанашырлық деуге болады. Ұлттың жаңа сапасы осындай нақты шаралар арқылы қалыптасады. Бұл – уақытша науқан емес. Осы маңызды жоба жыл бойы жалғаса беруге тиіс. Себебі шынын айтқанда, кейбір санасыз азаматтарымыз табиғатты, көшелерді әлі де ластап жатыр. Осындай адамдардың әрекетіне заң бойынша тосқауыл қою керек. Бір сөзбен, қоршаған ортаның тазалығы әркімнің күнделікті дағдысына айналуы қажет.

Халқымыздың бойында жақсы қасиеттер өте көп. Мысалы, өзге елдер бізді қонақжай, аққөңіл халық ретінде біледі. Дәл солай тазалық жұртымыздың қанына, жанына сіңген қасиет болуы керек.

«Таза Қазақстанның» аймақтарда сапалы жүзеге асуына әкімдер тікелей жауапты. Олар жұртқа істің мән-маңызын түсіндіріп, жұмысты дұрыс үйлестіруге міндетті.

Аймақ басшысы шаруашылықпен ғана айналыспайды. Әкім қоғамдық, рухани мәселелерді әрдайым назарда ұстауға тиіс. Әрбір басшы елмен етене жұмыс істеуі керек, тұрғындармен сенімді байланыс орнатуы қажет. Сонда жұрт та оның бастамаларын қолдайды, ел үшін пайдалы іске жұмыла кіріседі. Әкімнің абырой-беделі дегеніміз де – осы.

СЕГІЗІНШІ. Мемлекеттік басқару ісінің тиімділігін барынша арттыру керек.

Мен «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын ұсынғалы бес жылдан астам уақыт өтті. Осы уақыт ішінде қоғам мен билік құрылымдары арасындағы қарым-қатынас мәдениетін өзгерте алдық. Пікір білдірудің бірқатар тиімді тетігі және түрлі диалог алаңдары пайда болды. Мемлекеттік қызметшілердің азаматтармен тікелей сөйлесуі қалыпты жағдайға айналды. Бұл тұжырымдама мемлекеттік қызметшілер мінез-құлқының жаңа моделін қалыптастырды. Олар жауапкершілікпен, проактивті, ашық және тиімді жұмыс істей бастады.

Дегенмен, мемлекет пен қоғам арасындағы диалогтың сапасын одан әрі арттыра түсу үшін бәріміз адал әрі әділ болуымыз, тек заң аясында әрекет етуіміз, берген уәдеміз бен ісіміз үшін жауап бере білуіміз керек.

Біз талқыланып жатқан мәселелердің мән-жайын біле бермейтін, тым асыра сілтеуге бейім тұратын популистердің қоғамдағы кейбір бастамаларды іліп алып, өз мүддесіне бұрып әкететінін көріп жүрміз. Мұның демократияға еш қатысы жоқ.

Өтініштерді қарауға қатысты жұмыстың бірыңғай экожүйесі қалыптаса бастағаны өте маңызды. Бұл жүйе халықтың қажеттілігі мен талап-тілегін нақты біліп отыруға мүмкіндік береді. Мемлекеттік органдар өз жұмысын жетілдіру үшін азаматтардың өтініштерін талдауға көбірек назар аударуға тиіс.

Азаматтарымыздың соңғы жылдардағы тағы бір талабы – әкімдерді тікелей сайлау жүйесін енгізу. Бұл талап та орындалды.

Ауыл әкімдерін тікелей сайлау жүйесі 2021 жылы енгізілді. Содан бері 2,5 мыңға жуық әкім сайланды. Бұл – барша ауыл әкімдерінің 90 пайызға жуығы деген сөз. Қалғандары әкімнің өкілеттік мерзімі аяқталған кезде өз ретімен сайлана береді. Жаңа әкімдердің 60 пайызы бұрын мемлекеттік қызметте жұмыс істемеген. Олардың арасында әртүрлі кәсіп иелері, түрлі партия өкілдері бар. Орташа жасы – 46 жас. Бір сөзбен айтсақ, халық өзі таңдаған әкімдердің құрамы едәуір жаңғырды.

Былтыр күзде алғаш рет аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін сайлай бастадық. Барлық облыста 45 әкім жаңа тәсілмен сайланды. Біз сайлау нәтижесін және сайланған әкімдердің жұмысын жан-жақты зерделедік. Соның қорытындысы бойынша түбегейлі шешім қабылдадық. Келесі жылдан бастап жаңа жүйеге біржола көшеміз. Бұдан былай аудан және облыстық маңызы бар қалалардың әкімдері тікелей сайлау арқылы ғана қызметке келеді. Әкімдердің өкілеттік мерзімі аяқталуына қарай, яғни ротация мерзімі жеткенде сайлау біртіндеп өткізіле береді. Бұл да – саяси жүйені реформалау ісіндегі кезекті маңызды қадам. Саяси реформа – бір реттік науқан емес. Мемлекеттің дамуына қажет болса, реформалар осылай үздіксіз жалғаса береді.

Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру мәселесі әлі де өзекті. Үміткерді қызметке тағайындаған кезде оның кәсіби және моральдық қасиеттерін мұқият ескерген жөн. Бұрынғы жұмысын қалай атқарғаны да қаперде болуы керек. Меритократия қағидаттарынан ешкім бас тартқан жоқ. Бұл бағыттағы жұмыстың аяқ алысы жаман емес. Қазір мемлекеттік органдардың бәрі кадр жөніндегі бірыңғай ақпараттық жүйеге көшті.

Енді Үкімет пен Мемлекеттік қызмет істері агенттігі бюджеттен қаржыландырылатын мекемелердің кадр мәселесіне қатысты жұмысын толық автоматтандыруы керек.

ТОҒЫЗЫНШЫ. Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын терең орнықтыру қажет.

Цифрлық технологиялардың күнделікті өмірімізге жаппай енуі түрлі алаяқтардың көбеюіне әкеп соқтыруда. Оған бәріміз куә болып отырмыз. Сондықтан, қазір қаржы және экономика негіздерін білу, қарапайым цифрлық дағдыларды меңгеру аса маңызды болып тұр. Осы ретте «Amanat» партиясы ұсынған «Қарызсыз қоғам» жобасын атап өткім келеді. Азаматтардың қаржылық сауатын арттыруға арналған осы жобаға былтыр 65 мың адам қатысты. Ал, биыл одан да көп адам қатысады.

Мектептерде, жоғары оқу орындарында қаржылық және цифрлық сауаттылық негіздерін үйрететін білім бағдарламасын енгізу қажет. Бұл жұмысты Үкімет қаржы саласын реттеу органдарымен бірге атқаруы керек. Мұның бәрі азаматтарымыздың әртүрлі алаяқтардың құрығына түсіп қалмауына мүмкіндік береді.

Құзырлы органдардың бәрі заңға бағынатын жұртқа зардабын тигізіп жатқан алаяқтыққа және сол сияқты басқа да заңсыз әрекеттерге қарсы батыл шаралар қабылдауға тиіс.

Қазір «Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» заң жобасы әзірленіп жатыр. Осы заңның талаптарын орындау үшін қоғам мен мемлекеттік аппарат күш жұмылдыруы керек. Сонда ғана жағдайды түзетіп, заң үстемдігін және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете аламыз.

Кез келген қоғамның, соның ішінде біздің қоғамның да басты ұғымдарға негізделген құраныстары – әділдік және қауіпсіздік. Осы негізгі құраныстардың толығымен өтелуі мемлекеттің тиімді жұмыс істейтінін айқын көрсетеді.

Елімізде ауқымды реформалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр. Саяси жаңғырудың нәтижесінде азаматтарымыздың өз ойы мен пікірін ашық айтып, мемлекеттік шешімдер қабылдау үдерісіне араласуына жол ашылды. Сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан терең өзгерістер жасалып жатыр.

Азаматтарымыздың құқығын қорғау саласында кешенді шараларды қолға алдық. Негізгі мақсат – әділетті қоғам құру және соның арқасында дамудың сара жолына түскен озық ел болу. Сондықтан біз осы бағыттағы маңызды реформаларды жалғастырамыз, жүйелі жұмысты тоқтатпаймыз.

Тағы бір мәселе – азаматтардың қауіпсіздігі. Жеке адамнан бастап тұтас қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету – мемлекет үшін стратегиялық маңызы бар басымдық.

Көптеген елде, тіпті кейбір дамыған мемлекеттердің өзінде қылмыс пен тәртіпсіздік өршіп тұрғанына қарамастан, біз соңғы жылдары қауіпсіз қоғам құру жолында едәуір жетістікке жеттік. Көшедегі, қоғамдық орындардағы қылмыс пен заңсыздық тыйылып келеді. Дегенмен, арқаны кеңге салуға болмайды.

Менің басты міндетімнің бірі – Қазақстанды қауіпсіз әрі жайлы елге айналдыру. Құқық қорғау органдарына және басқа да жауапты мекемелерге азаматтардың қауіпсіздігін барынша қамтамасыз ету жүктелді.

Ішкі істер министрлігі ұсақ бұзақылық пен вандализмнен бастап, шетелдіктердің заңсыз көшіп келуіне және басқа да ауыр қылмыстарға қатаң тосқауыл қойып, дереу жолын кесуге міндетті. Құқықтық мемлекетте қылмыс әлеміне орын жоқ, қарақшылықты түптамырымен жою қажет. Түрлі экстремистердің, оның ішінде әсіре діншілдердің де елге іріткі салатын әрекеттеріне қатысты ұстаным дәл осындай болуға тиіс.

Құқық қорғау органдары кәсібилік, батылдық және табандылық танытуы керек.

Жол апаттары қоғамның зор алаңдаушылығын туғызып отыр. Жыл басынан бері жол-көлік оқиғасынан 1300-ден астам адам қаза болып, 16 мыңнан астам азамат зардап шекті. Адамдар күн сайын жол үстінде қазаға ұшырап жатыр. Олардың арасында тұтас отбасылар да бар.

Жол-көлік инфрақұрылымын жақсарту және интеллектуалдық жүйені енгізу арқылы жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады. Бұл – жергілікті ғана емес, республикалық жолдарға да қатысты мәселе.

Осы салаға жауапты мекеме автокөліктердің техникалық жағдайына тиісті бақылау жасауы қажет.

Жүргізушілерді даярлау деңгейінің де төмендеп кеткені жасырын емес. Жүргізуші куәлігін арнайы оқымай-ақ алатын жайттар бар. Үкімет, әкімдер, Ішкі істер министрлігі батыл қадам жасауы керек. Депутаттар бұл мәселені назарда ұстауға тиіс.

Әскер қатарында заң мен тәртіптің сақталуы – айрықша маңызды міндет.

Жастар әскерге Отан алдындағы борышын өтеуге барады. Жас сарбаздарымыз өз міндетін алаңсыз орындауы үшін әскер қатарында, ең алдымен, темірдей тәртіп болуға тиіс. Қарулы күштер мен басқа да күштік құрылымдар осы талапты мүлтіксіз орындауы қажет. Әр ата-ана әскерге кеткен баласын мемлекетке сеніп тапсырады. Сондықтан сарбаздардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне, ең алдымен, армия басшылығы және құқық қорғау мекемелерінің басшылары жауапты.

Тағы бір маңызды міндет – есірткі саудасына және нашақорлыққа қарсы күрес. Бұл – ұлттың генетикалық қорын аман сақтап қалу мәселесі деген сөз. Біз осыған дейін қажетті заңнамалық шараларды қабылдадық. Бірақ, нақты нәтижеге қол жеткіздік деуге әлі ерте. Әрбір мемлекеттік құрылым, әсіресе, құқық қорғау органдары тиімді жұмыс істеп жатыр деп айта алмаймыз. Есірткі мәселесі ушығып барады.

Біз заң мен тәртіп, білім мен парасат үстемдік ететін қоғам құруымыз керек. Азаматтары, әсіресе жастары мәдениетті, жаңашыл әрі жасампаз ұлттың ұпайы түгел. Сондықтан біз өркениетті ел болуға кедергі жасайтын жағымсыз әдеттерден арылуымыз керек. Мен бұл туралы Ұлттық құрылтайдың отырысында айттым. Елдің болашағына кесірін тигізетін бес кеселге тоқталдым. Содан бері біршама жұмыс атқарылды. Вандализмге, лудоманияға тосқауыл қоятын заңдар қабылданды. Вейпке, яғни электронды темекіге тыйым салынды. Қабылданған шаралардың нәтижесі қазірдің өзінде көрініп жатыр. Әлеуметтік кеселдің бәрімен тұтас жұрт болып жұмыла күресу қажет.

Халқымыз қашанда кең пейілімен, толеранттылығымен ерекшеленген. Еліміздің басты құндылығы – бірлік пен келісім ең алдымен, осы қасиеттердің арқасында сақталып отыр. Қазақстанда тіліне, дініне, ұлтына, әлеуметтік жағдайына және басқа да себептерге байланысты ешкімге ешқандай қысым жасалмайды, жасалуы да мүмкін емес. Әрине, мұндай жайттар ара-тұра кездеседі. Бірақ бұл көбіне жекелеген адамдардың сауатсыздығы мен жауапсыздығынан болып жатады. Құқық қорғау органдары әрдайым заң арқылы мұндай оқиғалардың жолын кеседі.

Бұған қоса бізге белгілі кейбір теріс пиғылды адамдар, оның ішінде шетелде жүргендер де бар, мәселені ушықтыру арқылы қоғамдық пікірге ықпал еткісі келеді, елімізге орынсыз шүйлігеді.

Қазақстанның қоғамында да, билігінде де ешқандай «фобия» бұған дейін болған емес, қазір де жоқ, болашақта да болмайды. Сондықтан ақша үшін ел ішіне іріткі салуды көздейтін мұндай жымысқы әрекеттерден түк шықпайтыны анық.

Біз үйлесімді, әділетті әрі тұрақты қоғам құру ісін жалғастыра береміз.

Біз – озық ойлы ұлтпыз. Сондықтан алысты көздеп, түрлі арандатушылық әрекеттерден биік тұруымыз, парасатты ел екенімізді танытуымыз және тек заңға арқа сүйеуіміз керек.

Ылғи да кейін қайырылып, өткенмен өмір сүруге, бұрынғы жүйеден немесе саяси тұлғалардан кінә іздей беруге болмайды. Өз халқыңның тарихын білу керек, бірақ одан тек еңсеңді түсіріп, өзгеге өкпе артуға себеп іздемеу қажет. Қандай қасіретті болса да, өткен оқиғалардан, ең алдымен, тағылым ала білген жөн. Біз келешекке сеніммен көз тігіп, еліміздің өсіп-өркендеуі мен дамуын ойлауымыз қажет. Мен бұл туралы үнемі айтып келемін.

Тағы да қайталап айтамын: біздің қоғамымызда заң мен тәртіп үстемдік құруға тиіс. Бұл – бүкіл қоғамның және әр адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ең басты талап. Біз сонда ғана Әділетті, Таза және Қауіпсіз Қазақстанды құра аламыз. Осы стратегиялық мақсатымызға жету үшін еліміздің бейбіт өмір сүруіне және тұрақты дамуына қолайлы сыртқы жағдай қалыптастыруымыз қажет. Бұл – қазіргі аса күрделі геосаяси ахуал кезінде өте жоғары кәсібилікті талап ететін дипломатияның міндеті.

Қазақстан бейбіт және теңгерімді сыртқы саясатты қатаң ұстанып келеді. Еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін нығайту, шетелдегі азаматтарымыздың құқықтарын қорғау, ұлттық мүдделерімізді ілгерілету, экономикаға инвестиция тарту – дипломаттарымыздың басты міндеті. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысын қатаң ұстана отырып, көп жақты ынтымақтастық орнатуға қашанда дайын екенін паш етіп келеді. Еліміз халықаралық қауіпсіздік және тұрақтылық мәселелерін шешуге белсенді атсалысады.

Біз Біріккен Ұлттар Ұйымы мен басқа да халықаралық ұйымдардың терроризмге, экстремизмге, заңсыз көші-қонға, климаттың өзгеруіне және өзге де қауіп-қатерлерге қарсы күресу жолындағы талпыныстарын құптаймыз. Сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік қызметін, қарусыздануға қатысты бастамаларын барынша қолдаймыз, қарулы қақтығыстарды дипломатиялық жолмен шешу қажет деп санаймыз.

Астанада Қазақстанның төрағалығымен Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына, Шанхай ынтымақтастық ұйымына, Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдер басшыларының саммиттері сияқты бірқатар маңызды халықаралық іс-шара өтті. Бізге қолдау көрсеткені үшін одақтастарымыз бен серіктестерімізге шынайы ризашылығымызды білдіреміз.

Құрметті отандастар!

Қазір әлемде қандай түбегейлі өзгерістер болып жатқанын білесіздер. Экономикалық, саяси, климаттық және басқа да жаһандық, аймақтық ауқымдағы қауіп-қатерлер аз емес. Осындай жағдайда күнделікті шаруамен қатар стратегиялық маңызы бар көптеген мәселені шешуімізге тура келеді. Әрине, бір мезетте барлығына бірдей ресурсымыз жетпейтіні анық.

Ешкім де бәрін табан астында өзгерте алмайды. Жылдар бойы шешімін таппай келген мәселелер бар. Біз ештеңені жасырмай, бәрін бүкпесіз ашық айтамыз. Қаншалықты күрделі болса да, барлық мәселені жүйелі әрі батыл түрде шешіп келеміз.

Алдымызда ауқымды жұмыс тұр. Тұрақты әлеуметтік-экономикалық өрлеуді қамтамасыз ету, азаматтардың жасампаздық әлеуетін толық ашу және халықтың әл-ауқатын арттыру – мемлекеттің маңызды міндеті.

Үкімет мүшелері, әкімдер, депутаттар және барша қоғам өкілдері әрдайым отаншылдық идеясына адал болуға тиіс. Әр іс елге деген жанашырлық ниетпен жасалуы керек. Әрбір қадамымыз елге пайдасын тигізуі қажет. Біз еліміздің байлығын үнемдеп пайдалансақ, табанды еңбек етсек, салық төлесек, өз өнімдерімізді сатып алатын болсақ, түрлі жобаларға инвестиция салсақ, мемлекетіміздің қуатын арттыра түсеміз. Демек Отанымызға да, отбасымызға да пайдамыз тиеді деген сөз.

Біз қиындықтарға мойымай, барлық мәселені біртіндеп, байыппен шешуіміз керек. Мұның бәрі халықтың тұрмыс-тіршілігіне ғана емес, қазіргі бұлыңғыр замандағы еліміздің тағдырына да тікелей әсер етеді.

Біздің ұзақ мерзімге арналған даму жолымыз – айқын. Биік мақсаттарымыз бар. Оған жету үшін, ең алдымен, ел бірлігін сақтай білуіміз керек. Бір-бірімізге қолдау білдіріп, құрмет көрсетуіміз қажет.

Біз – берекелі бірліктің арқасында түрлі сынақтан сүрінбей өткен халықпыз. Алдағы уақытта да солай болмақ. Бәріміз бір ел болып, әділетті және дамыған Қазақстанды бірге құрайық. Сонда әркім өз елінің кірпіші болып қаланып, арман-мұратына жете алады.

Әр адамға және баршаға бірдей мүмкіндік беретін мемлекетті, яғни Әділетті Қазақстанды болашақ ұрпаққа аманат ету – баршамызға ортақ міндет.

Мен Мемлекет басшысы ретінде осы міндетті орындауға бар күш-жігерімді саламын. Сіздер де ортақ мақсатқа жету үшін табанды еңбек етесіздер деп сенемін.

Қастерлі Отанымыз – Қазақстан өркендей берсін!

Халқымыз аман болсын!

Дүйсенбі - Понедельник, 9 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 04.00 «Жәдігер»
06.30, 04.25 «Інжу-маржан»
07.00 «TANSHOLPAN» бағдарлама
10.00 V дүниежүзілік көшпенділер ойындары
13.00, 02.30 «Тату-тәтті» реалити-шоу
14.45 «Ақорда»
15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ
15.10 «Апта»
16.00 V дүниежүзілік көшпенділер ойындары
18.00 Т/х «ЗЕЙНЕП»
20.30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21.25 Т/х «сен қасымда болмасаң»-
22.15 Т/х «ӨГЕЙ ӨМІР»
23.10 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
00.40 «Ашық алең». Қоғамдық- саяси ток-шоу
01.25 «Сана»

ХАБАР

05:00 мегахит
07:00 Оян!
10:00 Президент
10.25 Мультфильм «Медвежонок Винни и его друзья»
11.20 МультТ/с «Артур и Минипуты»
12.00 Т/х «КЕЛІНЖАН»
13.00, 20.00 Т/х «ФАТМАГҮЛ»
15.00 Т/х «ӨЗ ҮЙІМ»
16.00 V Дүниежүзілік кешпенділер ойындары, «Аударыспақ».
18.00 «Әсем әндер»
18.30 Новости
19.00 Ток-шоу «Талқы»
19.30 Жаңалықтар
22.00 Т/х «КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ»
22.50 Т/с «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-21

АСТАНА

06.00 «ҚОРҒАУШЫ ХАНЫМ» үнді т/х
06.50 «Жұрттың балалары»
07.10 МультТ/с «Машаи медведь»
09.00, 21.00 Т/х «АЛПАРСЛАН»
10.20 Т/с «СКЛИФОСОВСКИЙ-7»
11.40 «Күлпәштің хикаялары»
12.30 «ЗЫҢ ЗЫҢ КҮЛПӘШ» Т/хсы
14.35 Т/с « СЕРЕБРЯННЫЙ БОР
18.15, 00.20 Т/с «ДУРНАЯ КРОВЬ»
19.20 Т/х «ЖҮРЕК ҮНІ»
20.00 «Astanataймс»
21.55 Т/х «АДАСҚАН СЕЗІМ»
23.25 Т/х «ТАҚ ТАРТЫСЫ»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Паутина»
06.50 т/х
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Я не верю»
14.00 Новости
14.15 Жаңалықтар
14.30 Қослайқ
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Кино
01.00 Ночной кинотеатр
02.00 Новости
02.15 Жаңалықтар
02.25 т/х
03.15 «Басты жаңалықтар»
03.45 Паутина

КТК

07:05 «Әнім сен едің»
07.30, 05.00 «Намыс»
09.10 «Юморина» ш/п
11.10 Мелодрама
15.20 «Өкінбе сен»
17.20 Мелодрама
19.30, 04.35 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.50 «Астарлы Ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Мелодрама
23.40 о/детектив
01.40 мелодрама

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсемәуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 «Өшпесерлік»
09.30 «Әсемәуен»
10.00 «Единый народ»
10.30 «Біздіңөңір»
11.00 «Шіркін-ай»
11.45 «Домбыра»
13.00 «Өзекжарды»
13.30 «Шашу»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсемәуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсемәуен»
17.50 «Байлық»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.30 «Баспасөзгешолу»
19.00 «Таза мекен»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Қорытындыжаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытындыжаңалықтар (Жетісуоблысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсемәуен»

31 КАНАЛ

06:00 Әзіл студио
07.00 «Ризамын»
07.30 Тик –ток шоу
08.00 Тайм вайн
08.30 м/с
09.30, 00.50 «Әмірші әйел»
11.00 «Қызыл шербет» т/х
12.00 Тик ток шоу
12.20 «Маша и медведь»
12.50 Кино
15.00 Кино
17.40 Кино
20.00 Информбюро
21.00 Кино
23.00 кино
01.20 «31 әзіл»
02.00 Кино
03.20 Ватсап
04.00 «Әзіл студио»
04.20 1001 әзіл
04.30 Бала батл
05.00 Ватсап
05.20 ризамын

7 КАНАЛ

06.02 Т/х «Q елі»
06.45, 23.40 Т/х «Алданған арман»
07.45 Т/х
08.00 Т/х
10:00, 20.00 Т/с «Великолепный век. Хюррем»
11.00, 21.50 Т/с
17.00 т/х «Ғаламат ғасыр. Хюрем»
21.00 Т/с
00.30 Жетінші студия
01.30 Әке мен әке
02.30 Жеңіп көр
04.00 Япырай
04.50 Құтты қонақ
05.52 үзіліс

Сейсенбі - Вторник, 10 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 04.15 «Жәдігер»
06.30, 15.00, 20.00, 00.10 Ақпарат
07.00 «TANSHOLPAN».
10.00 V ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ.
13.00, 02.50 «Тату-татті». Реалити-шоу
14.40, 01.25 «Әлем жене біз»
15.15, 21.25 Т/х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ...».
16.00 V ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ
18.00 Т/х «ЗЕЙНЕП»
20.30 «АШЫҚ АПАҢ» Когамдық-саяси ток-шоу.
22.15 Т/х «ӨГЕЙ ӨМІР»
23.10 «1001 ТҮН», Қоғамдық бағдарлама
00.40 «Ашық алаң». Қоғамдық сияси ток-шоу
01.45 «Сана»
04.40 «Ауылдастар»

ХАБАР

05.00 «Детектив әже» т/х
07.00 «Оян!»
10.00 Мультфильм «Тайна парка развлечений»
11.30 МультТ/с «Артур и Минипуть»
12.00 Т/х «КЕЛІНЖАН»
13.00, 20.00 Т/х «ФАТМАГҮЛ»
15.00, 22.00 Т/х
16.00 V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары
18.00 «Әсем әндер»
18.30 Новости
19.00 Ток-шоу «Итоги
19.30 Жаналықтар
22.50 Т/с «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-2»

АСТАНА

06.00 Т/х «ҚОРҒАУШЫ ХАНЫМ»
06.50 «Жұрттың балалары»
07.10 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 Т/х«АЛПАРСЛАН»
10.20 Т/с «СКЛИФО- СОВСКИЙ-7»
11.40 «Күлпәштаң хикаялары»
12.30 «ЗЫҢ ЗЫҢ КҮЛПӘШ»
14.35 Т/с «СЕРЕБРЯННЫЙ БОР»
18.15, 00.20 Т/с «ДУРНАЯ КРОВЬ»
19.20 «ЖҮРЕК ҮНІ» Т/хсы
20.00 «Astanatimes»
21.55 «АДАСҚАН СЕЗІМ» үнді Т/хсы
23.25 «ТАҚ ТАРТЫСЫ» Т/хсы

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.45 «Паутина»
07.00 т/х
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10:00 «Модный приговор»
11.05 «Давай поженимся!»
12.00 Т/с
14.00 Новости
14.15 Жаңалықтар
14.30 Қослайк
18.30, 03.15 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Фильм
01.00 Ночной кинотеатр
02.00 новости
02.15 жаңалықтар
02.25 т/х

КТК

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «НАМЫС», өзбек Т/хсы.
09.40 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
10.20 БЫЛО ДЕЛО»
11.20 Т/с «ШЕФ. НОВАЯ ЖИЗНЬ»
13.20 Т/с «НАПЕРЕКОР СУДЬБЕ»
15.20 «ӨКІНБЕ СЕН»
17.20 Т/с «БЕССМЕРТНИК»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «НАПЕРЕКОР СУДЬБЕ», мелодрама.
23.40 Т/с «ШЕФ, НОВАЯ ЖИЗНЬ»
01.40 «БЕССМЕРТНИК».
03.50 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ (қайталау)
04.35кешкі жаңалықтар (қайталау)
05.00 «НАМЫС», өзбек

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісуоблысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісуоблысы)
11.00 «Домбыра»
12.00 «19 аймақ»
12.30 «Баспасөзгешолу»
13.00 «Таза мекен»
13.30 «Аман болайық»/ тікелей эфир
14.15 «Әсем әуен»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсемәуен»
17.50 «Құрмет»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Дала сыры»
19.30 «Сіз не істедіңіз?»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытындыжаңалықтар (Жетісуоблысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 Информбюро (рус., каз.)
08.00 Tik Tok show
08.30 МультТ/с «Маша и медведь»
09.30 «ӨМІРШІ ӘЙЕЛ»
11.00 «ҚЫЗЫЛ ШЕРБЕТ» Т/х
12.00 Tik Tok show
12.20 МультТ/с «Маша и медведь»
13.10 «КҮШІК ҚҰДА - КВАРТИРАНТЫ» (повтор)
15.20 Х/ф
17.20 Х/ф «АНГЕЛЫ ЧАРЛИ»
20.00 Информбюро (рус, каз.)
21.00 Х/ф «ЗАЛОЖНИЦА»
23.00 Т/с «КЛЮКВЕННЫЙ ЩЕРБЕТ»
00.00 «ӨМІРШІ ӘЙЕЛ, Т/х
01.20 «31 езіл»
02.30 Time Vine
02.50 TikTok show
03.20 What's up?
04.00 Әзіл студио
04.20 1001 Әзіл
04.30 BALA BATLLE
05.00 Ватсап
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 «Q-eni»
06.45, 23.40 Т/х «АЛДАНҒАН АРМАН-2»
07.45 Кухня «Великолепного Века»
08.00, 18.00 Т/х «АБЫСЫНДАР-2»
10.00, 20.00 Т/с «ВЕЛИ- КОЛЕПНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ»
11.00 Т/с «ЧЕЛНОЧНИЦЫ»
13.00 Т/с «ПОКА СТАНИЦА СПИТ»
17.00 Т/х «ҒАЛАМАТ ҒАСЫР. ХЮРРЕМ»
21.00 Т/с «ЭРТУГРУЛ»
21.50 Т/с «ЧЕЛНОЧНИЦЫ»
00.30 «Әйгерім Сейфолланың Сырласуы»
01.30 Т/х «ӘКЕ МЕН ӘКЕ»
02.30 «Жеңіп көр». Бағдарлама
04.00 «Япырай»
04.50 «Құтты қонақ» Бағдарлама
05.52 Үзіліс

Сәрсенбі - Среда, 11 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.05,04.40 «Жәдігер»
06.30, 14.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ
07.00 «TANSHOLPAN».
10.00 V ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ
12.10, 02.50 «Тату-тәтті»
14.15, 01.25 «Қос палата»
14.35,04.15 «Ақсауыт»
15.00, 21.25 Т/х
16.00, 17.10 Т/х «ЗАМАНДАСТАР».
18.00 Т/х «ЗЕЙНЕП»
19.00 Т/х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ»
20.30 «АШЫҚ АЛАҢ»
22.15 Т/х «ӨГЕЙ ӨМІР»
23.10 «1001 ТҮН».
00.40 «Ашық алаң».
01.45 «Сана»
04.55 «Ауылдастар»

ХАБАР

05.00 Т/х
07.00 «Оян!»
10.00 «Неосеть»
10.20 «Көзқарас»
10.45 Мультхикая
12.00 Т/х «КЕЛІНЖАН»
13.00, 20.00 Т/х «ФАТМАГҮЛ»
15.00 V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары. «Көкпар». Жартылай фин Тікелей эфир!
17.30, 22.50 Т/с «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-2»
18.30 Новости
19.00 Ток-шоу «Талқы»
19.30 Жаңалықтар
22.00 Т/х «КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ»

АСТАНА

06.00 Т/х
06.50 жұрттың балалары
07.10 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 түрік т/х
10.20 Т/с
11.40 Күлпәштің хикаялары
12.30.35 Зың зың Күлпәш
14.35Т/с
18.15, 00.20 Т/с «Дурная кровь»
19.20 Жүрек үні
20.00 Астанатаймс
21.55 Т/с
23.25 Тақ тартысы

ЕВРАЗИЯ

06.00 «П@УТІNA»
07.00 «СВЕТ И ТЕНЬ» Т/хсы
08.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
09.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10.10 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11.05 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯІ»
12.00 М/ф «КОРОТКОЕ СЛОВО НЕТ»
14.00 «НОВОСТИ»
14.15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KOREMIZ» бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 «ШЕЛЕСТ»
01.00 Х/ф «Я НЕ МОГУ БЕЗ ТЕБЯ»
02.00 «НОВОСТИ»
02.15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
02.25 «ВЕЧНОСТЬ» т/х
03.15 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
03.45 «Паутина» бағдарламасы

КТК

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «НАМЫС», өзбек Т/хсы.
09.40 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
10.20 «БЫЛО ДЕЛО»
11.20Т/с «ШЕФ. НОВАЯ ЖИЗНЬ»
13.20 Т/с «НАПЕРЕКОР СУДЬБЕ»
15.20 «ӨКІНБЕ СЕН» Т/хсы
17.20 «БЕССМЕРТНИК», мелодрама,
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 АСТАРПЫ АҚИҚАТ»
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «НАПЕРЕКОР СУДЬБЕ»
23.40 «ШЕФ. НОВАЯ ЖИЗНЬ»
01.40 «БЕССМЕРТНИК»
03.50 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ» (қайталау)
04.35 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
05.00 «НАМЫС», Т/хсы

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсемәуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісуоблысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісуоблысы)
11.00 «Домбыра»
12.00 «19 регион»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Дала сыры»
13.30 «Әсемәуен»
14.30 «Сіз не істедіңіз?»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсемәуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсемәуен»
17.50 «Дос»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Мақсатынажеткендер»
19.30 «Агро аймақ»
20.00 Қорытындыжаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытындыжаңалықтар (Жетісуоблысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Келіпкөр»
22.15 «Әсемәуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 Информбюро (рус., каз.)
08.00 Tik Tok show
08.30 «Маша и медведь»
09.30 «ӨМІРШІ ӘЙЕЛ» Т/хсы
11.00 «ҚЫЗЫЛ ШЕРБЕТ» Т/хсы
12.00 Tik Tok show
12.20 МультТ/с «Маша и медведь»
13.00 Х/ф «ХИЩНИК»
15.30 Х/ф «ЗАЛОЖНИЦА»
17.30 Х/ф «Двойной УДАР»
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 Х/ф «ЗАЛОЖНИЦА-3»
23.20 Т/с «Клюк- ВЕННЫЙ ЩЕРБЕТ»
00.20 «ӨМІРШІ ӘЙЕЛ. Т/хсы
01.40 «31 азіл»
02.30 Time Vine
02.50 Tik Tok show
03.20 What's up?
04.00 Әзіл студио
04.20 1001 Әзіл
04.30 BALA BATLLE
05.00 What's up?
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
06.45, 23.40 Т/х «АЛДАНҒАН АРМАН-2»
07.45 Кухня «Великолепного века»
08.00, 18.00 Т/х «АБЫСЫНДАР-2»
10.00, 20.00 Т/с «ВЕЛИ- КОЛЕПНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ»
11.00, 21.50 Т/с
13.00 Т/с «ПОКА СТАНИЦА СПИТ»
17.00 Т/х «ҒАЛАМАТ ҒАСЫР. ХЮРРЕМ»
21.00 Т/с «ЭРТУГРУЛ»
00.30 Late night show with Динара Сатжан
01.30 Т/х «ОКЕ МЕН ӘКЕ»
02.30 «Жеңіп көр». Бағдарлама
04.00 «Япырай»
04.50 «Құтты қонақ» Бағдарлама
05.52 Үзіліс

Считать недействительными утерянные бланки ИБР въезд из третьей страны Россия № 0265162, № 0265163 Литва № 0224539 ТОО «ArsenalMDB». БИН – 220840014846

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МАМАН МІНБЕРІ

АЛИМЕНТ ТӨЛЕУ – ПАРЫЗ

ОТБАСЫ – ШАҒЫН МЕМЛЕКЕТ. БІРАҚ БҮГІНДЕ ШАҢЫРАҚТЫҢ УЫҒЫН ҚАДАП, КЕРЕГЕСІН КЕРГЕН ЖҰПТАРДЫҢ АЖЫРАСУЫ ЖИІЛЕП БАРАДЫ. СОНЫҢ САЛДАРЫНАН АСЫРАУШЫСЫ ЖОҚ ЖӘУДІРКӨЗ БАЛАЛАР ЗАРДАП ШЕГЕДІ.

Шаңырағы шайқалған әр отбасында біреуге дұрыс, екіншіге бұрыс көрінетін өзіндік себептер бар. Өкініштісі, келісімге келе алмаған қос тарап үшін шиеттей балалардың тағдыры екінші орында қалып қояды. Соның кесірінен алименттік міндеттер туындайды. Елімізде алименттен жалтару үшін бауыр еті баласынан бас тартып жатқандардың саны артып келеді. Өз баласын тастағандарға қандай жаза бар? Алименттік міндеттемелердің өзіне тән белгілері қандай?

Ерлі-зайыптылар ажырасқанда кәмелеттік жасқа толмаған балалар болса, алимент төлеу мәселесі ерікті немесе мәжбүрлеп талап ету арқылы шешіледі. Ең алдымен алимент кімдерге төленетінін анықтап алайық. Заң бойынша алимент тек кәмелеттік жасқа толмаған балаларға ғана төленеді деген қате түсінік. Алимент мына санаттағы адамдарға төленеді: кәмелетке толған, бірақ еңбекке жарамсыз балалар, еңбекке жарамсыз ерлі-зайыптының бірі, жүкті зайыбы, I-II топтағы мүгедек деп танылған балалар (18 жасқа дейін),18 жасқа толғанға дейін мүгедек балаға күтім жасайтын мұқтаж зайыбы, еңбекке жарамсыз ата-ана. Заң бойынша ай сайын төленетін алименттің мөлшері бар. Яғни бір балаға – алимент төлеуші тараптың ай сайынғы табысының төрттен бірі, екі балаға – үштен бірі, ал үш немесе одан да көп балаға табысының жартысы берілуі керек. Ескере кететіні, сотта осы үлестердің мөлшері тараптардың материалдық немесе отбасылық жағдайына қарай азайюы немесе ұлғаюы мүмкін.

Жеке сот орындаушыларымен, алимент төлемей қашып жүрген борышкерлерге, Қазақстан Республикасынан шығуына уақытша шектеу, мүлкін тәркілеп қана қоймай, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық Заңының 669-бабына сәйкес 10 АЕК көлемінде айыппұл салудан 5 тәулікке дейін қамауға алу және де қылмыстық жауапкершілікке тарту сынды шаралар қолданылады.

Мақсат САРЧУЛАКОВ,
Жетісу облысы бойынша
жеке сот орындаушысы.

«КЕПІЛ» – ҚАЙ КЕЗДЕ ҚОЛДАНЫЛАДЫ

БҰЛТАРТПАУ ШАРАЛАРЫ – АЙЫПТАЛУШЫНЫҢ, АЛ ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА КҮДІКТІНІҢ ЖЕКЕ БАС БОСТАНДЫҒЫН ШЕКТЕУДІҢ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ҚҰРАЛДАРЫН БІЛДІРЕТІН ІС ЖҮРГІЗУШІЛІК МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕ ТОБЫ. БҰЛТАРТПАУ ШАРАЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҚСАТЫ АЙЫПТАЛУШЫНЫҢ, КҮДІКТІНІҢ ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ АЛДЫН АЛУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Алдын ала тергеу органдарынан және соттан жасырынуы; олардың қылмыстық іс бойынша объективті ақиқатты анықтауға кедергі жасауы; қылмыстық әрекетті жалғастыруы мүмкін деген мақсатпен қолданылады.

Күдікті, айыпталушы Қылмыстық-процестік Кодексінде (ҚПК) көзделген «ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлық туралы қолхат», «жеке кепілгерлік», «әскери қызметшіні әскери бөлім қолбасшылығының байқауда ұстауы», «кәмелетке толмаған адамды қарауда ұстауға беру», «кепіл», «үйқамақ» түріндегі шараларды бұзатын іс-әрекеттерді жасаған жағдайда оларға неғұрлым қатаң бұлтартпау шарасы қолданылады, ол туралы күдіктіге, айыпталушыға тиісті қаулының көшірмесін табыс ету кезінде жарияланады.

ҚПК-тің 145-бабына сәйкес, кепіл сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның, прокурордың немесе соттың шақыруы бойынша оларға күдіктінің, айыпталушының келуі жөніндегі міндеттерін орындауын қамтамасыз ету үшін сот депозитіне күдіктінің, айыпталушының өзінің не басқа адамның ақша енгізуінен тұрады. Бұрын таңдалған күзетпен ұстау немесе үйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасы кепілмен ауыстырылған жағдайда, күдікті, айыпталушы кепіл іс жүзінде енгізілгеннен кейін ғана күзетілуден босатылады. Кепіл түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған кезде күдіктіге, айыпталушыға – олардың міндеттері және оларды орындамаудың салдары, ал айыпталушы, күдікті болып табылмайтын кепіл берушіге – адамның қандай қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілетіні, айыпталатыны, жасалған іс-әрекет үшін заңда көзделген жаза, күдіктінің, айыпталушының тиісті мінез-құлқын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер және олардың шақыру бойынша келуі, сондай-ақ осы міндеттерді орындамаудың салдары түсіндіріледі.

Күдікті, айыпталушы кепілмен қамтамасыз етілген міндеттерді дәлелді себептерсіз орындамаған жағдайда, прокурор тергеу судьясына кепілді мемлекет кірісіне айналдыру туралы өтінішхат жібереді. Ал сот тиісті шешім қабылдайды, яғни жоғарыда аталған міндеттерді күдікті, айыпталушы дәлелді себептерсіз орындамаған жағдайда соттың шешімімен кепілдік ақша, құндылықтар, жылжитын және жылжымайтын мүлік мемлекет кірісіне айналдырылады.

Анар ТОХТЫБАКИЕВА,
Алматы облысы
Іле аудандық сотының судьясы.

БІЛІМ

МҰҒАЛІМ ҮНЕМІ ІЗДЕНІСТЕ БОЛУ КЕРЕК

Қазіргі қоғам – ақпарат пен жаңа технологияның дамыған уақыты. Сондықтан да мұғалім де осы көштен қалмауы тиіс. Жаңаша білім беруде ұстаздың білімі мен біліктілігі ауадай қажет. Ол үнемі ізденіс үстінде жүруі тиіс. Әсіресе, жаңа технологияны меңгеріп, жаңаша білім беруде тың жаңалықтар ашуға міндетті. Себебі бүгінгі нарық заманы да соны талап етуде.

Біз әдетте «Мұғалім мәртебесі түсіп кетті» деп жатамыз. Бірақ мұғалімнің мәртебесінің түсуіне тікелей қоғам кінәлі емес. Ұстазды сыйлауды әрбір адам өзінен бастау керек. Ұстаз ең бірінші – мейірімді болғаны жөн. Себебі мейірім – әлемді құтқарады. Қазіргі қоғамда жас та, жасамыс та мейірімге, жылулыққа зәру екен анық. Ал біздің мектептегі мүмкіндігі шектеулі балалардың бойында мейірім де, адамгершілік те, махаббат та бар. Олар үнемі бір-біріне көмек қолын созуға дайын. Олар үшін мейірім мен махаббат маңызды. Жақсылыққа ұмтылғыш шәкірттерімді білім нәрімен сусындатуға, қоғамға бейімдеуге, қоғам көшінен қалып қалмауға, қоғаммен бірлесе жұмыс істеуге баулимын.

Ұстаз ұл мен қызды ғана емес тұтастай ұлтты тәрбиелеуші. Сондықтан да жастарды тәрбиелеу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Осы жолда ұстаздың еңбегі орасан зор. Алайда, мұның бәрі көзге көрінбейтін еңбек болып көрінуі мүмкін. Бірақ бұл өте үлкен әрі жауапты жұмыс. Ұстаздың ерен еңбегін ұлы ететін сөзі емес істеген ісі, шәкіртіне берген білімі. Дана халқымыз «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деп тегін айтпаған. Міне, қазіргі қоғамда ұстаздың ұлы ісін жоғары бағалайтын, мерейін асырып, мәртебесін көтеретін жас ұрпақ көп болуы тиіс. Мұғалімнің мәртебесінің биік болуына ұстаз ғана жауапты емес. Ұрпақ тәрбиесіне ата-ана, ұстаз жауап беруі тиіс. Ұрпақ тәрбиелеу, оларға саналы тәрбие мен сапалы білім беру жолында төзімділік пен шыдамдылық, жауапкершілік пен табандылық ауадай қажет.

Абай Құнанбайұлының «Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан болады» деген қанатты сөзін санамызға сақтап, көкейімізге түйіп алуға міндеттіміз. Енді дәл осы жолды кейінгі жас буынға да кеңінен насихаттауымыз қажет. Әсіресе, болашағынан көп үміт күттіретін баланың бойына ұлттық қасиеттерді ерте жастан сіңірген жөн. Ұлттық қасиеттер меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылығы, мәдениеттілігі арқылы ерекшеленеді. Қазіргі уақытта бізге жетіспей жатқаны – өзіміздің қазақи өмір тіршілігіміз бен шығыстық дүниетанымдағы ұлттық мектебімізді құру. Тәрбие мектебі болып табылатын қазақтың мақал-мәтелдері мен аңыз-әңгімелері дүниежүзілік тәжірибеде батыстық ұғымдармен сәйкес келе бермейтіні анық. Қазақи дүниетанымның өзегі – адамшылық. Осы адамшылық жолда біз бар білімді ең бірінші ұстаздан алатынымыз анық.

Жадыра АЙКЕНОВА,
Қадырғали Қосымұлы Жалайыри
атындағы орта мектеп-
гимназиясының мұғалімі.

КӨКСУ АУДАНЫ

БІТІМГЕРШІЛІК

МЕДИАЦИЯНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ ТАБЫСТЫ

Өмір болған соң қоғамда азаматтардың арасында сан түрлі келіспеушіліктер, даулы мәселелер туындамай тұрмайтыны ақиқат. Міне, сондай мәселелерді шешуде медиаторлардың қызметіне жүгіну өте тиімді. Өйткені медиация даулы мәселелерді шешуде әлемде өзін-өзі толық ақтаған процесс. Сондықтан да тұрғындардың қандай да бір азаматтық келіспеушіліктер туындай қалған жағдайда кәсіби медиаторлардың қызметіне жүгінгені абзал.

Дауласушы тараптарды татуластыру, оларды бітімге келтіру ертедегі қазақтың дала демократиясында қалыптасқан билер институтының өркениеттік үлгісі ретінде қайта оралды деуге болады. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV «Медиация туралы» Заңы қоғамда орын алып отырған дауларды сотқа жеткізбей шешіп, тараптарды татуластыруды көздеп отыр. Бұл әрбір тұлға үшін тиімді болады. Белгілі уақыт ішінде өз шешімін табатыны сөзсіз.

Медиацияның мақсаттары мыналар болып табылады: дауды (дау-шарды) шешудің медиацияның екі тарапын да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу; тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету.

Медиацияны жүргізу қағидаттары: еріктілік; медиация тараптарының тең құқылығы; медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы; медиация рәсіміне араласуға жол бермеушілік; құпиялық.

«Медиация туралы» Заңының 13 бабына сәйкес, медиаторлар ұйымдары медиаторлардың бастамасы бойынша «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ұйымдық-құқықтық нысандарда құрылған коммерциялық емес, мемлекеттік емес, өзін-өзі қаржыландыратын және өзін-өзі басқаратын ұйым болып табылады.

Заңдық анықтамаға жүгінсек, медиация кезінде үшінші, бейтарап жақ, яғни медиатор дауласушы тараптар арасында ерікті келісімнің түзілуіне түрткі бола отырып, дау-жанжалды шешуге жәрдемдеседі. Яғни азаматтар өзара туындаған даудамайларды іс сотқа жолданғанға дейін шеше алады. Медиатор араздасушы екі жақпен де жеке-жеке әңгімелесіп, ушыққан жағдайды реттеудің, сауықтырудың барынша әділетті, ұтымды амалдарын қолданады. Қандай да бір тарап ымыраға келуден бас тартса, медиатор бұл күрделі жағдайды өзінің парасат-пайымы мен біліктілігі арқасында шебер шешуге тырысады.

Көбіне азаматтық істерде сот шешіміне бір ғана тарап қанағаттанады, екінші тарап сот шешіміне риза болмағандықтан, істі апелляциялық, кассациялық сатыларында қайта қарауға өтініш береді. Аталған сатылардың әрқайсының өзінің уақыт мерзіміне байланысты істерді қарау бірнеше айға, ал кейбір жағдайларда жылға созылып кетеді. Медиация әдісі арқылы азаматтар уақыт пен қаржы шығындарын үнемдейді.

Самал ҚАЛИМОЛДИНОВА,
Талдықорған қалалық сотының
судьясы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

АЛҚЫЗЫЛ ГҮЛДЕР

Қараңғылық қоюлана бастаған, түннің баспалдақпен көтеріліп келе жатқан сәті. Қоңыр салқын күзді жақтырмай ұясына ерте қонақтаған күн алқызыл шапағын әлі жинап үлгермеген. Абыр-сабыр жүргіншілер де саябырсыған. Бәрінің де жұмыстан келіп, тамақтанып жатқан мезгілі. Аула сыпырушының рөліне енген тентек жел ғана ысқыра ұйытқып, сары теңгелердей шашылған жапырақтарды асфальт жолдың біресе ана, біресе мына жағына лақтырады. Жолдың оң жағында орналасқан, жарығы жарқыраған «Гүлдер» атты дүңгіршектің жанындағы автобус аялдамасында бүрісіп бір адам отыр. Тарақ дегенді көрмей ұйысқан шашынан, иегін жапқан қауға сақалынан, үстіндегі тозығы жеткен, алқа-салқа жеңіл күртесі мен ескі аяққиімінен, күбідей іскен бет әлпетінен өзін күтпейтін жандардан екені байқалып тұр. Үйсіз-күйсіз қаңғыбас екені анық. Дүкеннен бір жігіт шығып, аялдамаға қарай беттеді. Бір қолына жақсылап оралған алқызыл раушан гүл шоғын ұстаған. Екінші қолындағы ұялы телефонмен әлдекіммен сөйлесіп келеді. Оны көрген аялдамада отырған қаңғыбас орнынан қозғалақтап қойды. Жігіт жақындай бере қолындағы гүлін жерге тастай салды.

– Таңдағаның сол болса енді мені көрмейсің! – осылай деп дауыстаған ол телефонын өшіріп, қалтасынан темекісін алып тұтатты.

Бірдеңе айтпақ болып оқталған аялдамадағы адам жігіттің зілді дауысын естіп, сұсты жүзін көргеннен кейін онысынан айнып қалды. Орнынан тұрып, дүкен жаққа көз салды. Сол кезде қарсы бағыттан жарығы қараңғылықты тіліп, қатты келе жатқан жеңіл көлікті байқады. Кенет жаңағы жігіт жол бойына жүгіріп шықты. Жеңіл көлік шиқылдатып тежегішін басып, шыр айналғанымен жігітті қағып үлгерді. Содан кейін сәл тоқтап, артқа шегінді де, бағытын жол бойына туралап алып, қараңғылыққа сүңгіп ғайып болды. Осының бәрі қас-қағым сәтте өтті. Абдырап қалған қаңғыбас әлгі жігіт тастаған гүлді алып, көзден тасаланды. «Гүлдер» дүңгіршегінің дүкеншісі аялдамаға жүгіріп келіп, жігітті қозғап қарап, дереу ұялы телефонын алып, қоңырау шалып жатты.

* * *

– Жігіт тірі қалғанымен, әлі өзіне-өзі келе қойған жоқ, – деді аға лейтенант Сарым Сырбазов. – Өкінішке қарай, ол жерде бейнебақылау камерасы орнатылмаған. «Гүлдер» дүңгіршегінің дүкеншісі жігітті қансырап жатқан күйінде көріп, жедел жәрдем шақырған. Айтуынша, ол маңайдан өзге ешкімді байқамаған. Адам нөпірі бәсеңситін сәт қой. Біз қазір көлік жөндеу және жуу орталықтарына сұрау салып жатырмыз.

– Ал қағылған жігіт Бәкес туралы мынадан басқа қосымша мәліметтер бар ма? – деп полиция бастығы инспекторға қолындағы қағазды көрсетті.

– Әзірге ештеңе жоқ. Адам қаққан көліктің маркасы мен нөмірін анықтау жұмыстары жалғасуда. «Гүлдердің» дүкеншісі, жігіттің соның алдында ғана қымбат тұратын алқызыл раушан гүл шоғын саудалағанын айтты. 15 минуттан кейін жігітті көлікке қағылып жатқан жерінен көрген. Алайда, қасында гүл болмаған. Аялдамада қоқыс тастайтын жәшік жоқ. Дүкенші полицияға қоңырау шалғанда, оған сол жерден кетпеу тапсырылған. Сол себепті гүлді қайта сату үшін дүкенге апарып тастауы мүмкін емес.

– Айтуың орынды, гүлді қайта сатқысы келсе, ол жайлы сөз қозғамас еді. Себебі өзінен басқа ешкім білмейді ғой. Сен сол дүкеншімен тағы бір сөйлесіп көр. Ол жерде тағы бір адам болған шығар? Камера жоқ, оны көре алмаймыз. Жігітті кім қаққанын сол білуі тиіс. Алайда, гүл оған неге керек? Әлде әйел адам ба екен? Есі дұрыс адам болса, қағылған жігіттің қасындағы гүлді алып не істемек? Неге бізге келіп хабарласпайды? Жұмбақ куәгерге қалай шығамыз? Әңгіме сонда ғой! Бізде қазір одан өзге жол оқиғасына куәгер жоқ. Көлік жөндеу және жуу орталықтарына да осы уақытқа дейін күдікті ешкім хабарласпаған. Жігіт әзірге ештеңе айта алмайды, уақыт болса өтіп жатыр. Қылмыскер құтылып кетуі де мүмкін. Демек, бұл жұмбақтың шешуі жоғалып кеткен алқызыл раушан гүлдерге жасырылған болар?

– Жолдас полковник, біз жігіттің гүлді кімге алғанын анықтау мақсатында ағайын-туыстарымен, бірге араласып жүрген жолдастарымен сөйлесіп, кездесіп жүрген қызын таптық. Есімі – Таңгүл. Қыз сол күні «Гүлдер» дүңгіршегінің арғы жағында орналасқан барда, бірге оқыған курстастарымен тамақтанып отырған. Оның ішінде, мектеп кезінде бірге жүрген жігіті де болған. Айтуынша, қазір араларында ешқандай байланыс жоқ. Бірақ Бәкес айтқанына сенбей, одан қызғанады екен. Олардың барда отырғандарын біреу жеткізсе керек. Барға іздеп барып, Таңгүлге орынсыз тиіскеніне шыдамаған қасындағы жігіттер күштеп сыртқа шығарып жіберген. Ілесе кетпек болған қызды үгіттеп алып қалған. Әңгімелескенде Таңгүл тынбастан жылап отырды. Соған қарағанда жігітті шексіз сүйетін сияқты.

– Алайда, ол жерге барғанда қолында гүл болған жоқ емес пе? Дүкенге келіп, неге алды? Кері барып, кешірім сұрамақ па? Әлде біреуге апара жатты ма? Соған асығып көлікке қағылды ма екен? Жолдың арғы бетіне неге өтпек болды? Сол жерде досы, туысы бар ма? Оған ештеңе айта алмайсыз. Қатты келіп қағуына қарағанда, көліктің жылдамдығы да жоғары. Қаққаннан кейін алғашқы көмек көрсетіп, жедел жәрдем шақырмастан ізін жасырған. Ол жерде жаяу жүргіншілер өткелі жоқ, жылдамдықты шектейтін белгі де қойылмаған. Аялдама да жақында салынды ғой. Жалпы бағытыңыз дұрыс. Әзірге осылай жұмысты жалғастыра беріңіз. Сонымен қатар, ол көшеде камера болмағанымен басқа жерлерде тұр. Оны да мұқият қараңдар. Дәл сол уақытта қай көлік жол оқиғасы болған көшеге бұрылды? Осыны анықтаңдар, – деді полиция бастығы.

* * *

Аурухана алдына тоқтаған таксиден ұзын бойлы, жұқалтаң келген ақ сары қыз түсіп, алдына төгілген жібектей қара шашын артына қарай бір сілкіп тастады. Сөмкесінен кішкентай айнасын алып, жағасын түзеп, ішке енді. Алдынан шыққан кезекші медбикеден:

– Кеше көлік қағып кеткен жігіт осында түсті ме? Емдеуші дәрігеріне жолығуға бола ма? – деп сұрады. Медбике бағыт сілтегеннен кейін сол бөлмеге беттеді. Жаймен есік ашып, көзілдірікті дәрігердің қасына келіп отырды. Ол амандасқаннан кейін дәрігер жауап қайтарып, шаруаңызды айта беріңіз деген кейіп таныттты.

– Менің есімім Перизат! – деді қыз. – Көлік қағып, ауыр жағдайда осында түскен жігіттің халін білейін деп келдім. Керек дәрілерін алып берейін.

– Сіз оның кімі боласыз?

– Туысымын.

– Ота сәтті шыққанымен жігіттің жағдайы ауыр. Біз қолымыздан келген емді жасаймыз. Жансақтау бөлмесінен палатаға көшірдік. Әзірге онда жалғыз жатыр. Жаңа әкесі мен анасы келіп кетті.

– Ол аман қала ма?

– Аман қалады, бірақ өмірі мүгедектер арбасына таңылумен өтеді. Қыз жүзі тұнжырап, басын төмен салды. Сәлден кейін бойында әлдебір үміт оянғандай дәрігерге қарап:

– Айтыңызшы, шетелге апарып емдетсе нәтижесі бола ма? – деп сұрады.

– Қарсы емеспін, апарыңыздар. Бірақ жұлынына зақым келген, бірдеңе шығады деп айта алмаймын.

Біраз әңгімелескеннен кейін Перизат дәрігер берген дәрілер тізімін алып, жігіт жатқан палатаға енді. Қасында бір қыз отыр екен. Қыздың айтуынша, тыныштандыратын дәрі берген соң науқас қалың ұйқыға кетіпті. Көпке дейін оянбайды. Сол сәт қыздың қалтасындағы ұялы телефоны шырылдады. Дәлізге шығып сөйлескенімен оның дауысы Перизатқа анық естіліп тұрды.

– Білмеймін, – деді қыз әлдекімге, – басым қатып кетті. Көлік қатты қаққан. Енді ол мүгедек арбасына таңылады екен. Қанша сүйгеніммен де қасында күтуші болып өмірімді өткізе алмайтын сияқтымын. Менің алға қойған мақсатым, жоспарым бар. Бастысы, аман қалды ғой, соны медет тұтып өмір сүремін. Қазір оның қасынан кетсем де, бірге жүрсем де оған қиын тиері анық. Қанша кінәласа да, кешірмесе де онымен арадағы байланысты үземін. Бұл ол үшін де, мен үшін де тиімді болады деп ойлаймын. Бір күндері бәрін түсінеді. Рақмет, жарайды, кешке сол жерден күтемін…

Перизат жігітке сәл қарап тұрды да, телефонмен сөйлесіп тұрған қызға жақтырмай көз тастап жанынан өте шықты. Бірден дәріханаға тартты.

– Оу, Перизат! – деген дауысты естіп жалт қараса, көптен көрінбей кеткен құрбысы екен. – Ең сұлу бизнес леди! Мұнда не қылып жүрсің? Көлігің қайда? Неге жаяусың? Тағы да қайырымдылық жасауға келдің бе?

– Нәзипа! Сен қайдан жүрсің?

Қос құрбы құшақтасып, бір-бірінің бетінен сүйіп, мәз болды.

– Жүр, дәрі алып ауруханаға жеткізіп тастайық. Содан кейін екеуміз асықпай отырып сөйлесейік. Бала күннен бірге өскен, сырға берік құрбымсың ғой. Қазір маған дәл сенің ақылың артық етпейді.

– Түсің қашып кетті ғой, Перизат, – деді құрбысы алаңдаушылық білдіріп. – Не болып қалды?

– Бұл жерде айтатын әңгіме емес, дәрілерді алған соң осы маңдағы кафеде бірге тамақтанайық. Сонда айтамын.

Екеуі дәріханаға беттеді.

* * *

– Сізге өткенде айтқаныма алып-қосарым жоқ, – деді дүкенші, – нені есіме түсіруім керек? Ол жерде тек мен болдым.

– Ендеше, басқа сұрағым жоқ, – деді инспектор Сарым Сырбазов кетпекке жиналып.

– Тоқтай тұрыңызшы,– деген дүкенші орнынан тұрып терезеден сыртқа қарады да, – осы жерде Мантас деген маскүнем жүреді. Көбіне анау аялдамада отыратын. Үйі қай жерде екенін білмеймін. Әйтеуір жақын маңда тұратын сияқты. Жол оқиғасы болған күні сол маған келіп, қарызға ақша сұрады. Оған дейін де бір-екі рет алып қайтармаған. Ұрыстым. «Мен саған айттым ғой. Бұл арақ-сыра сататын жер емес. Мұнда гүл сатылады», – деп айқайлап қуып жібердім. Бірақ соңғы екі күннен бері көзіме түскен жоқ. Бір көшеден кейін азық-түлік дүкені бар. Сондағы дүкеншілерден сұрап көріңізші. Арақ алуға барады ғой.

Сарым рақметін айтып, көлігіне отырды. Айтылған жерге келсе, үлкен дүкен екен. Келгендерге екі бірдей дүкенші қызмет көрсетіп тұр. Тәжірибелі инспектордың көзі бірден су құйылған ыдысқа салынған алқызыл раушан гүлдерге түсті. Дүкенші алдындағы кісісін жіберіп алсын деп сәл күтті. «Гүлді таптық,– деп ойлады Сарым. – Оны мұнда әкелген адамды да анықтармыз. Бірақ жігітті қаққан көлікті көрген-көрмегені бізге беймәлім. Маскүнем болса осында әкеліп,

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

бір шөлмек араққа сатып кеткен шығар». Әңгіме барысында дүкеншілер, Мантас деген адамның үнемі өздерінен арақ алатынын, соған ризашылығын білдіріп, гүл сыйлап кеткенін жеткізді. Кейде алғанына есеп етіп, жеңіл-желпі жұмыстарын да жасап тастайтынын жасырмады. Алайда, күнде келетін «тұтынушыларын» бір-екі күннен бері көрмеген.

Сарым Сырбазов Мантас жайлы сұрастырмас бұрын полиция бөліміне соғып, бейнекамералардың көрсетілімдерімен танысып шыққанды жөн санады. Жігітті қағатын күні, сол уақытта камерасы жоқ көшеге үш көлік кірген екен. Оның екеуінің көше бойымен өтіп шыққаны анық көрініп тұр. Біреуі – сол көше бойында қалған. Демек, сол жердегі үйлерде тұратын болар. Қалған екі көліктің біреуі – қонақ үйге барып, кері қайтқан. Екіншісі – бір үйдің ауласына кірген.

– Көлік иелерін анықтадыңдар ма, Байбек? – деп сұрады Сарым.

– Бірінші көліктің иесі – мектеп мұғалімі. Екіншісі мен үшіншісі – жеке кәсіпкерлер. Бәрінің аты-жөні, қайда тұратыны, сол көшеге қай уақытта кіргені мына қағазда жазылған.

– Жол-көлік оқиғасы болған камерасыз көшеде қалған көлік басқа жерден шығып кеткен жоқ па? Карта қайда? Әкелші бермен! Міне, мына көше ше? Екеуі жалғасып жатыр ғой.

– Ол көшенің шығар жерінде камера жоқ.

– Үшінші көлік сол күні басқа көшелерден көрінбеген бе? Барлық камераларды қарап, соны анықтаңдар! Үшінші шағынауданның учаскелік инспекторын маған шақырыңдар. Мантас деген кім екенін білуім керек. Камерадан мына көліктердің ол көшеге нешеде кіргені көрінгенімен, жігітті қайсысы қаққаны бізге белгісіз. Оқиға «Гүлдер» дүңгіршегінің дүкеншісі шыққаннан неше минут бұрын болғанын қайдан білеміз? Үш көлік те техникалық қызмет көрсету мен көлік жуу орындарына бармаған. Бірақ біреуі – қылмыскер.

Учаскелік инспектормен бірге келген Сарым Сырбазов Мантасты үйінен таппады. Көршілері, онымен араласатын бөтелкелестері кешеден бері көрмепті. Енді оның ойы соған ауды. Ол қайда кетуі мүмкін? Жігіттен тиын-тебен сұрап, екеуі керісіп қалған шығар? Содан кейін Мантас оны келе жатқан көліктің жолына итеріп жіберіп, бой тасалады ма? Әйтпесе гүл оның қолында қайдан жүр? Жоқ, итеріп жіберсе, көлік жүргізушісі оны ұстап немесе өзі кінәлі болмас үшін полицияға хабарлайтыны анық.

* * *

– Перизат! – деді Нәзипа бардағы үстелге тамақтануға жайғасқаннан кейін – Сен аршыған жұмыртқадай аппақ, қара көз, оймақ ерін, қыпша бел, сүмбі талдай майысқан, дауысы әдемі, күлкісі де әсем хас сұлудың өзісің. Нәп-нәзік болып, білдей бір фирманы басқарып отырсың. Көлікті де керемет жүргізесің. Былтыр сұлулар байқауында Гран-при алғаныңды естіп қуандым. Модель болып байып кетеді екен десем, фирмада қалыпсың. Қалай өзгермей, фигураңды сақтайсың? Соны маған да үйретші! Қазір мынадай доп-домалақпын, ертең күйеуге шыққанда қандай болатынымды көз алдыма елестетсем, жылағым келіп кетеді. Ерлер мен әйелдердің отбасы құрғаннан кейін толысып кететін әдеті емес пе? Екеуміз құрдас болғанымызбен, қатар жүрсек, сен 18 жастағы қыз мен мамаң сияқты көрінемін. Содан болар, маған ешкім қарамайтыны.

Мұны естіп, Перизат шын ниетімен мәз бола күлді.

– Сен де әдемісің ғой, Нәзипа! Әр әйел – өзінше сұлу. Қараторының өңдісісің. Мен соңғы кезде шығып жатқан жылдам дайындалатын, ішінде қоспасы көп тамақтарды жемеймін. Тамақты дәмді етіп өзім дайындаймын. Мүмкін, содан шығар. Әйтпесе фигурама қарап жатқаным жоқ. Жұмысбасты болып жүремін. Қарауымда адамдар бар, олардың да жайын ойлауым қажет. Таңертең кетемін, содан іңірде шаршап үйге жетемін. Үйленетін адам сенің фигураңа қарамайды ғой. Отызға жақындасам да, мен де бойдақ жүрмін.

– Перизат, сенің артыңнан жүгірушілер көп. Өзің ғой назар аудармайтын. Менің тек бет әлпетім ғана әдемі, ал денем мынау. Бізбен бірге оқыған Бисенді білесің ғой. Сол өткенде кездесіп қалғанда: «М-ә-ә, – деді маңырай күліп, – керемет болып кетіпсің! Жоғарыдан қарағанда точка, төменнен қарағанда бочка сияқтысың», – деп тұр. Ашуланып кеттім де: «Отызға дейін еркекке ақыл кірмесе – қасіреті, отызға дейін әйел көркін жоймаса – қасиеті» деген бар. Сен байғұс осылай ақымақ болып қала бересің ғой», – дедім.

– Бисен бұрыннан жұртты сыртынан кекетіп күліп, кербезсініп жүретін дарақы жігіт қой. Ол өзінен басқаны адамға санамайды. Мектепте жүргенде де, бәріміз бірігіп самса алғанда да ол бізге қосылмайтын. Өзі бөлек тамақтанатын. Әлі солай шығар. Оны бала кезінен солай тәрбиелеген болар. Кейде баласына қарап, ата-анасы қандай адам екенін ойлайсың. «Алма теректен алысқа түспейді». Бисеннің ақшасы болса да соңғы тиынымызды жинап, самсаны оған біз алып беретін едік.

– Құрбым, біраз әңгіме айттық. Енді сені не мазалап жүргенін жасырмай айт. Қанша жасырғаныңмен түріңнен байқадым ғой. Адамның бет әлпеті де ұстап береді. – Нәзипа күлді.

– Сен менің көңілімді біраз серпілтіп тастадың, Нәзипа! Бұрыннан осылай көңілді жүретін жансың. Өзіңнен жасырып қайтейін, жақында жол-көлік оқиғасына ұшырап қалдым…

– Не дейсің? Өзің амансың ба?

– Алаңдама, өзім аманмын! Әйтпесе алдыңда отырамын ба? Қатты келе жатып, бір жігітті қағып кеттім. Тәніме зақым келмегенімен, психологиялық соққы алдым. Содан бері ұйқым қашты.

– Қаққан адамың аман ба?

– Жаңа ауруханаға барып шықтым, аман! Дәрігер мүгедек болып қалатынын, арбаға таңылатынын айтты. Бұл да маған ауыр соққы болып тұр. Біреудің әп-әсем баласын мүгедек еттім. Енді оны емдетуді, аяғына тұрғызуды өз мойыныма аламын. Сүйген қызы да одан бас тартқанын естідім. Қағып қор қылғаннан кейін, тірідей өлтіргім келмейді.

– Шын сүйсе, бірге болады ғой ол шүйкебас! Емдетіп, аяғынан тұрғызамын деп қайтесің! Отбасына сұраған ақшасын бер де құтыл. Жол апаты қалай болғанын айтшы!

– Оны қиын жағдайда қалдыра алмаймын. Сөйтер болсам, қалай жер басып жүремін. Сол күні жұмыстан шығып, жоғары жылдамдықпен келе жаттым. Ол көше сырт жақта жатқандықтан жылдамдықты шектеу белгісі жоқ. Әрі кешкі жеті-сегіздер шамасында көп адамдар да жүрмейді ғой. Көшедегі аялдама көрінгенде мамам телефон соғып, неге кешігіп жатқанымды сұрады. Оған жауап беріп жатқанымда, алдыма біреу жүгіріп шықты. Байқаған бойда тежегішті бар күшіммен басып, рөлді бұрып кеп жібердім. Қорыққаннан не істеп, не қойғанымды білмей қалдым. Көлігім кілт тежеліп, шыр айналып, жігітті қағып, жолдың шетіне ұшырып жіберіп, бір жақ қырына аударыла жаздап түзелді. Тарс етіп жерге түсті. Жігітке не болғанына қарауға қорқып, жылаған күйі көлігімді жолға бағыттап алдым да жүре бердім.

– Неге сол жерде тоқтап, полицияға, жедел жәрдемге хабарламадың? Ол адамның өліп қалуы да мүмкін еді. Кісі қаққанынды біреу көрді ме?

– Айтып отырмын ғой, қорқып кеттім деп. Аялдамада бір қаңғыбас тұрды. Оны сол жерден өткен сайын талай рет көретінмін. Ол мас шығар, одан басқа мені ұстап беретін уақыты болды. Көлігімнің түсін, маркасын, нөмірін байқамаған ғой.

– Перизат, әлі де кеш емес. Кінәлі екеніңді айтып полицияға бар. Әдейі қаққан жоқсың, рөлде де саусың. Сенің арақ ішпейтініңді ел біледі. Полицияда отырғандар ақымақ емес. Олардың криминалистері дұрыстап кіріссе, куә жоқ болса да табады. Бір ілік болса жарап жатыр, ерте ме, кеш пе саған шығады. Бақылауға алады да, өмірінде сәл өзгеріс болса, бірден шақыртып, мойындатады. Қай жерде қағып жүрсің?

– «Гүлдер» дүңгіршегінің жанында. Соның арғы жағында азық-түлік дүкені, сосын, кафе-бар бар ғой. Есіңде ме? Бір рет қыздар болып сонда бардық.

– Иә, әлгі бар-жоғы төрт-бес жарығы бар ұзын көшенің арты ғой.

– Әлі солай, жартылай жарық болып тұрады. Өздігімнен полицияға бармаймын, Нәзипа! Шақыртып жатса көрермін. Менің түсінбей отырғаным, мен рөлді бұрып жібергенде, ол жігіттің көшенің келесі бетіне жүгіріп өтуіне мүмкіндік болды ғой. Неге олай етпеді? Сонда апатқа мен ұшырайтын едім, – Перизат жылап жіберді. Нәзипа ұшып тұрып, құрбысын құшақтап қоса жылады.

– Жігіт қорыққаннан тұрып қалған болар. Ондайда адам не істерін білмейді ғой, құрбым, – деді дауысы булыға шығып.

Барда тамақтанып отырғандар бір шеттегі бұлардың әңгімесін естімеген соң сағыныса көрісіп жатқан құрбылар екен деп ойлаған шығар ду қол соқты. Екеуі бірден естерін жиып, орындарынан тұрды.

* * *

– Сонымен, Мантас мырза! Екі күннен бері сені іздеп, таба алмай сабылып, темір етігіміз теңгедей, темір асамыз тебендей болып шапқылап жүрміз. Үйіңде, еш жерде жоқсың. Ал бүгін аяқастынан аялдамада қорылдап жатырсың, – деді Байбек төрде отырған Сарымға жымия қарап. Инспектор қарсы алдына жайғасқан, ол ішке кірген бойда үстінен шыққан сасық иіс қара күзде терезенің желдеткішін еріксіз ашқыздырған адам кейпіндегі пендеге сынай қарағандай көз тастап қалыпты.

– Мені де іздейтіндер бар екен-ау! – деді Мантас. – Менттерге не керегім болды екен?

– Біз де саған ұқсап, қыздарға алқызыл раушан гүлдер шоғын сыйлағымыз келген. Тек қымбат гүлді қайдан, қалай тегін алуға болатынын білмей, сенен сұрайық деп іздедік.

– Қуаңдаршы! Қайдағы гүл? Араққа ақшаны әрең тауып жүрген жоқпын ба?

– Жарайды, екі күн бойы қайда болдың? – деді аға лейтенант Сарым Сырбазов.

– Оның сендерге керегі қанша? Мен қылмыс жасадым ба? Аялдамада ұйықтауға болмайды деп қай жерде жазылған? Көрсетіңдерші! Шаршап отырған соң қалғып кеткен шығармын, – Мантас шамданып, дауысы қатқыл шықты.

– Сен өйтіп дауыс көтерме! Шаңыраққа қара! Қылмыс жасаған жоқсың, ол рас! Бірақ бізге керегің болмаса, сен аға лейтенанттың алдында отырмайсың ғой. – деді Байбек сөзге араласып. – Сұрақ қойылды ма, дұрыс жауап бер! Біз мұнда ойнап отырмыз ба?

– Не гүл-мүл дейсіңдер? Айықтырғышқа салып тастаңдаршы, демалып алайын. Екі күн емес, бір күн ғана мұнда болған жоқпын. Бір байшыкеш алдап әкетіп, малын тегін баққызғысы келді. Алайда, онысы іске аспай кетіп қалдым.

– Дүкеншілерге берген алқызыл раушан гүлдерді қайдан алғаның бізді қызықтырады. Сол себепті саған шығып отырмыз,– деді Сарым.

– Тауып алдым!

– Бір данасы мың теңге тұратын гүл аяқ астында жата ма? Не жасырып отырсың? Гүлдердің қылмысқа, жол-көлік апатына қатысы бар. Сол себепті сені іздедік.

– Жарайды, нәшәндік! Сен жеңдің! Қылмысты жасырып қалдың деп айыптайын деп отырсың ғой. Қағылған жігіт жүретін қызына: «Таңдағаның сол болса, енді мені көрмейсің!» – деп ашуланып, қолындағы гүлін жерге тастай салды. Тиын-тебен сұрайын дегем өрт сөндіргендей түрін көріп, бата алмадым. Содан кейін жолда қатты келе жатқан шетелдік ақ көлік көрінді. Жаңағы жігіт соны көрген бойда жолына жүгіріп шықты. Рөлдегі қыз тежегішті басқанымен, жігітке жетіп қалған соң көлігін бұрып жіберді. Ақ көлік сырғанақ тепкендей шыр айналып, жігітті қағып жолдың бергі шетіне ұшырып жіберді. Байқағаным, рөлде қыз бала екен. Көзін жұмып алыпты. Көлік бір жағына аударыла жаздап барып түзелді. Жүргізуші көлігін артқа беріп, бағытын туралап алды да кетіп қалды. Рөлдегі қыз ішінен түсіп, жігітті қараған жоқ.

– Жігіт сонда жолға өзі ұмтылды ма? Әлде екеуің керісіп қалып, сен оны келе жатқан көліктің жолына итеріп жібердің бе? – деді Байбек.

– Танымайтын жігітте не шаруам бар әрі алпасымдай жігіттің бір соққысынан қалмаймын ғой. Тіпті итеріп жіберсем де көлік оны айналып өтеді. Менің таңғалғаным, қыз рөлді бұрып, көлік шыр айналғанда, жігіттің жолдың екінші жағына жүгіріп өтуіне болатын еді. Өйтпеді. Ашуланып, өзін-өзі өлтіргісі келген сияқты. Қыз көп емес пе? Соған бола өмірін қия ма? Ақымақ екен!

Ол жерде хабарлайтын менде телефон жоқ. Сосын, гүлді алдым да арғы көшедегі дүкенге кеттім. Жігітке ол керек емес қой.

– Сүю, сезім дегенді сен білмейтін боларсың. Түсінікті, гүлді қалай алғаның белгілі болды. Боссың! Көліктің кімге тиесілі екенін біз білеміз. Байбек, енді ауруханаға барып, жігітпен сөйлесіп көрейік.

Инспекторлар орындарынан тұрып, сыртқа беттеді.

* * *

Сарым мен Байбек палатаға кіргенде, Бәкес ояу жатқан еді. Олардың қойған сұрақтарына жүзінде еш өзгеріс байқалмастан сабырлылықпен жауап қатты. Көңілді екені байқалды.

– Иә, ашу үстінде өзімді өлтірмекке бекінгенім рас. Ақымақтық жасадым. Бастапқыда гүлді алып барып, кешірім сұрағым келген. Телефонмен сөйлескенде сүйген қызым Таңғүлдің ашу шақырғаны, қызғаныштан онсыз да жұқарып жүрген жүйкемді одан сайын тоздырды. Содан болар, келе жатқан көліктің жолына жүгіріп шыққаным. Қаным басыма шауып, көзім ештеңе көрмей кетті. Себебі оны шексіз сүйемін! Қазір ойласам, жаным түршігеді. Қатты келе жатқан көлік тежегішін баспағанда, үстімнен өтіп кетуі де мүмкін еді. Перизаттың, жүргізуші қыздың алдында өміріммен қарыздармын. Ол жерде ештеңе ойламай, тек өлуге ғана бекіндім ғой. Қыз көлікті бұрып жіберіп, мені тірі қалдыру үшін өз өмірін қия жаздады. Басын қатерге тікті. Қатты келе жатып тежегішті басып, рөлді бірден бұрып жіберіп, қараңызшы! Аударылып өлетіні анық. Сол жерде ол өзін емес, менің өмірімді сақтап қалуды ғана ойлады.

– Өзіңді кім қаққанын қашан және қайдан білдің? – деді Сарым.

– Перизат есімді жиғаннан кейін палатаға келіп, менімен сөйлесті. Қымбат дәрілерді әкеліпті. Кешірім сұрады. Менің оған қояр талабым жоқ.

– Сол жерде сені «өлмесең өмірем қап» дегендей қалдырып, жедел жәрдемге де хабарламастан, алғашқы көмек көрсетпестен кетіп қалса да ма?

– Ол жерде оның өзіне көмек керек болған шығар деген ойдамын. Қыз бала ғой. Қатты келе жатқанда алдына біреу шығып тұра қалғанын және оны қағып түсіргенін көргенде не істерін білмей, психикалық соққы алған шығар. Сіздер мені кім қаққанын қайдан білдіңіздер?

– Табамыз ғой! Білгің келіп отырса, сатып алған алқызыл гүлдерің арқылы бір адамға шықтық. Қыздың кінәсі жоғын, сенің өміріңді сақтап қалуға тырысқанын естідік.

– Иә, ол гүлдерді тастай салып едім.

– Одан бұрын, камераларды қарап, картамен салыстырып, сол күні ол көшеге қандай көліктер кіргенін, уақытын анықтадық. Жеке кәсіпкер Перизат Албан – жақсы танымал тұлға, халыққа сыйлы жастардың бірі. Оның көлігін тастап жаяу жүргені де біздің назарымыздан тыс қалмады, – деді Байбек сөзге араласып.

– Менің сіздерден өтінішім, Перизатты жайына қалдырыңыздар! Бар кінәні өз мойыныма аламын. Қыз қашан аяғымнан тұрып кеткенше қамқорлығына алып, емдетемін деп отыр. Кінә менен екенін айтып бас тартып едім, көнбеді. Ол оған міндетті емес қой. Жақсы, білікті дәрігерлермен сөйлесіп те қойыпты. Бойыма ертеңіме деген сенім ұялатты. Бәрінен бұрын ол, Таңғүлмен сөйлесіп, оны шексіз сүйетінімді түсіндіріпті. Не айтқанын білмеймін, бірақ сүйгенім хабарласып, қателескені үшін кешірім сұрады.

Қос инспектор Бәкеспен біраз әңгімелесіп, ақыл-кеңесін айтып, қоштасты.

Бір жылдан соң жігіт таяқпен жүретін болып, тағы екі-үш айдан соң аяғына тұрды. Кешікпей Таңғүлмен қосылып, шаңырақ көтерді. Осының бәрін ұйымдастырып, олардың басы-қасында жігіттің ең жақын досына айналған Перизат жүрді. Бұл кезде оның өзі де өмірлік жартысын тапқан еді.

Қанат ҒҰМАРОВ
qazaqadebieti.kz. сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА

ЧТО ИЗМЕНИТСЯ В ЖИЗНИ КАЗАХСТАНЦЕВ С СЕНТЯБРЯ 2024 ГОДА

ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ПАРАГРАФ» ПОДГОТОВИЛА ИНФОРМАЦИЮ ОБ ИЗМЕНЕНИЯХ, ПРОИЗОШЕДШИХ В КАЗАХСТАНСКОМ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ С СЕНТЯБРЯ 2024 ГОДА, СООБЩАЕТ ZAKON.KZ.

Защита заемщиков

С 1 сентября банкам запрещается предоставлять займы гражданам при наличии информации об установлении ими добровольного отказа от получения банковского займа в его кредитном отчете, полученном банком, до принятия решения о предоставлении банковского займа.

Помимо этого, банкам запретили предоставлять займы гражданам без согласия супруга (супруги).

В случае выдачи банком займа при наличии информации об установлении клиентом — физическим лицом добровольного отказа от получения банковского займа в его кредитном отчете, а также без согласия супруга (супруги) банк, организация, осуществляющая отдельные виды банковских операций, не вправе требовать от физического лица исполнения обязательств по такому банковскому займу.

Запрет на предоставление банковского займа физическому лицу при наличии информации об установлении им добровольного отказа от получения банковского займа не распространяется на случаи выдачи банковского займа в целях погашения задолженности по банковскому займу физического лица или в рамках установленного кредитного лимита по платежной карте в размере, не превышающем 75 МРП (276 900 тенге в 2024 году).

Банк не позднее трех рабочих дней с даты выявления факта выдачи банковского займа при наличии информации об установлении физическим лицом добровольного отказа от получения банковского займа в его кредитном отчете, предусмотренной частью первой настоящего пункта, а также без согласия супруга (супруги) принимают следующие меры:

принимают решение о списании задолженности клиента по такому банковскому займу;

прекращают взыскание задолженности и претензионно-исковую работу по такому банковскому займу клиента;

вносят корректировки в кредитную историю клиента в кредитных бюро путем устранения записей об информации по такому банковскому займу;

осуществляют возврат клиенту ранее удержанных (уплаченных) сумм вознаграждения и (или) неустойки по такому банковскому займу.

Указом президента функция по определению порядка получения согласия супруга (супруги) на предоставление банковского займа или микрокредита физическому лицу, минимального размера банковского займа или микрокредита, по которому необходимо согласие супруга (супруги) на получение банковского займа или микрокредита физическому лицу возложена на Агентство РК по регулированию и развитию финансового рынка.

С 1 сентября вводятся в действие Правила получения согласия супруга (-и) на выдачу кредита.

Минимальный размер такого займа должен быть 1 тыс. МРП (3 млн 692 тыс. тенге в 2024 году).

Кредитор до предоставления клиенту кредита проверяет информацию о наличии зарегистрированного брака клиента через информационную систему уполномоченного государственного органа либо получает информацию от кредитных бюро.

Согласие оформляется в произвольной письменной форме на бумажном носителе либо в электронной форме и содержит следующие обязательные условия:

дату оформления согласия;

сведения о клиенте и его супруге: фамилию, имя, отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) и индивидуальный идентификационный номер;

сведения о кредите: сумма, срок, размер ставки вознаграждения (в годовых процентах либо в фиксированной сумме), размер ставки вознаграждения в достоверном, годовом, эффективном, сопоставимом исчислении.

Согласие оформляется в произвольной письменной форме на бумажном носителе в отделениях банка или филиале МФО, либо в электронной форме. В случае если супруг (супруга) заемщика является клиентом кредитора, то согласие можно будет оформить через мобильное приложение кредитора, в иных случаях — через веб-портал электронного правительства при условии прохождения биометрической идентификации супруга (супруги) клиента.

Получение кредитором согласия требуется на каждый кредит до предоставления такого кредита.

Образование

Министерство просвещения внесло изменения в типовые учебные программы по общеобразовательным предметам и курсам по выбору уровней начального, основного среднего и общего среднего образования.

В частности, добавлены Типовые учебные программы по учебному предмету «Английский язык», «Немецкий язык», «Французский язык» для 4 класса уровня начального образования.

Также внесены дополнения в Типовую учебную программу по предмету «Казахский язык» для 10−11 (12) классов общественно-гуманитарного направления уровня общего среднего образования (с казахским языком обучения) и др.

Кроме того, внесены поправки в типовые учебные планы начального, основного среднего, общего среднего образования РК.

Определены случаи, в которых допускается деление класса на группы.

Соответствующие изменения внесены в Государственный общеобязательный стандарт основного среднего образования.

Деление класса на две группы в организациях образования осуществляется в городских общеобразовательных организациях образования при наполнении классов в 24 и более обучающихся, в сельских — в 20 и более обучающихся:

казахскому языку и литературе — в классах с неказахским языком обучения; иностранному языку; технологии; информатике.

Деление класса на две группы допускается в городских общеобразовательных организациях образования при наполнении классов в 24 и более обучающихся, в сельских — в 20 и более обучающихся по русскому языку и литературе — в классах с нерусским языком обучения.

В организациях образования допускается деление класса на две группы по художественному труду независимо от наполняемости класса на мальчиков и девочек.

Изменены Критерии оценки и управления рисками за системой образования, в части дошкольного воспитания и обучения, начального, основного среднего, общего среднего, технического и профессионального, послесреднего, дополнительного образования и предоставления образовательно-оздоровительных услуг несовершеннолетним.

В частности, в документ добавлены три новых приложения:

Проверочный лист за системой образования в части предоставления образовательно-оздоровительных услуг несовершеннолетним.

Степени нарушений требований субъектов (объектов) контроля организаций образования, предоставляющие образовательно-оздоровительные услуги несовершеннолетним.

Перечень субъективных критериев для определения степени риска в отношении организаций образования, предоставляющих образовательно-оздоровительные услуги несовершеннолетним.

С 1 сентября повысятся стипендии студентам.

Для студентов колледжей стипендия повысится на 50% и составит по рабочим профессиям — 43 574 тенге, для специалистов среднего звена — 41 896 тенге.

Увеличение стипендии студентов бакалавриата составит 20% до 47 135 тенге, а обучающихся на педагогических и медицинских направлениях — до 75 600 тенге.

Обучающимся в интернатуре стипендия будет выплачиваться в размере 85 376 тенге, а в резидентуре — 123 122 тенге.

Магистрантам и докторантам стипендию увеличат на 15%: 107 061 тенге и 240 000 тенге соответственно.

Игорный бизнес

С 9 сентября запрещено распространять лотерейные билеты и устанавливать лотерейные терминалы в:

многоквартирных жилых домах, общежитиях; организациях образования и в радиусе 100 метров от них; организациях здравоохранения и в радиусе 100 метров от них; культовых зданиях (сооружениях); отдельно стоящих зданиях и сооружениях, в которых расположены организации культуры.

При этом распространение лотерейных билетов осуществляется через:

лотерейные терминалы; нестационарные торговые объекты; отделения почтовой связи Национального оператора почты; отделения оператора лотереи (лотерейный центр).

Транспорт, электромобили

С 18 сентября вводятся в действие поправки по вопросам транспорта и развития инфраструктуры для электромобилей.

Вводятся новые понятия «электромобиль» и «электрозарядная станция». Электромобили следует обеспечить специально отведёнными местами для стоянки и парковки, а их собственников освободить от оплаты за парковочные места.

Электрозарядные станции отнесены к объектам придорожного сервиса. Для них оснастят отдельные места при проектировании дорог, а также зарезервируют территории в проекте детальной планировки в жилой и общественной зонах, а также на особо охраняемых природных территориях в местах, имеющих доступ к электросетям.

При этом компетенцией по принятию решения о размещении электрозарядных станций наделены акиматы. Им переданы функции по организации и оборудованию стоянок такси с электрозарядными станциями в аэропортах, на вокзалах и других социальных и культурно-досуговых объектах.

Также вводятся поправки в КОАП по вопросам развития инфраструктуры для электромобилей.

За самовольное подключение электрозарядных станций к электросетям будут наказывать.

Законом вводится административная ответственность за нарушение правил остановки или стоянки транспортных средств в местах, оборудованных электрозарядными станциями.

В частности, запрещается парковка водителям автомобилей, не оснащенных электродвигателями.

Также вводится ответственности за самовольное подключение к электрическим сетям в виде штрафа от 50 до 500 МРП.

Бейсенбі - Четверг, 12 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.05,04.40 «Жәдігер»
06.30, 14.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ
07.00 «TANSHOLPAN».
10.00 V ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДА РЫ
12.10, 02.50 «Тату-тәтті»
14.15, 01.25 «Қос палата»
14.35,04.15 «Ақсауыт»
15.00, 21.25 Т/х
16.00, 17.10 Т/х «ЗАМАНДА-СТАР».
18.00 Т/х «ЗЕЙНЕП»
19.00 Т/х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ»
20.30 «АШЫҚ АЛАҢ»
22.15 Т/х «ӨГЕЙ ӨМІР»
23.10 «1001 ТҮН».
00.40 «Ашық алаң».
01.25 «Сана»
04.10 «Ауылдастар»

ХАБАР

05:00 Детектив әже
07.00 Оян!
10:00 Культурный контекс
10.30 м/ф
11.15, 22.45 Келінжан
12.15, 20.00 Фатмагүл
15.00 Т/с
15.30 Күнделік
16.00, 23.30 Т/с
18.30 Новости
19.00 Талқы
19.30 Жаңалықтар

АСТАНА

06.00 Т/х
06.50 жұрттың балалары
07.10 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 түрік т/х
10.20 Т/с
11.40Күлпәштің хикаялары
12.30 Зың-зың Күлпәш
14. 35 Т/с
18.15, 00,20 Т/с
19.20 т/х
20.00 Астанатаймс
21.55 Т/с
23.25 «Тақ тартысы»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.40 «Паутина»
07.00 т/х
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10:10 Жить здорово
10.05 «Давай поженимся!»
12.00 Т/с
14.00 Новости
14.15 Жаңалықтар
14.30 Қослайк
18.30, 03.15 Басты жаңалықтар
19.30 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Фильм
01.00 Ночной кинотеатр
02:00 новости
02.05 жаңалықтар
02.25 т/х

КТК

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «НАМЫС»
09.40 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
10.20 БЫЛО ДЕЛО»
11.20 «ШЕФ. НОВАЯ ЖИЗНЬ».
13.20 «НАПЕРЕКОР СУДЬБЕ»
15.20 «ӨКІНБЕ СЕН»
17.20 «БЕССМЕРТНИК»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «НАПЕРЕКОР СУДЬ- БЕ»
23.40 «ШЕФ. НОВАЯ ЖИЗНЬ»
01.40 «БЕССМЕРТНИК»
03.50 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»
(қайталау)
04.35 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
05.00 «НАМЫС», өзбек Т/хсы (қайта пау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісуоблысы)
11.00 «Келіпкөр»
11.15 «Домбыра»
12.00 «19 аймақ»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Мақсатына жеткендер»
13.30 «Шаңырақ»/ тікелей эфир
14.20 «Әсемәуен»
14.30 «Агро аймақ»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсемәуен»
17.00 «Дала үні»
17.50 «Ұстаз»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Шыңырауданшыңға»
19.30 «Ащы да болса...»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Біз жанбасақ»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 Информбюро (рус., каз.)
08.00 TikTok show
08.30 МультТ/с «Маша и медведь»
09.30 «ӘМІРШІ ӘЙЕЛ. Т/хсы
11.00 «ҚЫЗЫЛ ШЕРБЕТ» Т/хсы
12.00 М/с «Маша и медведь»
12.30 Х/ф « ЧАРЛИ» (повтор)
15.10 Х/ф «ЗАЛОЖНИЦА-3» (dersou)
17.40 Х/ф «ЛЕГИОНЕР
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 Фильм
23.00 Т/с «КЛЮКВЕННЫЙ ЩЕРБЕТ»
00.00 «ӘМІРШІ ӘЙЕЛ» Т/хсы
01.20 «31 езіп»
02.30 Time Vine
03.00 Tik Tok show
03.20 What's up?
04.00 Әзіл студио
04.20 1001 әзіл
04.30 BALA BATILLE
05.00 What's up?
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі
06.45, 23.40 Т/х «АЛДАНҒАН АРМАН-2»
07.45 Кухня «Великолепного Века»
08.00, 18.00 Т/х«АБЫСЫНДАР-2»
10.00, 20.00 Т/с «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК.
11.00, 21.50 Т/с «ЧЕЛНОЧНИЦЫ»
13.00 Т/с
17.00 Т/х «ҒАЛАМАТ ҒАСЫР. ХЮРРЕМ»
21.00 Т/с «ЭРТУГРУЛ»
00.30 «Тойlike»
01.30 Т/х «ӘКЕ МЕН ӘКЕ»
02.30 «Жеңіл көр»
04.00 «Япырай»
04.50 «Құтты қонақ» Бағдарлама
05.52 Үзіліс

Жұма - Пятница, 13 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.05,04.55«Жәдігер»
06.30,10.00,14.00,20.00,23.30Ақ парат
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 18.00 Т/х «Зейнеп»
12.00,03.00 «Тату-тәтті»
14.15 «Сен қасымда болмасаң...»
15.15 «Бірегей»
16.00 «V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының жабылу салтанаты»
20.30 «Ашық алаң»
21.25 «Жақсылық жаса»
22.35 «Өгей өмір»
00.00 «Парасат майданы»
00.30 «Ашық алаң»
01.15 «Бірегей»
01.55 «Сана»
04.25 «Ауылдастар»

ХАБАР

05.00«Детектив әже»
07.00 «Оян!»
10.00 «Көзқарас»
10.25 «Артур и Минипуты»
12.00 «Келінжан»
13.00,20.00«Фатмагүл»
15.00,22.00 «Күзде келген көктем»
16.00 «V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының жабылу салтанаты»
18.30Новости
19.00 «Талқы»
19.30 Жаңалықтар
23.00 «Между нами горы»

АСТАНА

06.00 «Қорғаушы ханым»
06.50 «Жұрттың балалары»
07.10 М/ф «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Алпарслан»
10.20«Склифосовский-7»
11.35«Қоғам назарында»
13.55 «Прямая связь»
14.10 «Серебрянный бор»
18.15,00.20 «Дурная кровь»
19.20 «Жүрек үні»
20.00 «Astanatimes»
21.55 «Адасқан сезім»
23.25 «Тақ тартысы»

ЕВРАЗИЯ

06.00«П@утина»
07.00 «Свет и тень»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Жить здорово»
11.05 «Давай поженимся!»
12.00 «Короткое слово нет»
14. 00 «Новости»
14.15 «Жаңалықтар»
14.30 «QOSLIKE»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 « KOREMIZ»
20.00 «Главные новости»
20.30 «Парламент онлайн»
20.55«Поле чудес»
22.10 «Синдром жертвы»
02.00 «Новости»
02.15«Жаңалықтар»
02.30«Вечность»
03.20«Басты жаңалықтар»
03.45«П@утина»

КТК

07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 «Намыс»
09.40 Вечерние новости»
10.20 Было дело»
11.20 «Шеф. Новая жизнь»
13.20 «Наперекор судьбе»
15.20 «Өкінбе сен»
17.20 «Биссмертник»
19.30 «Кешкі жаңалықтар»
20.00 «Дау-дамайсыз»
21.00 «Вечерние новости»
21.40 «Кукловод»
01.40 «Бессмертник»
03.50 «Дау-дамайсыз»
04.35 «Кешкі жаңалықтар»
05.00 «Намыс»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісуоблысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісуоблысы)
11.00 «Біжжанбасақ»
11.40 «Домбыра»
12.00 «19 регион»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Шыңыраудан шыңға»
13.30 «Дала үні»
14.10 «Әсем әуен»
14.30 «Ащы да болса...»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсемәуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.50 «Жетісу жауһарлары»
18.00 «Иман нұры»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Әсем әуен»
19.30 «Абадан»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Менің балалық шағым»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 «Информбюро»
08.00 TikTok show
08.30 «Маша и медведь»
09.00 «Гудбай, мой бай-2»
11.00 «Қызыл шербек»
12.00 «Маша и медведь»
12.50 «Двойной удар»
15.30 «Легионер»
17.40 «Я – четвертый»
20.00 «Информбюро»
21.00 «Хищники»
23.20 «Клюквеннный щеребет»
01.20 «31 әзіл»
02.30Time Vine
03.00 TikTok show
03.20 What 's up?
04.00 Әзіл студио
04.20 1001 Әзіл
04.30 «BALLA BATLLE»
05.00 What's up?
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 «Q –елі»
06.45,23.40«Алданған арман-2»
07.45 Кухня «Великолепного Века»
08.00,18.00 «Абысындар-2»
10.00,20.00 «Великолелный век, Хюррем»
11.00 «Челночницы»
13.00 «Пока станица спит»
17.00 «Ғаламат ғасыр. Хюррем»
21.00 «Эртугурул»
21.50 «Челночницы-2»
00.30 «Той like»
01.30 «Әке мен әке»
02.30 «Жеңіп көр»
04.00 «Япырай»
04.50 «Құтты қоңақ»
05.52 Үзіліс

Сенбі - Суббота, 14 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.05,04.30 «Жәдігер»
06.30, 17.00, 00.50Ақпарат
07.00, 03.30 «Ауылдастар»
07.35,02.50 «Зинһар»
08.20 «Шаңырақ»
08.55 «Әндер мен жылдар»
10.00, 18.00 Т/х «Зейнеп»
11.00,19.00 «Қол созған үміт»
12.00 «Теледәрігер»
13.00 «Дара бала»
14.00 «Ән дәурен»
15.55 «Джунгли кітабы-2»
17.20 «Қос палата»
17.40 «Әлем және біз»
20.00 «Жұлдызды жұп»
22.15 «Өгей өмір»
23.10 «Жар-жар»
01.10 «Қос палата»
01.30 «Әлем және біз»
01.50 «Теледәрігер»
04.00 «Шаңырақ»

ХАБАР

05.00 «Mandai ter»
06.15 «Асыл қазына»
07.30 «Жүректегі көктем»
09.30 «Өз елім»
10.00 «Гарфилд»
11.10 «Артур и Минипуты»
12.00 «Между нами горы»
14.00,23.45 «Келінжан»
16.00 «Күзде келген көктем»
17.45 «Асыл домбыра»
19.00 «Cover show»
21.00 «7-күн»
21.45 «Левша»

АСТАНА

06.00 «Қорғаушы ханым»
06.50 «Жұрттың балалары»
07.00 М/ф «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Алпарслан»
10.15 «Болмыс»
11.00 «Жігіттің сабаздары»
15.35 «Кровь Ангела»
20.00 «Sarap Times»
21.55 «Адасқан сезім»
23.45 «Жүрек үні»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «ТАМАША CITY»
06.50 «П@утина»
07.45 «Она же грейс»
09.00 «Аймақ»
09.40 «Гражданка катерина»
13.45 «Бойся желаний своих»
18.00 «Марафон»
20.05 «Возвращение к себе»
00.10 «Другое имя»
02.15 «Вечность»
03.45 «П@утина»

КТК

07.05 «Мерекелік концерт»
08.00«Қиын шақ»
09.00Вечерние новости
09.35«Было дело»
10.35 «Кукловод»
14.40 «Гүлім»
16.40 «Періштедей пәк»
18.40 «Шаншар»
21.00 «Тайфун»
01.30 «Было дело»
03.10 «Гүлім»
05.10«Қиын шақ»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Менің балалық шағым»
11.40 «Домбыра»
12.00 «Иман нұры»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 М/ф «Отырарды қорғау»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Абадан»
15.00 «Аман болайық»
15.50 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»
17.40 «Мен сені іздеймін»
18.00 «Жарқыра»
18.45 «Әсемәуен»
19.00 «Ұлтұяты»
19.45 «Меніңанам»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 М/с «Маша и медведь»
08.30 Ризамын
09.00 Time Vine
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Алдараспан»
11.00 «Сана»
12.20 «Келин особого назначения»
14.30 «Я - четвертый»
17.00 «Вотьт»
19.00 «Мулан»
21.30 «Пираты Карибского моря, проклятие черной жемчужины»
00.30 «Хитмэн.Агент 47»
01.30 «Біздің шоу»
02.50 «31 әзіл»
03.40 Time Vine
04.10 TikTok show
04.40 Әзіл студио
05.00 1001 Әзіл
05.10BALA BATTLE
05.30 What's up?

7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
07.15Жұлдызды шаңырақта
07.45 Кухня «Великолепного века»
08.00,18.00 «Абысындар-2»
10.00,20.00 «Великолепный век. Хюррем»
11.00 «Шоу про любовь»
15.00 «Өнер қырандарының мерекелік кеші»
16.30 «Сөздің қысқасы. Ардақ Қасымханмен»
17.00«Ғаламат ғасыр. Хюррем»
21.00 «Эртугрул»
22.50 «Әйгерім Сейфолланың сырласуы»
23.50 Әзіл әлемі
01.40 «Бастық боламын»
02.50 Қызықты Weekend
03.35 «Жеңіп көр»
04.35 «Құтты қоңыс»
05.47 Үзіліс

Жексенбі - Воскресенье, 15 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.05«Жәдігер»
06.30 «Шаңырақ»
07.00 «Ауылдастар»
07.35,02.30«Дәуір даналары»
08.20 «Сағындырған әндер-ай!»
09.35 «Ақсауыт»
10.00,18.00 «Зейнеп»
11.00,19.00 «Қол созған Үміт»
12.00 «Жұлдызды жұп»
14.15 «Джунгли кітабы-2»
15.50 Айгүл Иманбаеваның концерті
17.30 «Ансаған сәби»
20.00 «Апта»
20.50 «Ақорда»
21.00 «Көңіл толқыны»
22.25 «Өгей өмір»
23.20 «Жар-жар»
00.25 «Апта»
01.15«Ақорда»
01.30«Атамекен»
02.00 «Аңсаған сәби»
03.15 «Күміс көмей»
04.00«Ақсауыт»

ХАБАР

05.00«Mandai ter»
06.00 Кәсіпқой бокс
10.00 «Левша»
12.00 «Стражи времени»
13.30 М/ф «Артур и Минипуты»
14.00 «Cover show»
16.00 «Күзде келген көктем»
19.00 «Qunar +»
19.30 «Қызық таймыс»
21.00 «7 күн»
21.45 «Вечность между нами»
23.45 «Алғашқы»

АСТАНА

06.00 «Қорғаушы ханым»
06.50 «Жұрттың балалары»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Алпарслан»
10.00 «Если бы»
13.00 «Алдараспан»
16.00 «Прозрение»
21.55 «Адасқан сезім»
23.45 «Жігіттің сабаздары»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «ТАМАША CITY»
06.40«П@утина»
07.25 «Она же грейс»
08.25«Воскерсные беседы»
09.00 «Повара на колесах»
10.00 «Дом,Который»
14.05 «Мама моей дочери»
18.10 «Королева»
20.00 «Аналитика»
20.45 «Любовь без памяти»
00.55 «Две звезды.Отцы и дети»
02.40 «Вечность»
03.30 «П@утина»
04.15 ҰШҚАЛАҚ

КТК

07.05 «Мерекелік концерт»
08.00 «Шаншар»
10.30«Юморина»
13.00 «Тайфун»
17.00 «Ауырмайды жүрек»
20.00«Кел, Шырқайық!»
21.00 «Иірім»
22.00 «Портрет недели»
23.00 «Из Замкнутого круга»
03.00 «Періштедей пәк»
04.15 «Кел, шырқайық!»
05.00 «Ауырмайды жүрек»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Апта /қаз/
10.00 Апта /рус/
11.00 «Домбыра»
12.00 «Жарқыра»
12.45 «Әсем әуен»
13.00 «Ұлтұяты»
13.40 «Шашу»
14.20 «Менің анам»
15.00 «Шаңырақ»
15.50 «Әсемәуен»
16.20 «Мақсатына жеткендер»
17.00 «Шашу»
17.40 «Алтын балық»
18.00 «Единый народ»
18.30 «Барыңды бағала»
19.00 «Өзекжарды»
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 «Әсем әуен»
21.30 «Біздің өңір»
22.00 «Шіркін-ай»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 «Маша и медведь»
08.00 Ризамын
08.30 «Tik-Tok» шоу
09.00 Time Vine
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Телебинго»
10.25 «Сана»
11.45 «Келин особого назначения»
14.00 «Вольт»
16.10 «МУЛАН»
18.50 «Пираты Карибского моря, проклятие Черной жемчужины»
21.50 «Бегущий в лабиринте»
00.50 «Семейные страсти»
02.10 «31 әзіл»
02.30 Time Vine
03.00 TikTok шоу
03.30 1001 Әзіл
03.40 BALA BATTLE
04.00 What's up?
04.30 Әзіл студио
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
06.25,02.50 Қызықты Weekend
07.25 Кухня «Великолепного Века»
07.30, 18.00 «Абысындар-2»
09.30 «Здоровье с Айнур Тажиной»
10.00, 20.00 «Великолепный век. Хюррем»
11.00 «Почти семейный детектив»
15.00 «Алдараспан»
16.30 «Что это было?»
17.00 «Ғаламат ғасыр.Хюррем»
19.00 «Жетінші студия Нартай Аралбайұлы»
21.00 «Эртугрул»
22.50 Динара Сатжан
23.50 Әзіл әлемі
01.40 «Бастық боламын»
03.35 «Жеңіп көр»
04.35 «Құтты қонақ»
05.47 Үзіліс

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ТОЗҒАН ТЕХНИКА,

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ АГРАРЛЫҚ САЛА БОЛҒАНДЫҚТАН НЕГІЗІ БАҒЫТ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕДІ. ЗАМАННЫҢ АҒЫМЫНА ЖӘНЕ НАРЫҚ ЖҮЙЕСІНЕ ОРАЙ «ЕКІ ТІЗГІН БІР ШЫЛБЫРДЫ ТЕҢ ҰСТАП ӨНІМ ӨНДІРЕТІН КӘСІПОРЫНДАР ДА БАРШЫЛЫҚ.

Жер еміп, төрт түлік өсіріп отырған шаруалар үшін «бас ауыртып балтыр сыздататын» мәселенің бірі жаңа техникамен, жер су және жанармай мәселесі толғақты болып тұр. Жылмажыл егістік көлемі ұлғайғанымен оны игеретін заманауи техника қажет. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ауыл шаруашылығы техникаларын уақытылы жаңартып тұруды тапсырып, көктемгі егіс науқанына және күзгі жиын-терімге жеңілдікпен берілетін несиені 1,5 трлн. теңгеге дейін арттыру керектігін, айтты.

«Инвестициялық жобаларға бөлінетін жеңілдетілген несиені 800 млрд. теңгеге жеткізу қажет. Жеңілдікпен лизинг беруге жыл сайын кемінде 450 млрд. теңге бөлінуге тиіс. Сонда әр жыл сайын ауылшаруашылығы техникасының 10 пайызы жаңарады», – деді Президант.

Алайда, Мемлекет басшысының бұл тапсырмасы жергілікті жерде баяу жүріп жатқанын байқауға болады. Өңірлерге шығып, кез келген диқандармен сөйлесе қалсаң, су және техника, жанармай мәселесін көлденең тартады. Жаңасын алуға қаражаты жетпей, қол байлаулы деседі. Ірі корпорациялар болмаса шағын серіктестіктердің қожалары көктемде егін егерде және орақ науқаны басталғанда ескі техникаларға арқа сүйеп жүргендерін де тілге тиек етеді.

«КазАгроҚаржы» АҚ арқылы алтыжеті пайызға техниканы жеңілдікпен алады, ал оны он жылға дейін төлеу де оңай емес. Өнім бірде мол, бірде аз береді. Оған жұмсалатын түрлі химиялық өнімдер әрі уақытылы суғару да үлкен жұмыс. Су тапшылығы да барын айтады шаруалар. Мәселен, былтыр Панфилов ауданының диқандары жүгерілерін өткізе алмай әлекке түсті. Мол өнім ысырап болды. Ауыл шаруашылығы техникаларының

58 пайыздан астамы ескірген. Тозған техникаларға қарап қалған шаруалар жиын-терін кезінде қиналатындарын айтуда. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасынан алынған ақпарат бойынша шаруалар қолында 22 мыңға жуық түрлі техника бар екен. Оның 10 жылға дейінгісі – 9, 4 бірлік, 10 жылдан жоғарғысы – 13 бірлік. Осы тозған техникаларды жыл басынан бері жаңарту бойынша он миллиард теңгеге 727 бірлік техника алынған. Қант өнімін өндірушілерге арналған 8 даярлау пункті ашылып, 2 миллард теңгеге 62 техника алынған. Технозорлар аудандарды аралап, 676 ескірген техниканы есептен шығарған. Жалпы жыл сайын 3 мыңға жуық ескі техника есептен шығарылса, шаруалар заманауи техникаға қол жеткізу мақсатында «КазАгроҚаржы» АҚ арқылы алты пайызбен техника алады екен. Ескіқұсқы техникасын жамап-құрап егіс алқабында жүрген шаруалардың жыл басынан бері 3000 ескі техникасы есептен шығарылған болса, 727 бірлік жаңа техникаға қаншасы қол жеткізгені бізге беймәлім. Үлкен қожалықтардан қалған ескі техникамен әупірімдеп күн көріп жүрген орта шаруалардың қолы жаңа техникаларға жетсе, құба-құп. Орта шаруалар мемлекетке иек артуда, мемлекет те түрлі жеңілдіктерді ұсынып келеді.

Жетісулық диқаншылардың көңілін көтеріп тұрған бір өнім – қант қызылшасы еді. Ауыл шаруашылығы басқармасының № 006 бюджеттік бағдарламасы бойынша тоннасы 25 мың теңгеге бағаланған. Құжат электронды жүйеде қабылданады. Ал өңдеуші кәсіпорын тоннасын 15000 теңгеден қабылдап жатқанын айтады ауыл шаруашылығы басқармасын-дағылар. Тәтті түбір еккендер пайдаға кенелеміз деп, егістік алқаптарын ұлғайтып, енді тәтті түбір жиналар кезде жанар-жағар май мәселесі туындапты.

«Мұнымен қай жыртығымызды жамаймыз. Мол өнім аламыз деп үміттеніп отырғанда жиын-терін уақытылы аяқталмай, өнім далада қала ма деп алаңдаймыз», – дейді жетісулық шаруалар 31 телеарна журналистеріне берген сұхбатта.

Александр Квитко: «Биыл 62 гектар жерге қант қызылшасын ектім. Ерте көктемнен бергі есіл еңбектің өнімін 20 күннен кейін жинап алуым керек. Алайда, жанармайдан таршылық көріп тұрмын, Үкімет бөлген арзандатылған дизель отыны алқаптың жиырма пайызына ғана жетеді. Қандай ғылыми кеңес ол, бізге 30 литр жанар-жағармайды санап берген. Сіздер түсінесіздер ме, біз қант қызылшасын 80 пайызын жинай алмай қалуымыз мүмкін. Сол маман менің шаруашылығыма келсінші, мен оған 30 емес, 50 литр құйып берейін, қызылшаны жарты гектардан да жинай алмайды. Күзгі жиын-терімге бағамен берілетін сұйық отынның көлемі қысқарған. Министрлік биыл тәтті түбірдің әр гектарына 30 литрден ғана дизель бөліпті. Шаруалар бұл тым аз деп отыр».

Ғазиз Жеткеев: «Қылшаны алқаптан қазып алып зауытқа жеткізгенге дейін тағы да жанармай кетеді. Ол әрқалай, зауыттын қашықтығына байланысты. Сондықтан, менің ойым, науқан кезінде жанар-жағармайды дұрыстап есептеп, жеткілікті бөлу керек».

Ал минстрлік ауыл шаруашылықтарына берілетін дизелдің бағасы қайта қарастырылып жатқанын жеткізді. Қазір дизель жанар-жағармайы қымбат, литрі 295 теңгенің төңірегінде болып тұр. Егер шаруаларға науқан кезінде егінді жинап алуға жанармай толықтай жетпесе, есіл еңбектері еш кеткелі тұр. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының берген мәліметі бойынша биыл Жетісуда 510,1 гектарға егістік, 13,7га қант қызылшасы, 41,1га жүгері, 88,5 майлы дақылдар, 294,2 га дәнді-дақылдар, 98,1 га азықтық дәнді-дақылдар егілгенін айтуда. Ауылшаруашылық саласында Жетісу облысы республикалық деңгейде төмен көрсеткіш көрсетпеген. 519 мың гектар егіс алқабынан 1,9 млн. тонна өнім жинап, 880 мың тонна дәнді-дақыл қамбаға құйылған. Бұдан да жоғарғы көрсеткіштерге жетуге жетісулық шаруалардың мүмкіндігі бар. Жоспарланған меже бойынша 2025 жылы 1 миллион тоннаға жеткізуді алдағы жылға мақсат етіп қойып отыр. Алайда, жоспарлап айту бар да оны жүзеге асыру үшін заманауи техникалар қажет. Шаруалардың екі қолын төртеу ететін де осы тегеурінді техникалар. Сонау кеңес одағының кезінде қант қызылшасымен жүгеріден рекордтық көрсеткіш көрсеткен бұрынғы (Талдықорған) жаңа атау алған Жетісу облысы осы айтулы екі өнімнен нарық дәуірінде кем өнім алып отырған жоқ. Әттең-ай дейтін тұстары техникалары ескірген әрі қызылша өнімінің бағасы шаруаларға оңай болғанымен жүгері өсірушілер үшін өкінішті болып тұр. Жаркенттік диқаншыларға қатысты сәл кейінірек тоқталамыз. Күзгі жиын-терінге жанармай жетпейді деп ақпарат құралдарына жүгінген жетісулық шаруалар өткен жылы қант қызылшасының орташа шығымы 433 центнерден өнім алған болатын. Биыл меже өнімінің шығымына қарап былтырғыдан жоғары болмаса төмен болмайды деп болжануда. Қызылша өсіруде өткен жылы Ақсу, Алакөл аудандарында өнімділік төмен нәтиже көрсеткен. Мұның түп төркіні айналып келгенде техникаларға тірелуде. Заман үлгісіне сай жаңа техникалармен уақытылы қамтылса, төмен нәтиже де болмайды. МТС-ларды жаңарту мақсатында 11 млрд. теңгеге 650 бірлік техника сатып алынған. Соның өзінде Ескелді, Қаратал, Кербұлақ секілді бірқатар ауданның техниканы жаңарту деңгейі облыстық көрсеткіштен төмен. Ауыл шаруашылығын өркендету мақсатында сервистік дайындау орталықтарының аясын кеңейту жұмыстарын жандандыру қолға алынуда. Бұл сервистік құру жұмысы биыл да жалғасатынын облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдәулет Кененбаев айтқан болатын. Тәтті түбір егістігі былтыр 2 есе ұлғайтылып, 8,7 мың гектарға балтамыр егілген. Биыл ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемі 7 мың гектарға артып 524,8 мың гектарды құраған. Егер шаруалар дабыл қаққандай жанар-жағармайдан таршылық көрмесе, Жетісу облысы қызылшадан мол өнім аламыз деп айтуда. Өйткені биылғы шыққан өнімнің күтіп-бапталуы көңіл қуантып тұр. Басты мәселе техника болған соң шаруа қожалықтарына қарай ойыссақ. Мүмкіндік болса шаруа қожалықтары өздеріндегі ескірген техникаларды есептен шығарып тұруы керек. Алайда, қолдарының қысқалығынан әрі қаражат жетіспеушілігінен жарамсыз техниканы жамап-жасқап ілдалдап күн көріп отырған шаруашылықтар бар. Ауыл шаруашылығы басқармасынан алынған ақпаратқа сәйкес, биыл қызылша бағытына сегіз сервистік дайындау оралығы құрылыпты.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы берген мәлімет бойынша, былтыр тауар өндірушілер жалпы құны 10,7 млрд. теңгеге 536 бірлік жаңа техника сатып алған. Оның ішінде «ҚазАгро Қаржы» АҚ арқылы 3,6 млрд. теңгеге 204 бірлік, Аграрлық несие корпорациясының «ҚазАгробизнес» лизингтік бағдарламасы арқылы 1,9 млрд. теңгеге 133 бірлік, «BNK Irrigation» лизинг компаниясы арқылы 0,2 млрд. теңгеге 23 бірлік техника алынған. Жылма-жыл жаңа техникалар алынып жатыр десек те Текелі қаласы мен Ескелді, Қаратал, Кербұлақ, Сарқан аудандарында ауыл шаруашылығы техникасының 77 пайызы ескірген. Сонда бұл аудандар мол өнімді қайтып алмақ. Жиын-терін кезінде көрші аудандардан шаруалары бір-бірінен жылу сұрап жүреді. Мәселен, былтыр ақсулық шаруа иелері Сарқан ауданының техникасына жүгінген. Алакөл ауданына қарасты Көлбай ауылының әкімі Ержан Шәкеров былтырдан бастап қызылша егуді түпкілікті қолға алғандарын айтуда.

Кеңестік дәуірде қызылша кеңшары болып тәтті түбір өсірудің қыр-қырын жетік білетін көнекөздердің ақылына жүгініп отырғандарын айтқан ауыл әкімі техниканың жоқтығынан кеңге көсіле

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ЖЫРЫ БІТПЕГЕН – ЖАНАРМАЙ

алмай отырғанын да тілге тиек етті.

Көлбайлық шаруалар былтыр науқан кезінде Сарқан ауданының техникасын жалдапты. «Жоқ жомарттың қолын байлапты» демекші, өздерінде науқан жүріп жатқандықтан техниканы күтуге мәжбүр болған. Бұл, бірішіден, уақыттан ұтылады, екіншіден, ауа райының құбылуына алып келеді. Көлбайлық шаруалар былтыр техниканың жоқтығынан науқанды дер кезінде бастай алмай, Сарқан ауданынан техника алғанша тәтті түбірлері жауын-шашынға ұрынып, ауа райының ашылуын күтіп уақыт жоғалтқан.

Тәуелсіздік алғаныымызға 34 жыл болса да ауыл шаруалары әлі күнге дейін кеңестік техникаларды кәдеге жаратып жүргендерін айтуда. Демек бұл ауыл шаруашылығындағы толғақты әрі түйткілді мәселе болып тұр.

«Жауырды жабы тоқып, жаңа техникалармен қамтылып жатырмыз десекте, ауылдардағы ұсақ және орта шаруалардың жаңа техникаларға қолы



әлі толықтай жетпей жатқанын Көлбай ауылының шаруаларынан көруге болады. Оны ауыл әкімі Ежан Шәкеровтың өзі де ашық айтып отыр.

«Ұсақ шаруалар әбден тозығы жеткен ескі техникалармен күнелтуде. «Нива», «Енисей» комбайндарын әрі кетсе 2-3 маусымға қолданатын, ал «К-700» тракторын 6-7 жылда жаңартып отыратын еді. Сол техникалар әлі егін басында жүр. Тіпті тұқым себетін агрегаттардың сыны кеткен. Бір басы тұқымды 7-8 см сіңірсе, бір жағы 4-5 см тастайды. Содан өнім біркелкі өнбейді. Топырақ тереңге түскен тұқымды шірітіп жіберуі мүмкін», – дейді агроном Асыл Айдаров.

Өткен жылы Жетісу жеріне 650 бірлік жаңа техника алынған. Жылмажыл ауылшаруашылық техникаларын жаңартып жатқаны айтылуда. Алайда, есептен шықпай егістік басында жүргенінен тұрғаны көп ескі техникалар мен орта және ұсақ шаруалар ұзаққа бара алмасы айдан-анық. Бір сөзбен айтқанда Жетісу облысының ауыл шаруашылығы ескі техникалардан толық арылмай, ауыл шаруашылығы алдыға қарыштап кете алмайды. Енді мақалаға арқау болған Панфилов ауданының диқаншыларына ойыссақ. Панфилов ауданының жүгері егушілері былтыр шеккен жападан кейін биыл жүгері егістігін 3000 гектарға дейін кемітіп жіберген. Бұл мәселе Парламент мәжілісіне дейін көтеріліп, ешқандай шешімін таппады. Себеп, былтыр жүгері өнімінің бағасы әу баста 75-80 теңгеге бағаланып, соңында 55 теңгеге дейін құлдыраған. Бағаны қоятын монополистер «Жаркент Крахмал» сірне зауытына жаркенттік шаруалардың өкпесі қара қазандай. «Қайдан құлақ шығарса, қазаншының өз еркі» дегендей, жергілікті зауытқа сенген жаркенттік диқаншылар алданып сан соғып қалғандарын айтуда. Биылғы жылы ауданда 44181 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Басым дақылдар 23918 гектар. Оның ішінде: жүгері – 23400 га (2023 жылы 26 708 га егілген, 3308 га кем), 2024 жүгері дақылдарының кем егілу себебі былтырғы жылы өнім жинау уақытында өткізу бағасының төмен болуы және алушылар болмағандықтан көптеген шаруа қожалығы жүгері егуден бас тартқан. Ауданда тамыз айының 28-30 аралығында жүгері жинау науқаны басталады. Жүгері дақылының жақсы өсуіне байланысты мол өнім жинау жоспарлануда. Алайда, шаруалармен жергілікті «Жаркент Крахмал» сірне зауытымен жүгері бағасы әлі шешілмеген. Жаркенттік диқаншылардың көңілін алаңдатып отырған да осы жүгері бағасы. Ерте көктемнен тер төгіп, жер жыртып, жүгері егіп, күтіп баптап, ала жаздай бел жазбаған диқандар былтырғыдай тағы шығынға батамыз ба деген қорқыныштары барын айтуда.

Биыл Панфилов ауданы ағымдағы жылдың сегіз айында ауыл шаруашылығына тиесілі 56 бірлік жаңа

техниканы 501 миллион теңгеге сатып алған. Оның ішінде 31 бірлігі 336 миллион теңгеге «КазАгроҚаржы» арқылы лизинге алынса, 25 бірлігі 165 миллион теңгеге шаруашылықтардың жеке қаражатына сатып алынған. База бойынша ауданда 975 бірлік техника болса, оның 442-бірлігі 90-жылдардан бергі техникалар. Осы техникалардың 98 бірлігі есептен шығарылған. Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Қонақбаев Ермек Қуанышұлының айтуынша орта және ұсақ шаруаларда «КазАгро бинес» арқылы жеті пайызбен лизингке техника сатып алынған. Ауыл шаруашылық техникаларының көбі ескірген Кербұлақ ауданында ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқабы 113 835,3 гектарды құрайды. Бұның 27 111 гектарына күздік бидай және 70 665,4 гектарға жаздық дәнді дақылдар себілген. (Соның ішінде: 65 814,4 гектар жаздық арпа, 4212 гектар жаздық бидай, 40 гектар сұлы, 492 гектар дәндік жүгері, 107 гектар қарақұмық). Бүгінгі күнге 45 986 гектар астық шабылып, 88 390,5 тонна өнім алынған. Орташа өнімділігі 19 ц/га айналуда. 3420 гектар майлы дақылдың (мақсаты) 100 гектары шабылып, орташа өнімділігі 20 ц/га, 200 тонна өнім жиналған. Сондай-ақ, 957 гектарға картоп, 3528,4 гектарға майлы дақылдар, (оның 3420 гектар мақсары 108,4 гектары зығыр), 303,4 гектарға бақшалық дақылдар себіліп, 877 гектар алқапқа қант қызылшасы себілген. Жанар-жағармай бойынша күзгі жиынтерін жұмыстарына аудан бойынша 117 шаруа қожалығы 1413 тоннаға өтінім берген. Бағасы 250 теңге/литр. Бүгінгі күнге «GASSOIL» операторына 844,5 тонна жанар-жағармайға келісімшарт жасалынып, 243,6 тоннасы алынған. База бойынша ауданда барлығы 5413 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы бар: оның 1649 бірлігі трактор, 307-сі комбайн, 3457-і бірлігі басқа техника. 2024 жылы машина-трактор паркін жаңарту бойынша жыл басынан бері 543 млн. 961 мың 800 теңгеге 66 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынса, оның ішінде 43 бірілігі 859 млн. 700 мың теңгеге «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы, 7 бірлік 42 млн. 900 мың теңгеге «Аграрлық несие корпорациясы арқылы, 1 бірлік 9 млн. 700 мың. теңгеге басқалай лизинг компаниясы және 15 бірлік 569 млн. 002 мың теңгеге шаруалар өз қаражаттарына сатып алған. Ескірген техниканы есептен шығару жұмыстарына қатысты бүгінгі күнге 122 трактор, 31 комбайн жарамсыз болуына байланысты есептен шығарылған. Жалпы Жетісу облысы бойынша ауыл шаруашылығындағы техникаларды жаңартуда сегіз аудан екі қаланы қосқанда Панфилов ауданы көш бастап тұр. Жаңа техникаларға кеңінен қол жеткізіп жатқанда ірі агрокорпорациялар, ал ұсақ шаруалар жаңа техникаларға толықтай қол жеткізе қоймағанын есептен шығарылып жатқан ескі техникалардың тізімінен көруге болады. Тіпті 90-жылдардағы техникалар енді ғана есептен шығарылып жатыр. Қаратал ауданында 1221 ауыл шаруашылық тауар өндірушілері бар, оның 592-і егін шаруашылығымен, 380-і мал шаруашылығымен, 249-ы аралас шаруашылықтары және 18 жауапкершілігі шектеулі серіктестік.

Аудан бойынша 589 млн. 964 мың теңгеге 48 ауыл шаруашылық техникасы сатып алынып, соның ішінде 446 млн. 960 мың теңгеге 32 техниканы «КазАгроҚаржы» алса, 142 млн. 994 мың теңгенің техникасын шаруалар өз қаражаттарына алса, 1 техника «КомТрансЛизинг» арқылы алынған. СПК Жетісудан қант қызылшасына 10 техника 355 млн. теңге алынса., 11 трактор, 8 комбайн есептен шығарылған. Аудан бойынша техникалардың саны 1558 бірлік. Оның ішінде тракторлар – 944 бірлік. Комбайн – 85 бірлік, сепкіш – 93 бірлік, 436 басқа техника. Сонымен қатар, 6 сервистік дайындау орталығында 4 қант қызылшасына, 1 егін мен қылшаға, 1 бірлік күріш техникалары бар. Сатып алынған 112 техника 1 миллирд 100 миллион теңге. Аудан бойынша техникалардың жаңару деңгейі – 4,2 пайызды құрайды.

Айтақын МҰХАМАДИ
Суреттер ғаламтордан алынды.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОБРАЗОВАНИЕ

СКОЛЬКО ДОЛЖЕН ВЕСИТЬ ШКОЛЬНЫЙ ПОРТФЕЛЬ

СКОЛЬКО ДОЛЖЕН ВЕСИТЬ ШКОЛЬНЫЙ ПОРТФЕЛЬ, РАССКАЗАЛИ В МИНЗДРАВЕ. МИНЗДРАВ И НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР ОБЩЕСТВЕННОГО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ ОБРАТИЛИСЬ К РОДИТЕЛЯМ ШКОЛЬНИКОВ С РЕКОМЕНДАЦИЯМИ О ТОМ, КАК СОХРАНИТЬ И УКРЕПИТЬ ЗДОРОВЬЕ ДЕТЕЙ В ТЕЧЕНИЕ УЧЕБНОГО ГОДА, СООБЩАЕТ ZAKON.KZ.

Врачи напомнили, что в сентябре около 4 млн учащихся вновь сядут за парты, и взрослым важно помочь детям адаптироваться к новому распорядку и сосредоточиться на учебе.

«Современные вызовы, такие как малоподвижный образ жизни и злоупотребление гаджетами, негативно влияют на здоровье детей, вызывая ухудшение зрения, проблемы с осанкой и концентрацией, а также нарушения сна. Важно помнить, что у многих школьников уже есть хронические заболевания, повышенный вес и даже ожирение», — добавили в Минздраве.

Врачи советуют казахстанским родителям составить правильный распорядок дня. Домашние задания следует выполнять не более 1,5−2 часов для младших классов и 3−4 часов для старших, делая перерывы каждые 40 минут. Достаточный сон также важен: 10−11 часов для детей 7−10 лет, 9−10 часов для детей 11−14 лет и 8−9 часов для подростков 15−17 лет.

«Исключите из рациона вредные продукты и следите за витаминами. Питание школьников должно быть регулярным, четырехразовым, а для первоклассников и спортсменов — пятиразовым. Следует ограничить потребление газированных напитков, фаст-фуда и снэков, которые увеличивают риск ожирения и других заболеваний», — поясняют врачи.

Рабочее место школьника должно быть хорошо освещено естественным светом и дополнено искусственным освещением. Мебель нужно подбирать по росту ребенка, и она должна быть оснащена системой регулировки высоты. Врачи подчеркивают, что правильная посадка помогает избежать проблем с осанкой.

Школьная форма должна быть из натуральных тканей, удобной и безопасной для здоровья. Обувь нужно выбирать так, чтобы она не деформировала стопы и обеспечивала правильное кровоснабжение.

Школьный ранец или рюкзак должны равномерно распределять нагрузку и иметь светоотражающие элементы. Их вес не должен превышать 700 грамм для младших и 1000 грамм для старших классов.

«Учитывая негативное влияние гаджетов на зрение и концентрацию внимания, рекомендуется сократить время использования смартфонов и других устройств», — отметили в Минздраве.

Непрерывная длительность компьютерных занятий по санитарным правилам не может превышать в течение учебного часа (45 минут):

в предшкольных, дошкольных группах (классах) и 1 классах — 15 минут; во 2−3 классах — 20 минут; в 4−8 классах — 25 минут; в 9−11 (12) классах — 30 минут. «Поддержание личной гигиены и чистоты окружающего пространства необходимо для предотвращения заболеваний. Снабдите детей карманными антисептиками, ими можно обрабатывать не только руки, но и часто контактирующие предметы — смартфоны, ручки портфелей. Регулярное мытье рук и вакцинация, особенно от гриппа, помогут защитить ребенка в сезон простуд», — напоминают врачи.

31 августа 2024 года в пресс-службе правительства Казахстана рассказали о том, как начнется новый учебный год в стране. 1 сентября за школьные парты сядут более 3,9 млн детей, из которых 352 тыс. — первоклассники.

ЗАКОН

УБИЙСТВО ИЗ КОРЫСТНЫХ ПОБУЖДЕНИЙ

Убийство, совершенное из корыстных побуждений, а равно по найму либо сопряженное с разбоем или вымогательством квалифицируется пунктом 8 части 2 ст.99 Уголовного кодекса Республики Казахстан (далее – УК). При рассматриваемом виде убийства виновный действует с прямым умыслом на убийство определенного лица. Отношение виновного к причинению смерти или вреда здоровью других лиц выражается в форме косвенного умысла. Корыстные побуждения характеризуются стремлением к незаконному обогащению за счет нарушения чужих прав и интересов. Убийство, совершенное с целью получения материальной выгоды для себя или других лиц (имущественных прав, права на жилище, получение вознаграждения от третьих лиц и т.п.) либо в целях избавления от материальных затрат (возврата имущества, долга, оплаты услуг, выплаты алиментов, выполнения материальных обязательств и платежей и т.п.) подлежит квалификации по п. 8 ч. 2 ст. 99 УК РК как совершенное из корыстных побуждений.

Убийство по найму — сравнительно новый вид убийства для казахстанского уголовного права. Раннее такие действия квалифицировались либо как убийство из корыстных побуждений, либо как «простое» убийство. В настоящее время это касается «заказных» убийств. Хотя в определенной степени это усложненный вид корыстного убийства — виновный соглашается за определенное вознаграждение, получаемое от «заказчика» лишить жизни другого человека.

Действия лица, совершившего убийство за вознаграждение, следует также квалифицировать по п. 8 ч. 2 ст. 99 УК РК как убийство по найму, а действия лица, организовавшего это убийство или склонившего исполнителя к совершению убийства за вознаграждение, по ч. 3 или 4 ст. 28 и п. 8ч. 2 ст. 99 УК РК.

В случаях, когда заказчик вместе с киллером совершает убийство потерпевшего, совершенное им деяние дополнительно следует квалифицировать по п.7 ч.2 ст.99 УК РК как убийство группой лиц по предварительному сговору.

Если корысть не была мотивом умышленного убийства, то действия виновного, связанные с завладением имущества потерпевшего после убийства, следует квалифицировать по статьям УК, предусматривающим ответственность за преступления против чужой собственности, а убийство — по ч. 1 или по соответствующему пункту ч. 2 ст. 99 УК РК в зависимости от наличия квалифицирующих признаков.

Айгуль КАСЕНОВА,
судья СМУС
Алматинской области.

ЦИФРОВИЗАЦИЯ

ПРЕИМУЩЕСТВА СИСТЕМЫ АВФ ОЧЕВИДНЫ

Преимущества системы аудио, видеофиксация судебных процессов очевидны. Во-первых, аудио, видеофиксация (далее - АВФ) судебных процессов в реальном времени дисциплинирует всех участников: судью, гособвинителей, адвокатов, а также стороны. Во-вторых, при возникновении спорных моментов, не разрешенных в ходе процесса и вызвавших неудовлетворенность, обе стороны могут обратиться к электронной записи, чтобы убедиться в своей правоте или неправоте. В-третьих, система АВФ служит своего рода страховкой для судей и других лиц, осуществляющих свои служебные полномочия на процессе, в случае преднамеренного оговора или похожих ситуаций. И, наконец, фиксация судебного процесса минимизирует непроцессуальные контакты, а это одна из мер антикоррупционной политики судебной системы.

Участники заседания посредствам онлайн-сервиса «Судебный кабинет» могут скачивать записи АВФ. Оперативно просмотреть ход судебного разбирательства можно и по мобильной версии данного сервиса.Также участники судебных заседаний посредством централизованной системы хранения данных смогут воспользоваться возможностью просмотра в режиме реального времени записей судебных заседаний, зайдя в «Судебный кабинет».

Проведение дистанционных судебных заседаний посредством видеоконференц-связи со следственными изоляторами, исправительными, медицинскими учреждениями позволяет рассматривать уголовные дела без этапирования подсудимых, находящихся в следственных изоляторах и местах лишения свободы. Новации позволят экономить бюджетные средства и исключать непредвиденные риски.

Внедрение АВФ судебных процессов – наглядный результат отвечающего вызовам времени правосудия, основанного на верховенстве закона. Мобильного, прозрачного, доступного. Одним словом, внедрение АВФ упростит процесс отправления правосудия, позволит оптимизировать и автоматизировать судопроизводство и экономить бюджетные средства. Будут исключены территориальные и организационные барьеры в отправлении правосудия, соответственно, повысится и международный рейтинг республики.

Айнур СЕИЛЬХАНОВА,
главный специалист Талдыкорганского городского суда.

СОЦИАЛЬНЫЕ ВЫПЛАТЫ

ДЛЯ КАКИХ КАТЕГОРИЙ ГРАЖДАН УВЕЛИЧАТ СОЦИАЛЬНЫЕ ВЫПЛАТЫ

СОЦИАЛЬНЫЕ ВЫПЛАТЫ ПО СЛУЧАЯМ УТРАТЫ ТРУДОСПОСОБНОСТИ И ПОТЕРИ КОРМИЛЬЦА УВЕЛИЧАТ В КАЗАХСТАНЕ С НАЧАЛА СЛЕДУЮЩЕГО ГОДА. ПОСТАНОВЛЕНИЕ ОБ ЭТОМ ВЫНЕСЛО НА ПУБЛИЧНОЕ ОБСУЖДЕНИЕ МИНИСТЕРСТВО ТРУДА И СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ НАСЕЛЕНИЯ, ПЕРЕДАЕТ ЦЕНТР ДЕЛОВОЙ ИНФОРМАЦИИ KAPITAL.KZ.

На портале «Открытые НПА» ведомством размещено постановление «О повышении размеров социальных выплат из Государственного фонда социального страхования с 1 января 2025 года».

«В соответствии с подпунктом 2) статьи 11 Социального кодекса Республики Казахстан Правительство Республики Казахстан ПОСТАНОВЛЯЕТ: 1. С 1 января 2025 года произвести повышение размеров социальных выплат из Государственного фонда социального страхования по случаям утраты трудоспособности и потери кормильца, назначенных до 1 января 2025 года, на 6,5 процента от размера получаемых социальных выплат», — говорится в документе.

Как указывается, оно будет введено в действие со дня его первого официального опубликования, но не ранее 1 января 2025 года.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫ

«ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАРАФОН-БӘЙГЕСІ БАСТАЛДЫ

5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары басталды. Бастау алған Халықаралық «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесі 3-7 қыркүйек аралығында Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданындағы Ботай мәдениетінің кіндігі болған мекеннен елордасы Астанада мәресіне жетеді.

Дүбірлі додада қазақстандық 9 командадан бөлек, Түркия, Венгрия, Оңтүстік Африка Республикасы, Иран, Қырғызстан, Ресей (Қабардин-Балқар, Татарстан, Қарашай-Черкесс Республикасы, Башқортостан) командаларының шабондаздары бақ сынайтын болады.

Айта кетер болсақ, Қазақстаннан Адай, Әулиеата, Найман, Жетісу арғымағы, Қостанай, Көшім жылқыларын ауыздықтаған командалар жолға шықты.

Жорыққа қатысатын командалар арасында жүйріктерді тізгіндеген 22 қыз бала бар.

Қазақстаннан 2 қыздар командасы Маңғыстау мен Ақмола облыстарынан жасақталып отыр.

Ал Оңтүстік Африка Республикасынан қатысатын 5 адамның төртеуі қыз.

Қабардин-Балқар Республикасы командасының төрт шабандозы да бұрымдылар болып отыр.

Сондай-ақ, Қарашай-Черкесс командасының үшеуі қыздар екені белгілі болды.

Жалпы, марафон-бәйгеге алдын ала мәлімет бойынша, 20 команда қатысуы тиіс еді. Бірақ жарыс жолына 17 команда шықты.

– Біз осындай ерекше әрі ауқымды істі бастап, оған қолдау көрсеткен ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлына алғыс айтамыз. Дүбірлі дода еліміздің мәдениеті мен дәстүрін әлемге танытары сөзсіз. Мұндай жобаға әлем елдерінен келіп ат қосып отырғаны ерекше әсер беруде. Бұл Отандық туризмнің дамуына үлкен серпін берері сөзсіз, – деді «AMANAT» партиясының хатшысы Ержан Жылқыбаев.

Сонымен қатар, Ержан Жылқыбаев «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Жақанұлының арнайы құттықтау сөзін, ыстық ықыласын жеткізді.

АЛҒАШҚЫ 100 ШАҚЫРЫМДА ҚЫРҒЫЗ КОМАНДАСЫ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

Ботай қонысынан таңғы сағат 07:00-де аттанған «Ұлы дала жорығына» қатысушы командалар алғашқы 100 шақырымды сәтті еңсерді.

Шабандоздар мәрені Ақмола облысы Сандықтау ауданына қарасты Лесное ауылында аяқтап отыр. Әзірге шалдыққан ат байқалмайды.

Алғашқы үштікте 1-болып жеткен қырғыз командасы болса, 2-болып Алматы командасы жетті. Ал 3-болып көмбеге Қарашай командасы жетті. Қарашайлықтар мәреден бесінші болып өткенін ескерсек, әзірге бұл үлкен жетістік болып тұр.

Бір айта кетерлігі, төрешілер алдағы жолдың ауыр боларын және аттар мен шабандоздар үшін ауа райының жаңбырлы болып тұрғаны жолды біршама қиындатып отырғанын айтады.

Дегенмен, аттар да, шабандоздар да тың көрінеді.

Мәре сызығынан бірінші болып өткен қырғыз командасының шабандозы Мәденов Азамат алда әлі 400 шақырым жол бар, мұны ескеріп келеміз дейді.

«Дегенмен, өзге командалар да осал емес. Мен өзім осы жорыққа Айсары атты жүйрігіммен екінші рет қатысып отырмын. Бүгінгі жетістік өзім үшін үлкен қуаныш болды. Атымыз әлі тың. Алдағы жолды кеспейін, бірақ сәтті болады деп ойлаймын», – дейді қырғыз шабандозы Азамат Меденов.

Мұнда мәре сызығынан өткен сәйгүліктердің денсаулығы мен жағдайын жіті бақылау да маңызды. Әзірге аттар аман, – дейді ветеринар Ержан Есенеев.

«Біз барлық атты көмбеге аман-сау жеткізсек деп ойлаймыз. Мақсат сол. Енді қазіргі 100 шақырымдық жағдайда бәрі жақсы деп айтсам болады. Біз мәреден өткен аттардың дереу тыныс алуын тексереміз. Сосын жүрегі мен қан айналымын саралаймыз. Аттың аяқ алысын да назардан шығармау керек. Осы алғашқы бақылаудан өткен ат келесі жолға дайындалады. Ал аттың денсаулығы сыр берген жағдайда осындағы барша ветеринар тобы ақыл қосып шешім қабылдауға тура келеді», – дейді ветеринар Ержан Есенеев.

Қазір атбелгілер, шабандоздар және ұйымдастырушылар мен БАҚ өкілдері түгелдей кешкі астарын ішіп, арнайы әзірленген автобустарда түнеп, таңғы жетіде жолға шығады. Ал бәйге аттарының түнеу орындары да арнайы әзірліктен өткен. Түн салқын болатындықтан, атбегілер сәйгүліктерге жабу жауып, тер қатып қалмаудың жай-жапсарын қарастыру үстінде.

Бердібек ХАБАЙ

ЕРКІН КҮРЕС

ӘЙГІЛІ БАЛУАН ФРАНК ЧАМИСО ҚАЗАҚСТАНҒА КЕЛЕДІ

ЖАНКҮЙЕРЛЕРГЕ ӘЛЕМДІК КҮРЕСТЕГІ ЕҢ МЫҚТЫ БАЛУАНДАРДЫҢ БІРІН КӨЗБЕН КӨРІП, КҮРЕСІН ТАМАШАЛАУ ҮШІН АТАЛҒАН ЖАРЫС ҮЛКЕН МҮМКІНДІК БОЛМАҚ.

Тараз қаласында еркін күрестен дәстүрлі Wrestling Stars халықаралық турнирі өтеді. Жыл сайын жанкүйер назарына тартысты белдесулер ұсынатын додаға биыл әйгілі балуан Франк Чамисо да қатысады, – деп хабарлайды Aikyn.kz Sportbugin.kz-ке сілтеме жасап.

Wrestling Stars турнирі осымен үшінші рет өткелі отыр. Аталған дода еркін күрестегі беделді балуандардың басын қосып, күрес түрлерінің еліміздегі насихатын арттыруға бағытталған.

Алғаш рет балуандар бәсекесі Ақтөбеде ұйымдастырылса, кейін Астана қабылдады. Биыл дәстүрлі жарыс талай балуанның тұсауын кескен киелі Тараз қаласында ұйымдастырылмақ.

Wrestling Stars додасында еркін күрестен бірнеше салмақ бойынша балуандар чемпиондық белбеуге таласады. Әсіресе, еркін күрестегі ең беделді салмақтардың бірі саналатын 74 келідегі белдесулер аса тартысты болмақ. Себебі бұл салмақта екі дүркін әлем чемпионы, төрт дүркін Еуропа чемпионы, әлем кубогінің иегері және Рио Олимпиадасының жүлдегері, италиялық Франк Чамисо бақ сынайды. Жанкүйерлерге әлемдік күрестегі ең мықты балуандардың бірін көзбен көріп, күресін тамашалау үшін аталған жарыс үлкен мүмкіндік болмақ.

Сондай-ақ, Азия чемпионы Санжар Досжанов, Азия және Еуропа чемпионы, Еуропа ойындарының жүлдегері Ильяс Бекболатов (Өзбекстан), 23 жасқа дейінгі спортшылар арасындағы әлем чемпионы, Азия чемпионы Ұлықбек Жолдошбеков (Қырғызстан), ел чемпионы Мейіржан Әшіров сынды балуандар жарыс көрігін қыздырады.

Турнирді ұйымдастырушылардың айтуынша, жарысқа қатысатын атақты балуандар тізімі әлі толығады. Бейресми мәлімет бойынша, әлем чемпионы Ризабек Айтмұхан да жарысқа қатысуы мүмкін. Сондай-ақ, Рио Олимпиадасының жеңімпазы, үш дүркін әлем чемпионы Кайл Снайдермен де келіссөздер жүргізіліп жатыр.



Жарысты ұйымдастырушылар қатарында Жамбыл облыстық спорт басқармасының басшысы Ернар Ибраимов, Лондон Олимпиадасының қола жүлдегері Ақжүрек Таңатаров және Қазақстан күрес федерациясының вице-президенті Дәурен Жабасовтар бар.

Материалдар aikyn.kz. сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ДЕНСАУЛЫҚ

КҮНДЕ ТАҢЕРТЕҢ САЛҚЫН ДУШҚА ТҮССЕҢІЗ, АҒЗАДА ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС БОЛАДЫ?

Душқа түсу кезінде ыстық су мен суық суды кезектестіру – қан айналымды жақсартудың қарапайым әдісі. Суық су қанды органдарға белсендірек келуге мәжбүрлеп, оларды жылытуға тырысады. Оған қоса, салқындау – ағза үшін адреналин шығуына әкелетін күйзеліс.

Жылы су бұл әсерді өзгертеді: қан тері бетіне құйылады. Осылайша, жүрек пен қан тамырларды қатайтатын «гимнастика» болады. Алайда, жүрек-қан тамырлар аурулары бар адамдарға салқын душқа түсуге болмайды.

Жаттығудан кейін бұлшықеттер қалпына келеді

Суық су қалпына келтіруші қасиетке ие. Сол үшін де соғып алған немесе көгерген жерге мұз басады. Жаттығудан кейін бұлшықеттерде микрозақымдар пайда болады. Суық су қосымша оттек құйылуын қамтамасыз етеді, қанайналымды жақсартады және қабынуды басады. Бұлшықеттер босаңсиды және жылдам қалыпқа келеді.

Күйзелісті түсіруге және депрессияның алдын алуға көмектеседі

Салқын судың астында ең болмағанда 5-6 секунд тұрсаңыз, көңіл-күйіңіз жақсарғанын байқайсыз. Сергек бола түсесіз. Ал күнде салқын душқа түссеңіз, жүйке-жүйесі біртіндеп күйзеліске үйреніп, қиын жағдайда оған қарсы тұрады.

Арықтауға ықпал етеді

Салқын душқа түскенде ағза жылу ауысуға жауап беретін қоңыр майды белсенді жаға бастайды, нәтижесінде көбірек калория жұмсалады. Артық салмақпен байланысты ақ майдың қоры да азаяды: ол энергия жағатын қоңыр майға айналады. Сондай-ақ, салқын су зат алмасуды жылдамдатады. Алайда, тек салқын душқа түсіп арықтай алмайсыз. Сондай-ақ, дұрыс тамақтану және физикалық белсенді болу маңызды.

Тері жағдайын жақсартады

Суық су қан тамырлар мен тері тесіктерін тарылтуға көмектеседі, ісінуді және қызарғанды басады. Әдетте терісі құрғақ адамдардың ыстық душтан соң терісі қышиды. Мұндай жағдай орын алмас үшін су температурасын барынша түсіріп, содан соң ылғалдандырушы крем жағу керек.

Иммунитет күшейеді

Салқын душ иммунитетті күшейтіп, ағзаны түрлі аурулардан қорғайды. Салқын душ бойға қан жүгіртіп, ағзаны жаттықтырады. Сол арқылы ағза бойдағы бактерия мен вирусқа қарсы тұра алады.

Ескерту: *Салқын суға түсуді бастамас бұрын дәрігерге қаралып, қарсы көрсетілім жоқ екеніне көз жеткізген дұрыс. Сондай-ақ, аз уақыттан бастап, оны біртіндеп көтеріңіз. Бірден салқын судың астында ұзақ тұрмаңыз.*

ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН

ЖҮРЕГІ АУЫРАТЫНДАР ЖЕУ КЕРЕК ТӘТТІ ӨНІМ

ДӘРІГЕРЛЕР ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ ҮШІН МӘЗІРГЕ ҚОСУ КЕРЕК ТӘТТІЛЕР БАР ЕКЕНІН АЙТАДЫ. МЫСАЛЫ, КЕПТІРІЛГЕН ӨРІК.

Кептірілген өрік - жүрегі ауыратын адамдар үшін керемет өнім. Оның құрамында миокарданың жиырылушы қызметі үшін маңызды калий көп. 100 г өнімде калийдің тәуліктік нормасының 60-70% бар.

Кептірілген өрікте А дәрумені мен бета-каротин көп. Бұл антиоксиданттар ағзаны қорғайды және көруді жақсартады. Оған қоса, жаңа піскен өрікке қарағанда кептірілген өрікте бета-каротин мен А дәрумені 3 есе көп.

Сондай-ақ, кептірілген өрікте кремний мен никотин қышқылы көп. Бұл қосылыстар жүйке жүйесі үшін маңызды.

Кептірілген өріктің тағы бір артықшылығы - құрамында тағамдық талшықтардың көп болуы. Олар асқазан-ішек жолыңыздың тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тағамдық талшықтар қандағы холестерин мен қант деңгейін түсіруге және қысымды дәрісіз қалыпқа келтіруге көмектеседі.

Алайда, кептірілген өрік калориялы өнім: 100 г өнімде 250 калория бар. Сондықтан артық салмақтан арылғыңыз келсе, күніне 50-70 г кептірілген жемістен артық жемеген жөн.

Материалдар massaget.kz. сайтынан алынды.

ӨНЕР

«МЕЙІРІМ» шығармашылық орталығының талантты балалары

Бекнұр БЕЙБІТ

Аяжан ЕСІМХАН

Алима МОЛДАШ

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Зарина БЫЖЫБЕК – тілші
Айнұр ӘБДІРАХЫМ – корректор

Кезекші редактор: З.БЫЖЫБЕК

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 979
Индекс 15534